Базовые принципы учитывают особенности системно-дидактического обеспечения в условиях модернизации высшей школы, среди которых необходимо выделить следующие: цели и содержание дидактического обеспечения конкретной учебной дисциплины разрабатываются на основе модели деятельности специалиста, включающей основные функции, задачи, проблемы, объекты будущей специальности; структура и функции реальной предметной деятельности, выраженные в модели специалиста, задают системообразующий контекст содержанию дидактического обеспечения не только отдельных учебных дисциплин, но и подготовки специалиста в целом; ориентация всех образовательных процедур на гарантированное достижение учебных целей, полное решение поставленных дидактических задач; оценка итоговых результатов обучения, интерактивная связь в системе «преподаватель–студент» осуществляются как с позиций совокупности приобретенных знаний, умений и навыков по решению конкретных профессиональных задач, так и с позиций изменения личностного опыта относительно модели деятельности специалиста.

В условиях информатизации общества наиболее целесообразным является поэтапное внедрение на основе электронных информационно-образовательных технологий традиционных, современных и инновационных средств (В.В. Краевский, А.В. Хуторской); познавательно-деятельностных (М.Н. Скаткин, И.Я. Лернер и др.), практико-ориентированных (А.А. Вербицкий, В.А. Трайнев, М.А. Чошанов и др.) и контрольно-

оценочных методов; индивидуальной, групповой, коллективной и фронтальной (В.В. Гузеев, В.А. Ситаров и др.) организационных форм обучения, входящих в структуру системно-дидактического обеспечения образовательного процесса в вузе. Решение, связанное с оптимизацией структуры системно-дидактического обеспечения, основано на применении всего комплекса методов, средств, организационных форм и технологий обучения, разумном сочетании традиционного и инновационного, реализуемого на основе поликомпонентного подхода к выбору отдельных компонентов. В этом аспекте структура системно-дидактического обеспечения образовательного процесса по своей сути представляет систему открытого типа.

Таким образом, теоретический и научный анализ проблемы исследования показывает, что одним из важнейших условий повышения эффективности подготовки квалифицированных кадров в условиях информационного общества является системно-дидактическое обеспечение образовательного процесса, реализуемого на основе электронных информационно-образовательных технологий.

Список используемой литературы:

1. Гершунский Б.С. Философия образования для 21 века, Академкнига, 2001.

2. Концепция информации и развития системы образования Республики Казахстан на рубеже веков. Республиканский научно-методический центр новых технологий в образовании - Алматы, 1997. - 42с.

3. Информатизация системы образования Республики Казахстан: история и современность, общественное признание / Под редакцией Нургалиевой Г.К., Алматы, РЦИО, 2006. – 114с.

***

Мақалада парадигма ауысуында білім алуды ақпараттандырудың қазіргі ұстанымдары қарастырылады.

***

In the article are considered the issues of modern trends in informatiozation of teaching in the view of its change.

УДК 37.012

Обыденкина Л.В.
проректор Института повышения квалификации и переподготовки педагогических кадров Западно-Казахстанской области

ИНТЕГРАТИВНЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ МЕТОДИЧЕСКОГО ПОРТАЛА КАК ФОРМЫ РАЗВИТИЯ КОМПЕТЕНЦИЙ РАБОТАЮЩИХ ПЕДАГОГОВ НА НЕПРЕРЫВНОЙ ОСНОВЕ

В педагогической науке последних десятилетий новейшего времени происходят значительные содержательные изменения, предполагающие некоторую переориентацию целей, иную трактовку задач, влекущую изменения в содержании и методах обучения. Изменения в обучении, как части интегрального процесса образования, сопровождаются увеличением его открытости. В этих условиях неизбежно обращение к синергетическому принципу переноса понятий из одних областей деятельности в другие, в данном случае – в педагогику.

М.Г. Гапонцева отмечает: «Все науки, так или иначе, проходят эмпирический (индуктивный) этап развития. Происходит это с разными скоростями, на различных этапах исторического развития, но каждая при этом «примеряет» методы другой, «изобретая велосипед» только в случае крайней нужды[1]. Если говорить о педагогике, то можно отметить встречающиеся факты неоднозначности понятийного аппарата, приводящие к тому, что формулировки даже основных понятий, даваемые различными авторами, существенно различаются между собой.

В соответствии с классификацией научного знания (по В. С. Ледневу) педагогику следует отнести к наукам, объект и предмет которых характеризуются, прежде всего, процессами информационных обменов[2]. «Педагогический процесс – это специально организованное взаимодействие (цепочка взаимодействий) старшего и младшего, передающего и воспринимающего опыт, информацию, приемы деятельности (обучающего и обучаемого). Целью этого взаимодействия является

[1] Гапонцева М.Г. Интегративный подход в содержании непрерывного естест-венно-научного образования. Дисс. … канд. пед. наук. – Екатеринбург, 2002. – 206 с

[2] Леднев В.С. Содержание образования: сущность, структура, перспективы. – М.: Высш. шк., 1991. – 224 с.

передача и освоение социального опыта, необходимого для жизни и труда в обществе»[3].

В. Г. Виненко считает, что в педагогической практике настало время использования идеологии синергетики, так как «…бифуркационный механизм развития, в основе которого лежит процесс самоорганизации, чередование хаоса и порядка, является универсальным принципом мироустройства, характерным для систем самого общего вида»[4] Нельзя не согласиться с этим. А. Д. Суханов, определяя синергетику «новым мировидением», «универсальным метаязыком», считает, что использование ее методов позволит «перебросить мост» между гуманитарной и естественно-научной компонентами культуры.[5]

Следует учитывать, что педагогика по сути – интегративная наука о человеке, который отличается многомерностью, как и его социальный опыт. Она постоянно пополняется новыми данными по мере исследований.

В то же время Н. А. Алексеев в своем отклике на статью, открывающую дискуссию «Синергетика в образовании», предостерегает: «Не следует говорить об одном предмете языком другого предмета; тем более переносить качественные особенности из нижних уровней организации на высшие уровни. Такие переносы, как правило, ведут к редукционизму – к упрощению, огрублению, стиранию «индивидуальности» исследуемой предметной области[6].

Н. В. Лежнева использует «синергетический подход прежде всего в качестве мировоззренческой позиции»[7]. Понять – значит мысленно построить. А воспроизводим мы всегда из аналогий нашего человеческого, социального опыта. «Идеальный образ вещи «всегда есть образ нашей собственной деятельности» [8]. Эти образы реальной, фактической деятельности и используются в качестве

[3] Педагогика: педагогические теории, системы, технологии: Учеб. для студ. высш. и сред. пед. учеб. заведений / С. А. Смирнов, И. Б. Котова, Е. Н. Шиянов и др.; Под ред. С. А. Смирнова. – М.: Издат. центр «Академия», 2000. – 512 с.

[4] Виненко В. Г. Синергетика в школе // Педагогика, 1997. – № 2. – С. 55 – 60...

[5] Суханов А. Д. Целостность естественно-научного образования // Высшее образование в России, 1994. – С. 49 – 53.

[6] Алексеев Н. А. Размышления о синергетике в педагогике // Образование и наука. Известия УрО РАО. – 2004. – № 6 (30) с. 102

[7] Лежнева Н. В. Построение университетской образовательной системы на основе синергетических принципов // Синергетика в психологии профессионального развития: Сб. науч. тр. / Под ред. Э. Ф. Зеера. – Екатеринбург: Рос. гос. проф.- пед. ун-т, 2004

[8] Ильенков Э. В. Идеальное // Философская энциклопедия: В 5 т. – М., 1962. – Т. 2., с. 43

подбора смыслового выражения при описании вновь конструируемых явлений и способов профессиональной практики.

Большинство слов русского (да и любого другого) языка многозначны. Но это отнюдь не означает, что и их использование в науке должно следовать этой же традиции. Первый закон формальной логики – закон тождества – утверждает: «В процессе определенного рассуждения всякое понятие и суждение должны быть тождественны самим себе»[9]. Разъясняя смысл закона, А.Д. Гетманова пишет: «В мышлении нарушение закона тождества проявляется тогда, когда человек выступает не по обсуждаемой теме, произвольно подменяет один предмет обсуждения другим, употребляет термины и понятия не в том смысле, в каком это принято».

Ситуация, сложившаяся в настоящее время вокруг применения различных педагогических понятий не позволяет сразу приступить к изложению существа дела, так как терминология, на основе которой выстраивается логика исследования, не имеет общепринятой трактовки. Это положение характерно для любой научной области, находящейся в состоянии развития. При этом, безусловно, важно внимательное и аккуратное отношение к терминологии, на основе которой строится аргументация. Поэтому, прежде всего, следует уделить внимание разъяснению термина, который составляет ключевое слово исследования и в котором по сути содержится существенный смысл предложенной системы работы с педагогами.

В современных гуманитарных науках требование экологической валидности используемых понятий приобретает всё большее значение. Вряд ли следует спорить с современным языком, обвиняя его в том, что в нем сложился комплекс понятий, происхождение которых относится к технической, технологической или информационно-технологической области. Достаточно назвать только некоторые из терминов, по вопросу применения которых в свое время разворачивались терминологические споры: «технология», «дифференциация», «модуль», «интеграция», «мониторинг» и др. Рассматривая этот вопрос, М.Поташник высказал следующие соображения: «Одним из показателей … грамотности человека является корректное употребление понятий, которые являются средствами нашего мышления. Если эти средства порочны, ущербны, ошибочны, то все умозаключения, которые мы

[9] Учебник по логике/.М., 2006с. 100

строим с помощью этих средств, будут тоже ущербны и ошибочны». А также: «Понятия нельзя придумывать, они выводятся только из знания предмета, на основе фактов о нем.»[10] Отталкиваясь от этого тезиса, я перехожу к разъяснению термина, определенного мною в качестве наиболее точно отражающего смысл нового формата методической работы с педагогами в межкурсовой период, через который идет становление многих востребованных профессиональных качеств работающих педагогов. Этот термин – **«методический портал»**.

Разумеется, как правило, термины, используемые нами в описании тех или иных профессиональных аспектов или явлений, имеющие иноязычное (в данном случае – латинское и английское) происхождение, приобретают в процессе их использования иной смысл, не полностью совпадающий с первоначальным значением. Энциклопедический словарь определяет понятие портала (от латинского porta – вход, ворота, английского portal – главный вход) как архитектурно оформленный вход в здание или п-образная часть конструкции или машины[11].

С распространением и прочным внедрением в жизнь информационно-коммуникационных технологий термин устойчиво обосновывается в этой области деятельности и описания ее характеристик, приобретая дополнительные смыслы и трактовки. А поскольку информационные технологии из области инновационной очень быстро (практически за 10 лет) перешли в область обыденного использования, термин «портал» в своих существенных чертах нашел отражение и в массовом сознании.

Рассмотрим, каким образом раскрывается смысл понятия «портал» в информационно-коммуникационной области, какое смысловое применение он находит для отражения сложившихся форм деятельности и взаимодействий.

Сам термин, при всей го распространенности и технической востребованности, как инструмент обозначения определенных форматов размещения и продвижения информации, в сообществе специалистов в области информационных технологий рассматривается весьма не однозначно. Как определено авторами web-сайта *www.stat.su.*, «Для начала - нужно понимать, что "портал" это понятие не техническое и не технологическое, а маркетингово –

[10] Поташник М. Качество образования: проблемы и технологии управления. М.:Педагогическое общество России. 2002. с. 100-101

[11] Советский энциклопедичекий словарь. Ред. А.М.Прохоров. М. 1989

конъюнктурное. Соответственно, точного определения у него быть не может. Поэтому понимать, что означает это слово, это значит: а) знать, в каких случаях и зачем оно употребляется; б)представлять себе генезис термина (откуда он взялся и как эволюционировал)»[12].

Далее авторы рассматривают некоторые существенные технические параметры портала, без которых использование термина становится некорректным:

1. «С маркетингово-коньюнктурной точки зрения "портал" - это большой, сложный, крутой и дорогой сайт. Считается, что бюджет порталов должен на порядок превосходить бюджет "просто сайтов"»[13].

Проецируя указанное свойство на образовательно-педагогическую область, следует отметить, что порталом может именоваться такой тематический ресурс, который значительно шире и глубже по объему, богаче, разнообразнее по содержанию, чем стандартно накапливаемые в недрах методических служб традиционные «тематические методические библиотечки»

2. «Первичный смысл термина "Интернет-портал" означал сайт, с которого значительное количество пользователей начинало свое путешествие по Сети. Предполагалось, что зайдя на этот сайт пользователь получает легкий доступ ко всей необходимой ему в … информации. Пользователю предоставлялась всякая общеполезная информация, возможность понять - куда ему надо, быстро и удобно туда попасть» [14].

Применительно к методическому порталу можно вывести еще одно технологическое свойство такой организации методического ресурса: методический портал – своего рода стартовая площадка для глубокого, наиболее компетентного вхождения педагога, группы педагогов в изучение проблемы, положенной в основу портальной разработки, начало портальной работы предполагает включение в непрерывное действие по наращиванию компетентности в вопросе. Портальные решения обычно разрабатываются с целью предоставить единую точку доступа к множеству источников информации. Кроме этого часто требуется обеспечение персонифицированного доступа - фильтрация информации и управление ее отображением в соответствии с типом пользователя или его пожеланиями.

[12] www.stat.su Система статистики и мониторинга сайтов
[13] Там же
[14] Там же

3. «Огромные массивы информации, накапливающиеся на порталах, привели к тому, что для обеспечения «юзабильности» (возможности полезного использования) пришлось придумывать механизмы настройки страниц под конкретных пользователей. Так в число атрибутов портала попала возможность кастомизации (индивидуальной настройки) [15].

Механизм «кастомизации» в деятельности методического портала предполагает создание системы адаптации способов вешения проблемы, положенной в основу портального решения для конкретных педагогов и школ, которые определены в качестве «партнерских». По сути работа с «партнерами» в рамках портала носит характер индивидуально ориентированного проектирования.

4. По мере разбухания порталов стало ясно, что кастомизация не спасает. Поэтому лет пять назад появилось понятие "вертикального портала", т.е. портала для определенного вертикального рынка (целевой группы). Соответственно, всеобъемлющие порталы предыдущего поколения переименовали в "горизонтальные". Вертикальные порталы сохранили претензию на всеобъемлющесть, но уже в отдельно взятой предметной области[16].

Особенностью информационного педагогического пространства сегодня является его синергичность. Это выражается в том, что по какой бы из проблем ни начинал глубокую и серьезную разработку современный добросовестный педагог, он неизбежно выйдет на целый комплекс сопутствующих задач, без решения которых невозможно решить обозначенную проблему. Так, например, вникая в проблему преемственности ступеней образования, учитель, организация образования обязательно оказывается перед проблемами изучения вопросов здоровой среды, технологической совместимости деятельности педагогов разных ступеней и т.д. Изучая и формируя стратегию здоровьесбережения в условиях УВП школы, учитель также оказывается поставленным перед задачами развития вещно-пространственной среды, форм и способов взаимодействия с родительским социумом, техник урока, техник контроля и т.д. Такое свойство педагогической практики требует действий, позволяющих выстраивать пространство корпоративного сужения, для того, чтоб не допускать «растекания проблемы», поскольку до бесконечности наращивая сопутствующую проблематику, можно создать ситуацию, при

[15] Там же
[16] Там же

которой, запутавшись в комплексе проблем станет невозможен конструктивный выход из них. Поэтому при определении темы портального решения в построении методической работы применяется конкретизирующее «сужение» формулировки: «Формирование здоровьесберегающей образовательной среды в условиях *инновационной школы*», «Социально активная *сельская* школа» и т.д. Таким образом, формируется своего рода корпоративное пространство, которое, в то же время имеет большие возможности вариативного переноса на другие аналогичные проблемные ситуации.

Споры "портал или не портал" сводятся к субъективным трактовкам того - достаточно ли информации много, достаточно ли она разная и достаточно ли хорошо она интегрирована.[17]

Это последнее соображение является, пожалуй, наиболее строгим критерием оценки формата методического ресурса. Отсюда можно вывести ряд требований к организации портального решения в системе методической работы:

Во-первых: методический ресурс приобретает черты портала в том случае, если по его направлению создается исчерпывающая, объемная информационная база, включающая академические и инновационные изыскания, практические наработки с их описаниями, а также при наличии вариативности в подходе к рассмотрению проблемы.

Во-вторых: методический ресурс приобретает черты портала в том случае, если он носит обширный интегративный характер как по своему содержанию, так и по возможности его практического применения.

Список использованной литературы:

1. Алексеев Н. А. Размышления о синергетике в педагогике // Образование и наука. Известия УрО РАО. – 2004. – № 6 (30)

2. Гетманова А.Д.Учебник по логике/.М., 2006

3. Гапонцева М.Г. Интегративный подход в содержании непрерывного естественно-научного образования. Дисс. … канд. пед. наук. – Екатеринбург, 2002.

4. Ильенков Э. В. Идеальное // Философская энциклопедия: В 5 т. – М., 1962. – Т. 2.

5. ред. С. А. Смирнова. – М.: Издат. центр «Академия», 2000.

6. Виненко В. Г. Синергетика в школе // Педагогика, 1997. – № 2.

7. Леднев В.С. Содержание образования: сущность, структура, перспективы. – М.: Высш. шк., 1991.

[17] Там же

8. Лежнева Н. В. Построение университетской образовательной системы на основе синергетических принципов // Синергетика в психологии профессионального развития: Сб. науч. тр. / Под ред. Э. Ф. Зеера. – Екатеринбург: Рос. гос. проф.- пед. ун-т, 2004

9. Педагогический менеджмент и управление развитием образования/ Т.М.Баймолдаев, И.А.Носков и др./Алматы-Самара, 2007

10.Педагогика: педагогические теории, системы, технологии: Учеб. для студ. высш. и сред. пед. учеб. заведений / С. А. Смирнов, И. Б. Котова, Е. Н. Шиянов и др.; ПодПоташник М. Качество образования: проблемы и технологии управления. М.:Педагогическое общество России. 2002.

11.Советский энциклопедичекий словарь. Ред. А.М.Прохоров. М. 1989

12.www.stat.su Система статистики и мониторинга сайтов

***

Автор еңбегінде ақпараттық-қатынас саласындағы портал түсінігінің мән-мағынасын ашып көрсетеді.

ӘОЖ 377.35:378.18 = 37.01

Кажимова Қ.Р.
«Жалпы педагогика және информатика»
кафедрасының магистрі

СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМІН ТЕКСЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Қазақстанның жоғары мектебі дүниежүзілік білім деңгейіне жетуге және бірыңғай білім беру жетістігіне енуге ұмтылуда. Алға қойған мақсаттарға жету механизмі Болондық процестің өлшемдерін орындау болып табылады. 1999 жылдан бері Еуропа елдерінің тегіс қолдап отырған Болон декларациясының басты принциптері мыналар:

- жоғары білім берудің үш деңгейін бекіту: бакалавриат, магистратура, докторантура;
- оқыту процесін ұйымдастырудың және оқыту нәтижесін бағалаудың еуропалық кредит жүйесін енгізу;
- оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығы;
- білім беру барысында еуропалық сапа деңгейін қамтамасыз етіп, жоғары білім сапасын бақылау.

Осы тұрғыда студенттердің білімін, білігін, дағдысын есепке алу және бағалау мәселесіне теориялық және практикалық талдау жасаудың маңыздылығы баршылық.

Кредиттік оқыту жүйесінде бақылаудың түрлерін ұйымдастырудың, оның әдіс-тәсілдерінің теориялық мәселелерін Е.Я. Коган, А.И. Чучалин, Ә.М. Муханбетжанованың ғылыми педагогикалық еңбектерінде талданған.

Бақылауды ұйымдастырудың жекелеген әдістемелік мәселелері жайында А.Е. Абылқасымова, Г.Н. Гамарнина, И.Ф. Талызина және т.б. теориялық талдау жасаған.

Жоғары оқу орнының оқыту процесінде студенттердің білімін, білік, дағдыларын есепке алу, бақылау және бағалау оның аса қажет құрамдас бөлігі болып есептеледі. Оқытушының дәрістері, семинарлар, өзіндік жұмыс жүйесінде оны дұрыс ұйымдастыра білуі - көптеген жағдайда оқу-тәрбие процесінің табысты болуының оң кепілі.

Қазіргі кезде студенттің білімін есепке алу, бақылау және бағалау үшін мынадай жұмыстың түрлерін қолданып жүр: реферат, практикалық сабақтарда үй тапсырмасын сұрау, ОЖСӨЖ тапсырмаларын орындау, жазба жұмыс түрінде аралық бақылау, емтихан.

Жоғары білім сапасына бақылау енгізу үшін «Білім туралы» заңға сай «мемлекеттік аралық бақылау» ұғымы енгізілді (1). Ол білім беру сапасына бағалаудың ұлттық жүйесіне енеді. Мемлекеттік аралық бақылау – оқыту сапасын білім беру ұйымдарында тәуелсіз бақылаудың бір түрі. Оның басты міндеттері бірыңғай өлшеуіш материалдардың көмегімен мемлекеттік бақылауды және білім беру сапасын басқаруды, білім беру сапасын бағалаудың әділдігін, сенімділігін арттырудың мониторингі болып табылады.

Мемлекеттік аралық бақылау (МАБ) - студент үшін де, жоғары оқу орны үшін де үлкен сын. Студент оның жақсы нәтижесі үшін оқуын әрі қарай жалғастырады, ал жоғары оқу орны үшін рейтингісін жоғарылатуға септігін тигізеді.

МАБ-тың даярлығына әсер ететін факторларды үш топқа бөлуге болады. Атап айтқанда, Ұлттық тестілеу орталығынан келетін тестілердің сапасы, студенттердің белсенділігі, оқытушылардың нәтижелі жұмысы.

Ұлттық тестілеу орталығынан келген тестілерді талдау, қазақ бөлімінің студенттеріне 1-3 баллды аз жинауға жағдай жасайтынын байқауға болады. Тестілерде екі дұрыс жауабы бар тапсырмалар кездеседі. Мысалы: «Бала тәрбиесінде негізгі рөлді атқаратын» деген сұрақта, студент «мектеп» деген жауапты

таңдаған, ал тестілеу орталығынан келген жауап «отбасы». «Отбасының креативті қызметі» деген сұраққа студент түгіл, оқытушының өзі жауап іздеп біраз қиналады. Тестілерде «неоцентризм», «мезофактор», «констатациялайтын», «қатынас шкаласы», «коллегиялық», «иерархиялық тәуелділік», т.б. көптеген студент түсінбейтін ұғымдарды енгізген. Кейбір тестілердің жауаптары дұрыс емес. Осыған орай студенттер жылма-жыл аппеляцияға жүгінуге мәжбүр болып отыр.

Өкінішке орай, қазақ бөлімдерінің біраз студенттерінің ойы – көрсетілген межеден өтсек болды, сондықтан жоғары нәтиже алуға ыждағаттылық танытпайды. Өткен оқу жылында 6203 тобының 4 студенті педагогикадан 20 балл жинады, «5» алуларына 1 балл жетпей қалды. Біздің тәжірибеміз тек тәртіпті, оқуда белсенділік танытатын студенттер ғана МАБ-та жоғары нәтижеге ие болатынын көрсетіп отыр. Өкінішке орай, бізде оқу процесіне селсоқ қарайтын студенттер баршылық.

Тестіні шешуде студенттердің ойлау операцияларын меңгеруінің, терминдерді білуі, тіл байлығының үлкен рөлі бар. Қазақ халқы сөздің құдіретін, оның астарларын, байланыстарын, себеп-салдарын жақсы білген. Міне, осы біздің студенттерге жетіспей жатыр. Мысалы, «қалыптастырушы эксперимент бағытталады» деген сұраққа, студент «алғашқы жағдайды анықтауға» деген жауапты таңдаған, керегі «зерттеу пәнін өзгертуге». «Қалыптастыру» сөзі өзгертумен байланысып жатқанын студент аңғармай тұр. «Сананы қалыптастыру әдісі» деген сұраққа студент «жаттығу» дегенді таңдаған, керегі «этикалық әңгіме». Студент «жаттығудың» іс-әрекетке қатысты екендігін, ал «әңгіме», яғни сөйлеу адамның санасына қатысы бар екендігін түсіне алмай тұр. Өкінішке орай, студент тестіде кездесетін, номиналдық, интервалдық, рангтік, эмпирикалық, соборлық, альтруизм, т.б. сөздердің мәнін түсінбейді.

Студенттерді МАБ-қа даярлауда оқытушының көп жұмыстану қажеттігін практика көрсетіп отыр. Ең алдымен оқытушы тестілеу орталығынан келетін тестілерді өзі талдап шығуы тиіс. Мысалы, «доступность» деген сөзді тестіде «түсініктілік» деп аударған, бізше, «шамаға лайықты». «Түсініктілік» сөзінің мағынасын ұғынбағандықтан, студенттер дұрыс жауап таба алмай жүр. Оқытушы «фронтальды», «монолог», «позитивті қатынас», «репродуктивтік», т.б. көптеген сөздердің мағынасын студенттерге ашып берудің қажеттігі бар. Студенттерге «тестінің валидтілігі»,

«оқу-тәрбие процесін оптималдандыру», «педоцентрлік», шетел педагогика бағыттарын, т.б. қиын сұрақтарды жете түсіндіру керек. Оқыту процесінде компьютер арқылы тестілерді шешуге қатыстырып отырған абзал. Өкінішке орай, оқулықта кездеспейтін Трамп жоспары, Мангеймдік мектеп жүйесі, Келлер жоспары, т.б. оқытушы студенттерге арнайы түсіндіру қажет. Тәжірибе осы сұрақтарға қатысты тестілерде студент қате жіберетінін көрсетіп отыр. Студенттерге МАБ-қа даярлану жеңіл болу үшін үстіміздегі жылы Алматының «Арыс» баспасынан психологиялық-педагогикалық сөздік шығардық.

Студенттерді өзіндік жұмыстарды орындаудың алгоритміне үйрете отырып, өзіндік жұмысы мен өзіндік тапсырмаларды орындауға қажетті біліктерді қалыптастырудың қажеттігі бар. Өзіндік жұмыстағы қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың мына түрлерін меңгергені абзал: электронды оқулықтар, өтілген материалдарды қайталауға арналған бағдарламалар, білімді бақылайтын, мәтіндерді, іскерлік пен дағдыларды тексеретін автоматтандырылған жүйелер, т.б.

Қорыта айтқанда, студенттер мен оқытушылар бірлесіп белсенді іс-әрекет жасағанда ғана МАБ-та жоғары жетістікке жетуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңы. Астана, 2007.

2. Психологиялық-педагогикалық сөздік. Редакциясын басқарған Б.А.Молдағалиев. Алматы, 2010.

3. Иманбаева С.Т. Жоғары оқу орындарында кредиттік технология бойынша оқыту жүйесін ұйымдастыру. // Қазақстан мектебі. №1, 2005.

4. Муханбетжанова Ә.М. Қазіргі педагогика ғылымындағы инновациялық үрдістер.//«Жоғары оқу орнындағы оқытудың инновациялық технологиялары мен интерактивтік әдістері» конференция материалдары. Орал, 2006.

***

В статье рассматриваются вопросы подготовки студентов к промежуточному государственому контролю по педагогике.

***

In this article there are considered some problems of students to the intermediate state control in pedagogic.

ӘОЖ 371.3;796

Ергалиева Г.А.
п.ғ.к., М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Акмуханов Е.У.
магистрант, М.Өтемісов атындағы БҚМУ

МЕКТЕПТЕРДЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін, әрбір білім беру мекемедегі ұжымның, әрбір мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

Дене мәдениетінің әлеуметтік және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес жалпы орта мектеп оқушыларының дене тәрбиесін жетілдіру үшін қажет. Дене мәдениеті тек мектептегі дене тәрбиесі сабағында ғана емес, ол сабақтан тыс уақытта денсаулыққа байланысты қажетті шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі жалпы орта мектептерде дене тәрбиесінің жүйесі мектеп оқушыларының денсаулықтарын нығайтумен қоса, олардың бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Мұндай маңызды әдістеме оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі пәнін оқыту үрдісінде мектеп оқушыларында дене мәдениетін қалыптастыру үдерісіне тікелей байланысты.

Дене мәдениетін қалыптастыру мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуде, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық үдерістер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып,

тәжірибеге сын көзбен қарап, дене тәрбиесі міндеттерін жүзеге асырудың маңыздылығы артуда.

В.А.Сластенин, Л.С.Подымовалардың пікіріне сүйенсек, адамның құндылығы оның ерекшелігімен, шығармашылығымен анықталады. Шығармашылық дегеніміз жаңа көзқарас, жаңа шешім, жаңаша қарау, күнделікті схемалар мен мінез-құлық стереотиптерінен бас тартуға дайын болу, қабылдау мен ойлаудан, өзін-өзі өзгертуге дайын болу деген мағынаны білдіреді.

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімінің педагогикалық қызметінің негізгі гностикалық, жобалау, конструктивтік, ұйымдастырушылық, коммуникативті деген бес қабілеттерімен бірге, алтыншы инновациялық қабілеттерді де қосу керек.

«Инновация дегеніміз – жаңаның пайда болуының, таралуының және пайдаланудың кешенді процесі».

«Педагогикалық инновация – бұл педагогикалық жаңалықтың пайда болу, таралу және пайдалану заңдылықтары туралы ғылым».

«Креативтілік» – бұл тұлғаның жаңа түсініктерді, дағдыларды қалыптастыру, бұрын болмаған өзінің жаңа жұмысын ұғыну қабілеті.

«Технология дегеніміз – адамның басқаруымен техникалық немесе басқа да өндірістің құралдарын пайдалануға, берілген параметрлермен өнімді шығаруға мүмкіндік беретін бастапқы материалдардың өзгеру процестері және әдістің жиынтығы мен реттілігі».

«Педагогикалық технология» дегеніміз – педагогикалық мақсатқа жету үшін пайдаланатын барлық тұлғалық, инструменталды және әдіснамалық құралдардың қызмет істеуінің жүйелі жиынтығы және тәртібі (М.В.Кларин).

«Білім беру технологиясы» – бұл оқушылар мен оқытушының қатысушыларға жайлы жағдайда нақты нәтижеге жету мақсатын көздеген білім беру процесін ұйымдастыруды жобалау, бағдарлау және түзету бойынша біріккен жұмысының процесті жүйесі (Т.Н.Шамова, Т.М.Давыденко).

Педагогикалық технологияның белгілеріне:

-оқыту әдістерінің тәсілдер жиынтығы;

-мұғалім мен оқушылардың арасындағы өзара байланысқан процессуалды екіжақты сипаты;

-оқу процесінің қатаң ғылыми жобалауы және ұйымдастыруы;

-жайлы жағдайлардың болуы;

-оқытудың нақты нәтижесінің кепілденген жетістігі (зерттеушілердің көпшілігінің ойынша, бұл оқыту әдістемесінен педагогикалық технологияның негізгі ерекшелігі);

-оқыту мен бақылаудың дидактикалық, технологиялық құралдарын кешенді қолдану, т.б. жатады.

Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту шеңберінде білім берудің мақсаты мен мәнінің өзгеруі «білім беру технологиясы» деп алатын жаңа ұғымның пайда болуына ықпал етті. Бұл ұғымның мәнін білім беру үдерісін өздігінше дамытатын жүйе деп түсінуге болады, онда білім алушылардың қызметі жетекші фактор болып табылып, оқыту мұғалім мен білім алушының субъектаралық өзара әрекетін қарастыратын және олардың мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін рефлексиялық басқару ретінде көрінеді.

Бұл тұрғыда болашақ түрлі сала мамандарының кәсіби бағыттағы даярлығын екі қырынан қалыптастыру бойынша ғалымдар еңбектерінің маңызы зор. С.Ж.Пірәлиев, Л.А.Шкутина, С.Ә.Әбдіманапов, К.М.Беркімбаев, Ж.К.Оңалбек, т.б-дың болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау, Б.Кенжебеков, Б.А.Оспановалардың болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі мен креативтілігі туралы еңбектері бар.

Оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру мақсатында педагогикалық технологияларды ұсынған Н.П.Гузиктің, В.М.Монаховтың, В.Ф.Шаталовтың, Т.Галиевтың, Л.Бектұрғановалардың еңбектері және т.б. ғылыми тұрғыдан практикалық мәні зор еңбектері біздің зерттеу жұмысымызда басшылыққа алынды.

Білім беру жүйесіндегі реформалар мен қазіргі мектептің тұлғалық-бағдарлы оқытуға бет бұруы болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығының даярлығына жаңа талаптар қояды. Білім беру жүйесі дамуының қазіргі кезеңі жаңа парадигмаға өтудің жолдарын іздестірумен, яғни білім берудің жаңа мақсатының жетістіктерімен байланысты.

Жаңа парадигманың маңызды компоненті – тұлғаның өзіндік даму тұжырымдамасы болып табылады. Өзіндік даму – бұл ішкі және сыртқы әлеммен байланысу қабілетін қалпына келтіру. Тұлғаның әртүрлі саладағы икемділіктері мен қабілеттерін дамыту оның дербес ерекшеліктеріне, өзіндік талдау, өзіндік баға беру қабілеттеріне байланысты, мұның өзі әрбір студентке ерекше қатынас керек екендігін, оларға өзін көрсетуге, дамытуға мүмкіндік жасау қажеттігін дәлелдейді. Сондықтан біздің зерттеуіміз болашақ

мамандарды дәстүрлі формада даярлаумен қатар жаңа педагогикалық технологиялар негізінде жетілдіруді көздейді.

Білім берудегі жаңа ақпараттық технологиялар – оқу-тәрбие материалдарын үйретуге арналған есептеуіш техника мен инструменттік құралдардың жиынтығы, сол сияқты ол есептеуіш техника құралдарының оқу процесіндегі рөлі мен орны, оқытушылар мен оқушылар еңбегін жеңілдетуде оларды пайдаланудың түрі мен әдістері туралы ғылыми білімнің жүйесі. Оқытудағы жаңа ақпараттық технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Жаңа ақпараттық технологиялардың негізгі ерекшелігі ол оқытушылар мен оқушыларға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану оқушылардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып, оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі. Ақпараттық технологиялардың білім беру саласына енуі педагогтарға оқытудың мазмұнын, әдістері мен ұйымдық түрлерін сапалы өзгертуге мүмкіндік береді.

Оқу процесінде ақпараттық технологияны енгізу оқушылардың танымдық әрекетін белсенді етуге қолайлы жағдай туғызады, қажетті құбылыстарды зерттеуде дыбыс, бейне, нақты белгілі өңделген хабарларды өңдеп, сақтауға мүмкіндік жасайды және оларды қолдану арқылы табысқа жетуге болады. Бұл тұрғыда компьютердің мүмкіндіктері шексіз. Ол кез-келген әрекеттің нәтижесі мен оның орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді. Техникалық мүмкіндігіне байланысты компьютер оқу процесін ұйымдастырудың жаңа жолдарын ашады, ол тек аудиториялық сабақ жүйесінде ғана емес, сонымен қатар аудиториядан тыс өзіндік жұмыс жағдайында да қолданылады.

Оқытуды компьютерлендіру кезінде әсіресе, үйретуші программалармен жұмыс істегенде компьютер оқушылардың оқуға деген позитивтік қатынасын қалыптастыруды тиімді шешуге ықпал етеді. Ондай программалар оқушыларға өздеріне ыңғайлы оқып үйрену темпін таңдап алуына мүмкіндік береді.

Оқыту технологиясын - зерттеуге белгілі педагогтардан В.П.Беспалько, А.Я.Савельев, Н.Ф.Талызина, О.П.Околелов, Ю.Г.Татур, Н.Ф.Маслова, Ж.А.Қараев, Г.Қ.Нұрғалиева, Ә.М.Мұханбетжанова және т.б. зор үлес қосты.

Біздің көзқарасымызша, оқыту технологиясы - әдістеме дамуының («оқытудың авторлық әдістемесі») жоғарғы кезеңі, өйткені мұғалімнің әрбір негізгі құрамды бөлшекті - мақсатты анықтау, жобалау, оқытудың әдістері мен құралдарын, қолайлы қалыпты таңдау, оқу үрдісіндегі қатысушылар арасында өзара байланысты ұйымдастыру, бағалау, бақылау және білімді, икемділік, дағдыны жетілдіру сияқты дидактикалық мақсатқа жетуді көздейді.

Инновациялық процестердің даму аспектілері шетелдік көптеген ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тапқан, солардың ішінде келесі ғалымдарды атап өтуге болады: Р.Акофф, Б.Артур, Г.Беккер, В.Беренс, Р.Драккер, Д.Кларк, Р.Нельсон, Б.Санто, Г.Сильверберг, А.Тоффлер, Д.Фридман, Т.Шульц және т.б. Олар инновация теориясының, инновациялық процестердің дамуының, олардың жекелеген елдердегі халық шаруашылығында және кәсіпорындарда алатын орындарының базалық концептуалды жағдайларын негіздеді.

Білім беру саласындағы инновацияны жасау, игеру және тарату жаңа білім беру жүйесін қалыптастырады. Бұл - икемді, ашық, жеке тұлғалық, жасампаздық білімнің, адамның бүкіл өмір бойы үздіксіз білім алуының жаһандық жүйесі.

Білім беру жүйесіндегі инновациялар ең бірінші келесі жайлар маңызды рөл атқаратын жүйешелерден тұрады (1 сурет):

- Технологиялық инновациялар – жаңа білім беру технологиясы;
- Педагогикалық инновациялар – оқыту мен білім берудің жаңа әдістері мен тәсілдері;
- Ұйымдастырушылық инновациялар – жаңа ұйымдастырушылық құрылымдар және білім беру саласындағы жаңа институционалдық формалар;
- Экономикалық инновациялар – білім беру саласындағы жаңа экономикалық механизмдер.



1 сурет - Білім беру жүйесіндегі инновациялар (Г.Т.Кунафинаның ғылыми негіздемесі бойынша)

Ғылыми әдебиеттерде білім берудің жаңа жүйесі келесі принциптерге негізделген:

- білім беру жүйесін дамыту проблемасын тек білім беру жүйесі деңгейінде ғана емес, сонымен қатар, жалпы мемлекеттік саясат және халықаралық деңгейде шешу;
- білім беру менеджментінде жүйелілік принципін барлық деңгейде жүзеге асыру;
- білім беруді ұйымдастырудағы қаржыландыру мен ұйымдастырудағы мемлекеттің рөлін қайта қарау;
- білім беру қызметі нарығын дамыту;
- білім беру жүйесіндегі әртүрлі әлеуметтік институттардың рөлін, бірінші кезекте кәсіпорындар мен отбасының рөлін қайта қарау;
- оқу орындары мен онда оқитындардың білім беру процесін ұйымдастырудағы рөлін қайта қарау.

Педагогикалық инновациялар – бұл жаңа педагогикалық технологияны, оқыту қызметінің жаңа әдістерін, тәсілдерін, әдістемелерін әзірлеу және тарату.

Оқытудың белсенді және интербелсенді әдістері – бұл оқу және ұйымдастыру міндеттерін тиімді шешу құралы. Оның міндеттері:

- теориялық білімді бекіту, жаңа тәсілдер мен әдістерді ендіру, практикалық дағдыларды сіңіру, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру, оқитындардың өзін-өзі дамыта білуін және өзін-өзі көрсетуін қамтамасыз ету;
- оқу материалының меңгерілу процесіне үздіксіз бақылау орнату;
- өндірістік функцияларды жүзеге асыру (өндірісті ұйымдастыру, жоспарлау, есеп беру, бақылау, талдау, үйлестіру, реттеу және т.б.);
- жағдайды талдау, проблемаларды анықтау, міндет қою, проблемаларды шешу жолдарын анықтау және т.б., зерттеу операциялары сияқты басқармалық шешімдерге серіктес процедуралар жинағын ретімен орындау.

Технологиялық инновациялар – бұл жаңа заманның компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялары. Технологиялық инновациялар экономикалық механизмдерде, оқытушылар мен студенттер еңбегін ұйымдастыруда түбегейлі өзгерістерге, оқытушылық қызмет сипатына зор әсерін тигізетін көптеген педагогикалық әдістер мен тәсілдердің айтарлықтай

кеңеюіне әкеледі, мұның барлығы жалпы педагогикалық жүйенің дамуына ықпал етеді.

Технологиялық инновацияны әзірлеу мен пайдалану, білім беру процесінде жаңа компьютерлік және телекоммуникациялық технологияны пайдалану инновациялық оқу үрдісін дамытудың жетекші факторы болып табылады. Жаңа ақпараттық технологияны үздіксіз қарқынмен тұрақты жетілдіру соңғы он жылдықта білім беру саласындағы жаңа ендірімдерді ынталандырады және жеделдетеді.

Жаңа технологияны пайдалану барысында ұйымдастырушы инновацияларды меңгеру бүкіл білім беру жүйесінің маңызды факторы болып табылады.

Тәжірибенің көрсеткеніндей, дәстүрлі білім беруге тән ұйымдастыру жүйесінің аясындағы белгілі бір оқу бағдарламаларында кейбір оқытушылар жүзеге асыратын жаңа технология негізіндегі оқытудың тиімділігі өте төмен болып келеді, себебі мұндай оқыту оқу процесінің жаңа технологиялық негізін жасауға қосымша шығынды қажет етеді. Бұл шығындар ақталу үшін білім беру нәтижесінде, бұл нәтиженің сандық және сапалық өсуге әкелуі үшін білім беру саласында ұйымдастырушылық инновацияны ойластыру және тарату қажет.

Білім беру саласындағы ұйымдастыру инновациясы дегеніміз бұл:

- оқытушы еңбегін бөлу (мазмұнды, тьюторларды әзірлеушілерді, оқыту әдістері бойынша мамандарды, оқу процесінің барысына бақылау жасаушы мамандар және т.б. бөлу);
- ақпараттық технологиялар бойынша оқытушыларды, мамандарды және оқу процесін ұйымдастырушыларды қашықтықтан оқыту курстарын ойластырушы және ұсынушы топтарға, командаларға біріктіру.

Білім беру жүйесінде дене тәрбиесінің негізгі мақсаты ретінде мектеп оқушыларының дене мәдениетін қалыптастыру мәселесі көрсетілуде. Бұл мақсат үздіксіз білім беру жүйесінің жекелеген бөліктерінің сабақтастық принципін бейнелейді. Онда мәдениет аясында жеке толыққанды өмірдің субъектісі сапасында өзін-өзі анықтауға бағытталған перспективамен оқыту идеясы да айтылған. Осындай интегративтік мақсатпен осы мәдениеттің индивидте, оның жалпы мәдениетінің бөлшегі ретінде дамытудың шикізаты болып мектеп оқушыларында дене мәдениетін қалыптастыру алынады.

Мектеп оқушыларының дене мәдениетін қалыптастырудың бүгінгі жағдайын зерттей отырып, дене мәдениетін қалыптастырудың маңызды элементтерінің бірі болып табылатын деңгейді анықтау барысында, төмендегі жайттар айқындалды: мектепте дене тәрбиесінде әрдайым жаңа технологияларды пайдалану тиімді жүргізілмейді, аптасына үш рет болатын дене тәрбиесі сабақтарында дәстүрлі сабақтар барысында баланың психологиялық танымын арттыратын жаңа технологиялардың көмегімен дененің жұмысқа қабілеттілік деңгейін арттыруға арналған көрсетілімдер жетіспейді, бұл жетіспеушілікті үй тапсырмасымен толтыруға болады, бірақ аталмыш форма дене тәрбиесі мұғалімдері тарапынан қолданыс таппай келеді, мектеп оқушыларына қарағанда, қозғалыс белсенділігі аз, арнайы мамандандырылған мектеп оқушыларының омыртқа сүйектерінің бұзылуы жиі кездеседі, оның зардабы мен дене бітімін оқушылардың бейнені түгелдей көз алдарына әкелу тек қана жаңа технологияны пайдалану барысында мүмкін болатындығы анықталынды. Қазіргі уақытта дене тәрбиесі сабағына қатысу қызығушылығының төмен екендігі байқалады, 5-7 сынып оқушылары 31% дейін сабақ жіберсе, ал 10-11 сынып оқушыларының қыз балалары 40% дейін қатыспайды; кейбір мектептердің материалдық базасы өте нашар, спорт залдарында және алаңдарында құрал-жабдықтар жоқ. Дегенмен, кейбір мұғалімдердің сабаққа қойылған міндеттерді шешуі үшін сабақта жаңа технологияны шеберлікпен қолдануын атап өткен дұрыс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Усова А.В., Беликов В.А. Как овладеть рациональными умениями и навыками учебного труда: Методические рекомендации для учащихся старших классов средней школы. – Магнитогорск, 1990. – Ч.1 -30с. – Ч.2. - 40с.

2 Теоретические основы содержания общего среднего образования // под редакцией В.В. Краевского, И.Я. Лернера, М, 1983.

3 Аганина К.Ж. Формирование учебно-компьютерные умения у учащихся в процессе обучения школьным дисциплинам, Дисс.к.п.н., Алматы., 1996.

4 Даумов Н.Ғ. Оқытуды ақпараттандыру процесінде оқушылардың зерттеу қызметін дамыту, пед. ғ. канд. атағы үшін жазылған дис. – Алматы, 2003.

***

Исследование процесса физического воспитания учащихся в общеобразовательной школе, его инновационной технологии, передового опыта в связи с национальными традициями и современными новшествами –

первейшая задача педагогической науки сегодняшнего дня. Разносторонние изменения в сегодняшнем обществе способствуют коренным изменениям человеческого субъекта, заставляют его изыскать новые параметры в определении целей жизнедеятельности, установок подходов к поведению и образу жизни.

***

Research of process of physical education of the pupil in a comprehensive school, its innovational technology, advanced experience in connection with national traditions and modern innovations – the first task of a pedagogical science of today. The versatile changes in a modern society promote radical changes of the human subject, force him to find new parameters in definition of the purposes of ability to live, installations of the approaches to behaviour and mode of life.

ӘОЖ 378.18

Ергалиева Г.А.
п.ғ.к., М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Баекесова Г.К.
магистрант, М.Өтемісов атындағы БҚМУ

СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІПТІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Жоғары оқу орнында оқу барысында кәсіптік бағыттылық қызметі өзінің мазмұны мен шарттарын іске асыру жағынан болашақ маманның атқаратын қызметіне жақын түрде тәрбиеленеді. Қызмет теориясы туралы маңыздылығы жағынан одан кем түспейтін басқа тұжырымдама осы қызметке мотивациясы бар тұлғадан ғана толықтай осы іске өзіндік берлуімен, шығармашылық белсенділігімен қоса өмірлік тәжірибе арқылы жинақталған тәжірибесі, білімі, біліктілігі мен дағдыларын жинақтаған табиғат берген қабілеттерді өзіндік іске асыруымен байланысты.

Ғылыми әдебиеттердегі кәсіптік-қолданбалы дене дайындығының негізгі тұжырымдамаларына тоқталатын болсақ, ол келесі тұрғыда беріледі.

Қоғамдық және жеке қажеттілік, жеке тұлғаның қалыптасуындағы еңбек практикасына дайындалған дене шынықтыру қызметінің қуаты туралы едәуір теориялық және практикалық материалдың жинақталуы, кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы бөлініп шығатындай жағдай туғызды. Кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы теориясының негізін қалаушылардың

бірі Б.И. Загорский кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы теориясы мен әдістемесінің қатынастық кестесі мен кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы еңбектің объективті факторларымен байланысын көрсететін аралас ұғымдарды ұсынды [5].

Қызметтің ақпаратпен қамтамасыз ету ерекшеліктері келіп түскен ақпараттардың сипатымен, көлемімен және оны адамдардың еңбек қызметі барысында қабылдау жағдайларымен байланысты. Бұл жерде модальдық, түрлер, дабылдардың қарқындылығы мен олардың қарқындылығының өзергіштігі, келіп түскен ақпараттардың уақыт бірлігіндегі саны, қабылдау шарттары (уақыт лимиті, еңбек оъектісі мен субъектісінің қимыл барысындағы, кедергі кезіндегі қабылдауы) ескерілген. Нақты қызмет барысында көрсетілген белгілерді, олардың көріну дәрежесін анықтай отырып, мысалы, операторлардың белгілі бір факторларға байланысты түрлі ағза жүйесіне қойылатын талаптарды орнықтыру мүмкін.

Л.П.Матвеев кәсіптік-қолданбалы дене дайындығына таңдаған кәсіптік қызметін дене дайындығымен бірге қамтамасыз етуге бағытталған дене тәрбиесінің түрі ретінде анықтама береді [4].

В.И. Жолдак өз жұмыстарында кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы процесінде жеке тұлғаның болашақ мамандығына қатысты әлеуметтік сапалары мен қасиеттерін дамыту қажеттілігін атап көрсетеді [3].

В.И. Ильинич зерттеулері бойынша кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы туралы басқа ұғымды ұсынады. Оның пікірінше, кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы – ол адамды белгілі бір кәсіптік қызметке дайындау үшін дене шынықтыру және спорт құралдарын арнайы бағыттық және таңдамалы түрде пайдалану деп атап көрсетеді [1].

Р.Т. Раевский [2] кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы ұғымы көп сатылы, кәсіпқой жеке тұлғасының дене тәрбиесі мен қалыптастыру жүйесімен байланысты күрделі ұғым екендігін атап көрсетті. Ол өз пікірін былайша баяндайды: «кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы деп нақты мамандық қызметі үшін аса үлкен маңыздыға ие жеке тұлғаның сапалары мен қасиеттерін қалыптастыру мен жетілдіруді қамтамасыз ететін дене тәрбиесінің кіші бір жүйесін айтамыз».

«Кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы» ұғымымен қатар дене тәрбиесінің практикасында «кәсіптік-қолданбалы дене шынықтыру» ұғымы да іске асырылады.

«Кәсіптік-қолданбалы дене шынықтыру» ұғымы қолданбалылық көзқарасы тұрғысынан өзінің тар және кең мағынасы ұғымы арқылы түсіндіріледі.

Кең мағынасында кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы таңдаған еңбек қызметіне қатысты өмірлік тәжірибесінде қолдану арқылы көрінетін субъектінің әлеуметтік тұрғыдан қалыптасқан дене қабілеттерін дамыту деңгейі деп түсіну керек. Осындай қолданбалылықтың негізін ағзаның функциялық мүмкіндіктерін интеграциялы түрде арттыру құралдары ретінде және өмірлік маңызды қозғалыс біліктіліктері мен дағдыларының бай жеке қорын жасау дене шынықтыру факторларын құрайды.

Дене шынықтырудың «қолданбалы» тар мағынасы деп таңдаған кәсіптік қызметінің арнайы дайындалу процесіне жарамды белгілі бір факторларды практикалық тұрғыдан бағытты түрде пайдалана білуін көрсету деп түсініледі. Сондықтан ол кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы деп аталады, ал өндіріс саласында жұмыс қабілеті мен оны орындаушыларға деген еңбектің әсері - өндірістік дене шынықтыруды оңтайландыру үшін тікелей қолданылады.

Осылайша, кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы біріншіден, жеке тұлға мен жалпыға тән кәсіптік-қолданбалы жеке тұлғалық қасиеттердің, сапалар мен функциялардың, екіншіден, білім берудің барлық кезеңдерінде мамандық меңгеруге және кәсіби қызметті одан ары жетілдіруге қажетті қолданбалы дене, психофизиологиялық сапалар мен функциялар, қозғалыс біліктіліктері мен дағдылары кешенін қалыптастырудың қоғамдық және жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға жұмылдырылған.

Ғылымның іргелі негіздеріне ие кең спектрлі білім меңгерген, бірақ жақсы дамыған психофизиологиялық, дене сапаларына ие, арнайы-қолданбалы білімдермен, қозғалыс біліктіліктері, дағдыларымен қаруланған мамандар – кез-келген бейіндегі мамандар кәсібилігінің түпкі нәтижесі болып табылады. Сондықтан, дене тәрбиесін қазіргі өндіріс сипатына қатысты қоғамдық қажеттілік деп қарастыру керек. Бұл мамандардың дене дайындығы талаптарының кең спектрі студенттер дене дайындығының әдістері, тәсілдері мен формаларының үлкен арсеналын пайдалану арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін.

Б.И. Загорскийдің пікірінше, «...кәсіби-қолданбалы дене дайындығы процесінде келесі міндеттер шешімін табады: кәсіби маңызды дене сапаларын тәрбиелеу; қолданбалы қозғалыс

біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру; сыртқы ортаның өндірістік және басқа факторларының әсері арқылы ағзаның функциялық тұрақтылығын арттыру; қажетті сенсорлық сапаларды жетілдіру; психикалық сапаларының, соның ішінде таңдаған мамандығы үшін маңызды болып табылатын жеке сапаларының дамуына ықпал жасау; арнайы білімдермен қаруландыру...».

Студенттердің кәсіби-қолданбалы дене дайындығының айрықша міндеттерінен басқа белгілі бір дәрежеде жастарды нақты еңбек қызметіне дайындау мен бағдар беру проблемаларын шешеді: жаңа жағдайларға кәсіби-еңбек тұрғысынан бейімделу, өндіріс ұжымына жылдам ену, тұлғааралық қатынастар орнықтыру мен нығайту.

Студенттердің кәсіби-қолданбалы дене дайындығы келесі бағыттар бойынша іске асырылады:

1) студенттердің жұмыс жағдайларын, демалыс пен жас ерекшеліктерін ескеру арқылы дене шынықтыру және спорт тәсілдерін еңбек пен демалыс тәртібінде қолдану біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру;
2) жекелеген спорт түрлері элементтерінің құрылымына ұқсас қолданбалы біліктіліктер мен дағдыларды меңгеру;
3) нақты мамандық бойынша жоғары еңбек өнімділігіне қажетті қозғалыс сапаларын арнайы түрде тәрбиелеу.

Қолданбалы білімдерді қалыптастыру процесі студенттердің күнделікті өмірде аурулардың алдын алу мен өндірістік шаршауды ескерту мақсатында дене шынықтыру және спорттың әдістері мен тәсілдерін пайдалану туралы білімдерін меңгертуді қарастырады.

Қолданбалы білімдердің белгілі бір бөлігі кәсіптің нақты бір түрі үшін айрықша болып табылады. Мысалы, тауда жұмыс істейтін геодезистерге тау гипоксиясының жұмыс қабілеттілігіне әсері туралы қолданбалы білімдер, сонымен қатар осы факторларға деген тұрақтылығын арттыру үшін дене шынықтыру және спорт тәсілдері туралы білім қажет.

Болашақ медицина қызметкерлері, мысалы, дене шынықтыру және спортпен шұғылдану барысында дәрігерлік бақылау мен өзіндік бақылау туралы, спорттық массаж бен өзіндік массаж әдістемесіне, дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын орындарға деген санитарлық талаптар бойынша спорттық жаттығу негіздерінің жалпы мәселелері бойынша теориялық білімдерді меңгеруі тиіс.

Қолданбалы сапаларды тәрбиелеу барысында қолданбалы білімдер үлкен маңызға ие болғандықтан, студенттің өзінің болашақ мамандығының ерекшелігі бойынша көзқарасы мен білімі ретінде түсіндіріледі, яғни болашақ маманды өндіріс жағдайларына дайындап, вестибулярлық тұрақтылығын тәрбиелеуі қажет.

Қолданбалы дене сапаларын тәрбиелеу - ол кәсіби-қолданбалы дене дайындығы мақсатында адамның дене сапаларын (күшін, жылдамдығын, төзімділігін,ептілігі мен икемділігін) тәрбиелеу мен жетілдіру.

Қолданбалы дене сапаларын тәрбиелеу барысында жаттығудың кешенді әдісі анағұрлым тиімді болып табылады, себебі бастапқы кезеңде жағымды құбылысқа ауысуымен байланысты барлық дене сапалары жақсара түседі. Жаттыққандықты ауыстыру үшін дайындық пен арнайы жаттығулардың мөлшерін, қарқындылығы мен құрылымын ғылыми негізде іріктеу жолымен басқару керек.

Жүйелі жаттығуларды тоқтату қозғалыс жылдамдығын, күш пен төзімділік қабілеттерін жоғалтуға алып келеді, сондықтан кәсіби-қолданбалы сапалардың оңтайлы деңгейін қолдау үшін жоғары оқу орнын аяқтаған соң да дене жаттығуларын үнемі орындап жүруі қажет.

Күш қабілеттерін тәрбиелеу күш мүмкіндіктерінің өсе түсуіне ықпал етіп қана қоймай, басқа сапаларды да арттырады. Сондықтан бұлшық ет күші белгілі бір дәрежеде жылдамдықты, төзімділікті,ептілікті дамытуға ықпал етеді. Студенттердің бойында абсолютті күшті анықтаумен бірге 1 кг дене массасына қатыстысын анықтау арқылы жеке адамның күш мүмкіндіктері туралы анағұрлым нақты ақпарат береді. Күшті өзінің жеке салмағы мен ауыр салмақты заттар арқылы жаттығулар көмегімен тәрбиелейді. Жаттығуларды жеке дара іріктеу қажет, бірақ жаттығу барысында жалпы принципті басшылыққа алу керек: олар өзінің құрылымы, шамасы мен жүйке-бұлшық ет күштерінің сипаты, жұмыс қимылдарының бұрышты амплитудасына бағытты әсер етуі арқылы (локальді және жалпы) ұқсас болуы тиіс.

Кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы мақсатында кеңінен қолданылуы тиіс: изометриялық жаттығулар өз бетінше және динамикалық жаттығулармен қоса кешенді түрде. Барлық осы жаттығулар арнайы дайындықты, құрал-жабдықтарды қажет етпейді, аз уақытты алады және жұмыс орнында орындалуы мүмкін. Болашақ маманды кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы мақсатында жылдамдық тәрбиелеу барысында жұмыс

жағдайларының ерекшелігі моделін ескеру қажет, себебі жылдамдық сапасын ауыстыру ұқсас құрылымдық қозғалыстар бойынша іске асады.

Қазіргі мамандықтардың көптеген бөлігінде қозғалыс жылдамдығы мен нақтылығының оңтайлы түрде тіркесуі талап етілгендіктен, едәуір бұлшық ет күшін қажетсінбейді (конвейерлердің, есептегіш құралдардың, басқару пульттарының операторлары және т.б.).

Жылдамдықты тәрбиелеу үшін қозғалмалы және спорт ойындарын қолдану студенттердің кәсіби-қолданбалы дене дайындығы барысында маңызды рөл атқаратын қозғалмалы нысандары арқылы қозғалыс реакциясының жылдамдығына ықпал ететін және тәрбиелейтін мақсатқа сай келер еді.

Кәсіби-қолданбалы дене дайындығы процесінде төзімділікті тәрбиелеу үшін студент ағзасындағы оның жүрек-тамыр және тыныс алу жүйесінің қызметтік мүмкіндіктерінің деңгейін арттыру қажет.

Арнайы төзімділік адамның арнайы еңбек қызметі арқылы анықталады. Кәсіби-қолданбалы дене дайындығы мазмұнын анықтау барысында еңбек қызметі мен ұсынылған жаттығулар арасындағы сәйкестікті (еңбек пен жаттығулардың қозғалыс қимылдарының қарқындылығы мен ұзақтығын; осы және басқа да қайталаулар санын; демалыс интервалы мен сипатын) табу қажет.

Кәсіби-қолданбалы дене дайындығы мақсатындағы ептілік пен икемділік жалпы дене дайындығы тәсілдерінің көмегімен тәрбиеленеді. Бұл сапалар өз бетімен аса үлкен маңызға ие емес, тек көмекші сипатқа ие. Арнайы қолданбалы сапалар арнайы дене жаттығулары көмегімен қоса еңбек қызметі процесінде белгілі бір шекке дейін тәрбиеленеді. Сондықтан кәсіптік-қолданбалы дене дайындығының мазмұны адамның қызметі мен сапаларының дамуымен тығыз байланысты болғандықтан, оларды болашақ мамандығында қолданады. Спорт ойындары көру бұрышының арта түсуіне әсер етіп, кеңістік пен уақытта бағдар алу мен басқа да көптеген сапаларын жақсарта түседі. Ағзаға гимнастика, акробатика, жүзумен айналысу айрықша әсер етеді. Дене жаттығуларын қолдану әдістемесі нақты еңбек жағдайларымен тығыз байланыста болып, студенттің болашақ мамандығында кездесетін тітіркендіргіштерге деген тұрақтылығын қалыптастыруы тиіс.

Студенттердің кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы тәсілдерін іріктеу әрбір нақты жағдайда жоғары оқу орындарының дене тәрбиесі кафедралары арқылы шешімін табады.

Жекелеген қолданбалы дене жаттығуларын іріктеу еңбек қозғалысындағы ұқсастыққа сәйкес жүргізіледі.

Осыған байланысты студенттер дене тәрбиесі процесінде гигиеналық және қайта қалпына келтіру шараларына үйренеді.

Кәсіби-қолданбалы дене дайындығының тиімділігін қамтамасыз етуші көмекші құралдарға көрнекі құралдар мен техникалық оқу құралдары жатады, оларды пайдалану болашақ еңбек ерекшеліктері мен студенттердің жаттығу тәртібін сәйкестендіруге ықпал етеді.

Қазіргі кезде студенттердің дене тәрбиесі жүйесінде кәсіптік-қолданбалы дене дайындығын іске асырудың бірнеше формалары анықталды, оларды келесі тұжырымдамалар бойынша топтастыруға болады.

1) арнайы ұйымдастырылған оқу сабақтары (міндетті және факультативті);
2) дене шынықтыру сабақтары мен спорт түрлері бойынша өзіндік және өзіндік әрекет сабақтары;
3) оқу күні сабақтарындағы дене жаттығулары, бұқаралық сауықтыру және дене шынықтыру мен спорттық шаралар.

Осы топтың әрқайсысы кәсіптік-қолданбалы дене дайындығын іске асырудың бір немесе бірнеше формаларына ие болғандықтан, жоғарғы оқу орындарының таңдауы бойынша түрлі бейіндегі факультеттерде қолданылуы мүмкін. Академиялық сабақтардан басқа осы уақытта кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы сабақтары оқу практикасы кезінде оқытушылардың жетекшілігімен кең қолданысқа ие болып келеді. Сабақтан тыс уақыттағы кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы студенттердің өзіндік сабақтарында да бірнеше формаларға ие: оқытушылар жетекшілігі арқылы қолданбалы спорт түрлері бойынша сабақтар – спорт секцияларындағы жаттығуларға, сауықтыру-спорттық лагерлеріндегі, оқу практикасындағы, оқу жылы бойындағы бос уақыттарда.

Дене тәрбиесі міндеттерін шешудегі маңызды рөлді жаттығу әдістері және оларды практикада қолдану білімдері мен біліктілігі арқылы маманның кәсіби тұлғасын едәуір дәрежеде анықтай түседі. Осы әдістерді жалпыланған түрде үлкен екі топтарға бөлуге болатыны баршаға мәлім: жартылай регламенттелген жаттығу әдістері және қатаң регламенттелген жаттығу әдістері. Бірінші топ

екі әдістен тұрады: ойындық және жарыстық, екіншісі – қалғандары. Екінші топ өте кең түрде қарастырылғандықтан, көптеген жаттығу әдістерінен тұрады.

Түрлі мамандықтар бойынша жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған кәсіптік-қолданбалы дене дайындығын ұйымдастыру әдістері мен формаларын мамандар жасап шыққан, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге талдау жасалынған.

Жалпы төзімділікті тәрбиелеуге сауықтыру степ-аэробикасы мен тренажер қондырғыларындағы сауықтыру жүгіру тәсілдері ықпал етті. Сабақтардағы жүктемелер аэробты жаттығуларды орындау қарқындылығының артуы орындалатын би композициялары күрделілігінің артуы есебінен өсіп отырды. Жоғары үйлестіру күрделілігі элементтері, жоғары амплитудалы қимыл-қозғалыстар қосылып, орын алмасу қозғалыстары мен бұрылыстардың саны барған сайын артып отырды. Біздің зерттеу барысымызда студенттерге жүргізілген эксперименттің анықтама бөлімінің нәтижелеріне үңілетін болсақ, дене шынықтыру сабағына арнайы қатысатын студенттер мен дене дайындығы жалпы өткізілетін студенттер арасындағы айырмашылық зерттеуге алынды.

Университет бойынша жалпы дене дайындығы өтетін студенттер мен арнайы дене тәрбиесі дайындығынан өткен студенттердің дене шынықтыруға деген көзқарасын анықтау үшін сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға жауап берушілердің көпшілігі биолог маманға ең қажетті және маңызды дене қабілеттерінің ішінде 58,2% пайызы шыдамдылық деп белгіледі, 16,6% – күш, 9,8% – ептілік, ал 15,4% пайызы жылдамдық екендігін көрсетті. Жауап берушілердің 42,8% пайыздан 74,5% пайызға дейін өздерінің дене дайындығын қалай арттыру керектігін білмейді. Бұл жоғары оқу орнында кәсіптік-қолданбалы дене дайындығының дұрыс жолға қойылмауы нәтижесінде болуы мүмкін. Сауалнамаға жауап берушілердің 3,4% пайызы ғана айналмалы жаттығу әдісін қолданған. Өкінішке орай, сауалнама жүргізу кезінде биологтардың 83,2% институтта білім алған жылдары спортпен белсенді шұғылданбаған және шұғылданбайтынын көрсетті. Бұл жағдайда биологтардың кәсіби қызметінде дене тәрбиесіне өте сирек көңіл бөлінеді деп қорытынды жасауға болады. Бірақ сауалнамаға қатысқан барлық студенттер дене тәрбиесі, туризм және шынығу негіздерін білу керек екендігін атап өткенін қуанышпен айтуға болады.

Жоғарыда зерттеу нәтижелеріне жасалған талқылау негізінде келесі қорытынды жасауға болады: биолог мамандығының кәсіби қызмет сипаты мен мазмұнына сәйкес дене қабілеті, қозғалыс ептіліктері мен дағдыларын белгілеу қажет. Бұл зерттеу жұмысында оның бәрі кестеге жинақталып талданған (1 кесте).

1 кесте – Биолог мамандығының кәсіби қызмет сипаты мен мазмұны және осыған байланысты қажетті дене қабілеттері мен психикалық қасиеттері

Кәсіби қызмет сипаты мен мазмұны	Қажетті қабілеті
орта білім беру мектебіндегі оқу бағдарламасына енгізілген ботаника, зоология, физиология, биохимия, цитология сияқты биологиялық ғылымдар, сонымен қатар жалпы білім беру пәндері бойынша сабақ беру; әр түрлі мекемелерде бейінді пәндері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу; әр түрлі деңгейдегі мемлекеттік құрылымдарда өндірістік-басқару қызметі; химия-биологиялық бейінді (ауыл шаруашылық және минералды шикі заттар өңдеу өндірісі) өндірістерде ұйымдастыру-технологиялық қызмет; су омыртқасыздарын қолмен жинау; түрлі табиғат ортасына саяхатқа шығу барысында жер бетіндегі омыртқалыларды тікелей бақылау және олардың белгілі бір түрлерін жиналған жерлерде аңду жолдары арқылы бақылау, мысалы, тоғай, қалың бұталар немесе құрайлар ішінде.	статикалық төзімділік (статикалық жағдайда салмақты зат ұстау), ептілік, күш және көру өткірлігі, ойлау жылдамдығы, зер салу мен назардың тұрақтылық мөлшері мен үйлесімі, көргенін есте сақтау, жедел есте сақтау.

«Биолог студенттердің дене тәрбиесі бойынша оқу процесі құрылымының ерекшеліктері» тарауында келесі мәліметтер алынды. М.Өтемісов атындағы Батыс қазақстан мемлекеттік университетінің дене тәрбиесі оқытушылары жүзеге асырған жылдық жоспар-кестесін талдап, дене қабілеті дамуының келесі жүйелілігі жоспарланды деп болжамдар жасауға болады. 1-3 семестр басында (1 жарты жылдық) «жеңіл атлетика» бөлімін өту барысында студенттерде жылдамдық пен жылдамдық-күш қабілеттілігі дамуы қажет. Жаттығу залдарында сабақ бағдары студенттердің күш-қабілетін дамыту мақсатына бағытталды.

«Жеңіл атлетика» бөлімінде лақтырыс және орта, ұзақ қашықтыққа жүгіріп өту кезінде студенттердің жылдамдық-күш қабілеттері және төзімділіктері дамуы қажет. Футбол, волейбол, баскетбол сынды спорттық ойындар ептілік, жылдамдық, жылдамдық-күш қабілеттерді, арнайы төзімділікті, перифериялық көруді дамытады. Гимнастиканың әркелкілігі (акробатика, қоссырық, белтемір, ағаш ат арқылы секіру) ептілік, үйлесімділік, жылдамдық, күш қабілеттерін, арнайы төзімділік сияқты дене қабілеттерін дамытуға бағытталған. Үстел теннисін ойнау кезінде ептілік, жылдамдық, жылдамдық-күш қабілеттері, перифериялық көру қасиеттері дамуы тиіс деп қорытындылауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Ильинич В.И. Профессионально-прикладная подготовка студентов ВУЗ-ов. Учебное пособие. –М.: Высшая школа. -1978. -144 с.*
2. *Раевский Р.Т. Профессионально-прикладная подготовка студентов технических ВУЗ-ов .-М.: Высшая школа.-1985.-136с.*
3. *Жолдак В.И. Методы совершенствования физического воспитания в ВУЗ-е-М., 1983.*
4. *Матвеев Л.П. Теория и методика физического воспитания. М.,ФиС, 1976.*
5. *Загорский Б.И. Профессионально-прикладная физическая подготовка в советской системе физического воспитания. М.: ГЦОЛИФК, 1981.-31с.*

***

Дальнейшие исследования по рассматриваемой проблеме следует проводить для совершенствования содержания профессионально-прикладной физической подготовки по смежным и другим специальностям, а также использованию круговой тренировки в школах, колледжах и высших учебных заведениях для оптимизации содержания занятий по физической культуре и физическому воспитанию.

***

The further researches on considered problem should be conduct for perfection of the maintenance of professional-applied physical preparation on adjacent and other specialties, and also using of circular training at schools, colleges and higher educational institutions for optimization of the maintenance of classes on physical culture and physical training.

ӘОЖ 796:371

Айтқалиева Қ.Д.
өнертану кандидаты, доцент
Мұқанбетова Ж.Т.
2 курс магистранты

«МӘДЕНИ-ТЫНЫҒУ ЖҰМЫСЫ» МАМАНДЫҒЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРГЕ ХОРЕОГРАФИЯ САБАҒЫН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Білім мен ғылымның ертеңі – бүгінгі студент. Білім беру мекемелері мен педагогикалық ғылымда білім берудің мақсаты мен мазмұнына, оны орындаудың әдіс-тәсілдеріне деген жаңа көзқарастар қалыптасуда. Қазіргі таңда қоғам дамуының, әлеуметтік-экономикалық деңгейдің артуына қарай әрбір адам оның заңдылықтарына, талаптарына сай бейімделе түсетіні анық. Әрбір жас қоғамның сұранысына дайын болғаны жөн. Ол үшін жан-жақты білімді, мәдениетті, өнерлі жастарды тәрбиелеу - бүгінгі өмір талабы. Өнерлі жастарды дайындау балабақша, мектеп тәрізді білім ошақтарынан бастап, жоғары оқу орындарында оқып жүрген студенттерден ерекше дайындықты қажет етеді. Әсіресе оқу орындарында білім алып жатқан болашақ мамандарды өнерге, оның ішінде би өнеріне тәрбиелеудің мәні зор. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Мәдени-тыныңу жұмысы» мамандығы бойынша би сабағы таңдау компоненті ретінде оқытылады. Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындарында «Мәдени-тыныңу жұмысы» мамандығында оқып жатқан студенттерге би сабағы өте қажет. Себебі жастардың бойында мамандықпен қоса өнердегі талантын ашу, ұлттық құндылық пен мәдениетке тәрбиелеу, дене қимылы, жүріс тәсілдерін, дененің мүмкіндігін көрсету, рухани көзқарасын қалыптастыру, әлемдік ұлттық этика мен эстетикаға тәрбиелеу маңызды міндет болып отыр. Бұл рухани байлығы мол азамат жастарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Би өнері өзінің тақырыптық мазмұндық жағынан түрлі этикалық нормалардың жиынтығын қамтиды. Онда ұлттық дәстүр, болмыс, әдет-ғұрыптардың элементтері толық сақталған. Би өнерінің шежіресі ежелгі заманнан бастау алады. Ежелгі адам табиғат күштерінің көзге көрінетін және көзге көрінбейтін құбылыстарымен сабақтас болып, өздерінің дүниені түйсінуін

өзінше жеткізген. Қоршаған әлемді түсінуге талпынған адам баласы құдіретті күштерден қорған табуға, солардың көмегімен қоршаған ортаға ықпал етуге ұмтылған. Бұл әрекет ежелгі адамның діни салт-жораларынан көрініс тапты. Олар дуалы сөздермен, музыкалық аспаптардың үндерімен, рәсімдік билермен сүйемелденіп отырды. Сондықтан би өнері арқылы жастарды ұлттық өнерге тәрбиелей отырып, халықтың бай мұрасынан да мол ақпарат беруге болады. Би өнерінде ұлттық құндылықтармен қатар түрлі ұлттың эстетикалық, рухани мәдениеті жатыр. Кез-келген ұлттың биінен сол ұлтқа тән болмысты, мәдениетті айқын аңғаруға болады. Би өнері тек өнер түрінде ғана емес, идеологиялық қызмет те атқарады. Жоғары оқу орындарындағы студент жастарды би өнеріне тәрбиелей отырып, олардың ұлтқа, қоғамға деген сүйіспеншілігін дамытуға болады. Болашақ мамандарды би өнеріне баулу арқылы бүгінгі қоғамның талабына сай бәсекеге қабілетті, дарынды азаматтарды тәрбиелеуге мүмкіндік бар.

Би өнерінің өзінде адамның пластикалық жарасымының дамуына әрі үйлесімді жәрдемдесетін қасиеттер бар. Жоғары оқу орнындағы би сабағында денсаулығын нығайту, жеңіл қимылдауға, шапшаңдыққа, қажырлыққа, кеңістікте бағыт ұстай білуге жол ашады, қимылдың формасы мен бағытының дұрыстығын сезіне білуге тәрбиелейді.

Би дененің сымбатты болуына, денені тік ұстауға, әдемі қозғалуға, жүріс тәсілдерін дұрыстауда мүмкіндік жасайды. Би арқылы өз денесін билеу кезінде ғана емес, өмірде, күнделікті тұрмыстық әрекеттерде де жеңіл еркін әрі табиғылықпен меңгере білуге үйренеді.

Би сабағы классикалық экзерсиспен басталуы керек. Адамның көркемдік шығармашылығы қай салада болсын белгілі бірептілікті, шеберлікті, қалыптасқан машықты талап етеді. Осыептілікке, шеберлікке, машыққа ие болу үшін оған би шығармашылығындағы классикалық экзерсис үлкен көмегін тигізеді.

Би экзерсисі (француз тілінен - ***exserise*** – жаттығу) деген түсінік дүниежүзілік тұрмыс-тәжірибеге енген. Сондықтан да қазақ экзерсисі атауында қолдану әбден орынды әрі заңды, былайша айтқанда, өзіміздің халық биінің қайталанбайтын дәстүрлері мен мүмкіндіктерін тәрбиелейтін қазақы жаттығулар.

Билеу экзерсисі – тек жаттығу бабының жиынтығы ғана емес, ол – биге үйретудің көркемдік жүйесі және осы өнердің мәнін жете меңгеру. Экзерсистерде осы өнердің басты ерекшелігі – саз бен

қимылдың ажырамас бірлігі сезіледі. Экзерсистің саздық сүймелдеуі өзінің әуендік-ырғақтық көркемдігі мен би жаттығулары әсерлілігінің мол болуына жағдай жасайды. Сондықтан да әртүрлі экзерсистерді меңгеру кезінде музыкалық материалдарды таңдап алуға және орындауға ерекше көңіл бөлінуі тиіс.

Классикалық экзерсис, тіпті оның ең қарапайым элементтері мен ең шағын көлемінің өзі де дене бітімінің дамуында болатын кемістіктер мен тұрпайы дағдыларды (аяқтың қисықтығы, еңкіштік, дененің икемсіздігі) түзеуге айрықша көмегін тигізеді. Аяқ пен бұлшық еттерінің күшін барынша жетілдіреді. Кез келген күнделікті қимылдың табиғи жарасымдылығы мен сұлулығы үшін аса маңызды, әрі би қимылдарының бәріне де қатысатын дене мүшелерінің – басты еркін әрі түзу ұстау дағдысын қалыптастыра отырып, қолдың, иықтың, мойынның еркін және дұрыс бұрылуын жетілдіреді.

Аяқтың «бұрылғыштығын» дамыту ісінде классикалық экзерсистің ерекше маңызы бар. «Бұратылғыш» аяқтың қызмет аясын кеңейте түседі... Бұл эстетикалық ұғым емес, кәсіптік қажеттілік...» - деп жазды А.Я.Ваганова. Туа пайда болған немесе классикалық экзерсиспен қалыптасқан аяқтың созыла бұратылуы арқылы ғана оның икемділігі артады. Созыла бұратылудың жетілуі - кез келген қозғалысты еркін орындауға мүмкіндік берудің, классикалық экзерсистің негізгі элементтерін меңгерудің басты мақсаттарының бірі.

Қазақ экзерсисі – халық биінің өзіндік қимыл ерекшелігі мен ұлттық бояуын сақтап қалу үшін, оны қате үйретуден сақандыру мақсатында жасалған жаттығулар жиынтығы. Ол аяқтың, қолдың, дененің халықта қалыптасқан қимылдарының негізінде құралады. Аяқ үшін ұзақ және тиянақты тәрбиені қажет ететін бірқатар жаттығулардың негізі қазақтың пластикалық эстетикасының кейібір принциптері жинақталған қимылдар болып саналады.

Осыған байланысты оларды тиісті бастықтырғыштармен (станоктармен) еден ортасында жасау бұл қимылдарды орындау үшін қажетті дағдылар мен қабілетке ие болу үшін керекті бұлшық еттердің күшін дамытатын жаттығулар қызметін атқарады. Экзерсиске арналған бұл қимылдар билеу технологиясының басты, қажетті дағдылары мен шеберлігін тәрбиелеп қана қоймайды, дәлірек айтқанда, қазақтың би мәдениетінің ежелден орныққан өзіндік сипаты мен эстетикасындағы дәстүрлер мен мүмкіндіктерді

меңгеруге тәрбиелейді. Дәстүр халықтың сан ғасырлық, көркемдікке тән даналығы мен дүниеге келіп толыққан баға жетпес байлығын және бидің ұлттық бояуын танытады.

Зал ортасындағы сабаққа қазақтың ірі-ірі билерін пайдалануға болады. Халқымыздың ойын-сауықтары, әдет-ғұрыптары көптеген балетмейстерлеріміздің қиялын ұштап, қызықты ойларға жетеледі. Соның ішінде халық арасында көп тараған аса бір қызық ойын «Қыз қуу». Бұл ойын – ұлттық спорттық дене шынықтыру ойыны ретінде дамыған. Үлкен жазықта жиналған топтың арасынан асқақтаған арғымақ мініп шыққан қыз олай орғытып, былай орғытып, қыз қууға дайындалып тұрған жігіттердің өзіне ұнағанын қамшымен тартып жіберіп, тура тартады, есі кеткен жігіт атына мініп шауып, әлгі сылқымды қуа жөнеледі. Ал қуып жетсе есесін қайтаруға тырысып, бетінен сүйіп алады.

Қыздары бозбалаларға қосылып, ай астында алтыбақан тепкен, дөңгелене ән айтқан, оттан секіріп «Айгөлек», «Қара құлақ» ойындарын ойнаған. Дәстүрлі би үлгілерінің бәрінен осы ойындардың әсері анық байқалады.

Ұлттық ойындарды қазақ операларында да би түрінде енгізіп отырған. Мысалы, «Шұға» музыкалық спектаклінде «Соқыр теке», «Ақ сүйек» ойындары көрсетілген.

«Біржан мен Сара» операсында «Белбеу тастау» ойыны енгізілсе, осы аталған операда жарыс ойыны «Ұтыс биі» суреттелген.

«Алқа-қотан» биінде «Арқан тарту», «Аударыспақ», «Сайыс», «Қазақша күрес», «Соқыр теке» ойындары өте тамаша көрсетілген. Ежелгі би ойындарының бірқатарынан сол билермен қоршаған ортаға – аңға, құсқа әсер ету сияқты ескі наным-түсініктердің ізі байқалады. Мысалға «Аю би», «Қаз-қатар», «Қоян би» тәрізді дәстүрлі би ойындарының мазмұны осындай ниеттен шыққан. Қазақ тұрмысында күні кешеге дейін кең таралған «Құсбегі-дауылпаз», «Қоян-бүркіт» іспетті би ойындарының да алғашқы негізінде осындай балаң түсінік болғанымен, кейін бұл билердің салт-саналық мазмұны өзгере келе аңшылық қызығына берілген адам бейнесін бейнелейтін, бүркіт баулу дағдыларын қайталайтын оқиғалы ойынға айналған. Көшпелі халық арасында кең таралған би ойыны «Ор текені» алсақ. Бұл бидің де алғашқы пайда болу негізінде ескі наным-түсінік жатыр. Ол уақыт өте келе алғашқы мазмұнынан айырылып, тау ешкісінің қимыл-қозғалысын бейнелетін күлкілі би түріне ауысады. Ал, кейін балалар ойыны

қатарына қосылады. Шығу тегі халықтың балаң наным-сеніміне барып тірелетін, бірақ бірте-бірте өзгеріп, әр түрлі жан-жануарлардың қимыл қозғалысын бейнелейтін балалар ойыны болып қалған мұндай ежелгі би нышандары көп. Өкінішке орай, олардың кейбіреулері кейінгі жылдарда ұмытылған. Мысалы, «Қоян-пышақ», «Қара сиыр», «Көк сиыр», «Түйе, түйе».

Қазақтар тұрмысында «ер қанаты - аттың» ерекше орын алғаны белгілі. Бұл халықтың әдет-ғұрпында, ұлттық ойындарында, эпосы мен күйінде, өлең-жырларында айрықша қастерленетін жылқы туралы түсінік жігіттің қайратын, жылқының жүрісін бейнелейтін көптеген билерге де алтын арқау болып енген. Мысалы, «Қара жорға», «Тепең көк», «Жорғалау», «Жорғаға еліктеу» сияқты халық билері ғасырлар бойғы өзгерістерді бастан кешіріп бізге жетті. Олар алғашқыда көпшіліктің бәрінің қатысуымен орындалатын салт-саналық мазмұннан бірте-бірте би ойынына айналған, ал кейін ырғақ жеке адамның сезім иірімдерін бейнелейтін, қайратты, батыл, оңтайлы жігіттер бейнесін сомдайтын дәстүрлі би үлгілері болып қалыптасады. Бұл бейнелерден сол замандардағы халықтың арман-мұраты көрініс береді.

Билеушілердің қимылын ашатын құралдарда да өзінше мағына бар. Жігіттер биінде көбінесе, қамшы, шоқпар тәрізді заттар қолданылса, қыздар биінде олардың бұрымынан өзге де тұрмыстық бұйымдар, мысалға «Шалқыма» биінде торсық, «Айда былпымда» жаулық көп рөл атқарады.

Қыздардың садақ, жеңіл қылыш ұстауы да жиі кездеседі. Бұл – жаугершілік заманнан қалған белгі. Қазақ халқының батырлық жырларымен аздап таныстығы бар адам, әйелдер мен қыздардың да ерлермен бірдей қолына қару ұстап, өз жұртын сыртқы жаулардан қорғағанын білетін болар. Халық жырлары мен аңыздарында тек қыздардың сұлулығы, ақылдылығы, жарға адалдығы ғана қастерленіп қоймай, олардың батырлығы мен батылдығы да жоғары бағаланған. Жүздеген жылдар көгін сыналып өтіп, бізге жеткен сол билердің бір үлгісі – «Қылышпен би» деп аталады. Онда жаумен ымырасыз күреске шыққан жас арудың өз халқының тағдыры туралы, соғыс салған қасірет хақындағы ащы ойлары бейнеленген.

Еңбек процесіне қойылған билер «Кесте», «Өрмек би», «Ұршық», «Киіз басу» - бұлар адам еңбегімен тығыз байланыста дамыған билер. Мысалға, кейбір өзгерістермен біздің заманымызға жеткен халықтың би ойыны «Өрнек бидің» негізінде әйелдер ғана

айналысатын тоқыма өнері жатса, «Өрмек өру» биінде өз ісіне риза болған шебердің бейнесі барша сезім иірімдерімен жақсы ашылады.

Сонымен, би пәні студенттің мәнерлі, қабілетті еркін қозғалуын дамытады. Тарихи-тұрмыстық би және бал биін білу, сымбатты дамуына, ой-өрісінің шығармашылық көрінісіне ықпал етеді. Халық биі студентті мақсатқа жетелейді. Оның әлемдік көзқарасын ашады, яғни би арқылы әр халықтың тарихын, салт-дәстүрін, мінез-құлқын біле алады, дене мүшесінің сымбатты да әдемі болуын дағдыландырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Абиров Д. Т. История казахского танца. – Алматы: Санат, 1997.*
1. *Аюханов Б.Г. Мой балет. -Алма-Ата: Өнер, 1988.*
2. *Бейсенова Ғ. Қазақ биі. Хореография мамандарын оқытуға арналған бағдарлама. – Алматы, 1993.*
3. *Ваганова А.Я. Основы классического танца. Л., 1943.*
4. *Всеволодская-Голушкевич О. Пять казахских танцев. -Алма-Ата: Өнер, 1988.*
5. *Всеволодская-Голушкевич О. Бақсы ойыны. –Алматы: Рауан, 1996.*
6. *Всеволодская-Голушкевия О. Халық билерінің табиғаты туралы. // Қазақстан әйелдері. – 1988. - № 2.*
7. *Жиенқұлова Ш. Сымбат. – Алматы: Өнер, 1987.*
8. *Жиенкулова Ш. Тайна танца. - Алма-Ата: Өнер, 1980.*

***

В статье рассматриваются особенности преподавания хореографии в высшем учебном заведении у студентов специальности «культурно-досуговая работа». Описываются основные этапы урока хореографии и методические приемы.

***

In the article are considered features of teaching of the choreography in higher educational institution at students of speciality "cultural-leisure work". And also described the basic stages of the lesson of choreography and methodical receptions.

ТАРИХ

ИСТОРИЯ

ӘОЖ 316.347:323.1

Шынтемірова Б.Ғ.
т.ғ.д., профессор, Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университеті

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭТНИКАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚТАР ЖӘНЕ ҰЛТ САЯСАТЫ

XX ғасырдың 60-шы жылдарында американ саяси ғылымында адамдардың этникалық жағы мен саяси көзқарастары арасындағы байланысты анықтау мақсатында «этносаясат» ұғымы енгізілген болатын. Кейін осы ұғым арқылы ұлттық процестердің әлеуметтік негізін зерттейтін арнаулы ғылым саласы деген түсінік орнай бастады.

Мемлекет шеңберінде адамдардың этноұлттық, социомәдени, мүліктік және азаматтық мүдделері мен ортақ мақсаттары тоғысады. Сондықтан да бұл жерде «мемлекет», «ұлт» және «қоғам» түсініктерінің айырмашылығына назар аудару қажет. Қарапайым тілмен түсіндірер болсақ, қоғам - өз отбасы, әлеуметтік және мәдени топтастары құрамымен бірге қоғам құрайтын адамдардың еркін бірлестігі. Қоғам рулық түсінікті берсе, мемлекет адамдардың өздері құрған ұйымдарының бастысы болып есептеледі.

Сол сияқты «халық» және «ұлт» ұғымдары арасында да үлкен айырмашылық бар. Әдетте «халық» деген ұғым арқылы белгілі бір өмір құрылымының тұрақты тәртібіне біркелкі және дербес құқықтық жүйемен біріккен адамдардың үлкен тобын атайды.

Этникалық топ дегеніміз - мүшелері өздерін бірыңғай мәдени құрылымға жатқызатын адамдар ұжымы. Олардың әлеуметтік өмірі, іс-әрекет аймағы тегі мен мәдениетінің бірлігінен айқындалады.

Этникалық топ түсінігін жан-жақты зерттеген социологтардың бірі - М. Уингер. Оның зерттеулері негізінен үш бағытта дамиды: 1) бір этникалық топ басқалардан төмендегі параметрлер бойынша ерекшеленеді: тілі, діни сенімі, нәсілдік

белгісі және шыққан елі; 2) этникалық топ мүшелері өз қауымы мен жалпы қоғам не адамзат арасында айырмашылық бар екенін сезініп, өз іс-әрекеттерін осы сезімге сәйкес ұйымдастырады; 3) этникалық топ мүшелері өзі текті дәстүрлері негізінде бірігеді, мысалы, дәстүрлі мейрамдарын атап өтеді, қонаққа «өзінікіне» барғанды ұнатады және т.б.

Әдетте, қоғамның әлеуметтік өміріндегі билік, байлық, бедел және т.б. әлеуметтік артықшылықтар көптеген жағдайларда этникалық текке тәуелді. Мысалы, американдық социолог Н. Смелзер пікірінше, демократия үлгісі болып табылатын Американың өзінде негрлер, азиялықтар мен латын американдықтар (латинос) еуропалықтарға (ақ нәсіл) қарағанда аз табыс табады, ең төменгі беделді қызметтерді иеленеді және ең аз жеке бас құрметіне ие.

Қазір кейбір қоғамдарда бір этникалық топ басқалар үстінен үстемдікке ие болады. Американдық социолог А. Вирт ғылыми айналымда «аз этникалық топ» түсінігін енгізді. «Ұлттық азшылық» (национальное меньшинство) – бұл оларға тән биологиялық және мәдени ерекшеліктерге байланысты қоғамдағы басқа этникалық топтармен салыстырғанда төмен жағдайда ие болған этникалық топ. Көптеген жағдайларда ұлттық азшылық жалқы пікір объектісіне айналады. Жалқы пікір – қоғам санасында ұлттық азшылық туралы қалыптасқан негізсіз, жалған (стереотип) көзқарастар. Осы жалқы пікір кесірінен ұлттық азшылық дискриминацияға ұшырауы мүмкін. Дискриминация – бұл ұлттық азшылықты қуғын-сүргінге салу. Дискриминацияның ең сорақы көрінісі нәсілшілдік (расизм) болып табылады. Бұл адамдарды тек тән өзгешелігі үшін аяусыз қырып-жою. Американдық социолог Н. Смелзердің пікірінше, адамзат тарихындағы нәсілшілдіктің ең айқын көріністері мыналар: Еуропа мемлекеттерінің XIX–XX ғғ. үшінші дүние елдерін аяусыз қанауы (Африка, Азия елдерінде аштықтан миллиондаған адамдар қаза тапты); Америка құрлығында үндістерді жою; қара американдықтарды құлдыққа салу; фашистік Германияның алты миллион еврейді жоюы.

1970 ж. орта шамасында американдық социологтар Т. Симпсон мен М. Уингер үстемдік етуші этникалық топ пен ұлттық азшылық арасындағы қарым-қатынастардың төмендегі формаларын көрсетті:

1. Ассимиляция – ұлттық азшылықты толық сіңдіріп алу. Ол сегрегация, яғни ашықтан-ашық қысым көрсету немесе бейбіт

жолмен, яғни азшылықтың үгіт-насихат, қолдау арқылы үстемдік етуші мәдениетке сіңуі жолымен іске асырылады. 1960 ж. американдық социолог Гордон ғылыми айналымға англоконформизм терминін енгізді. Бұл ұғым англосаксон мәдениетін қабылдағандарды мадақтау шараларын ұйымдастыруды білдіреді.

2. Плюрализм – ұлттық азшылықтың өз дәстүрі еркіндігіне құқығын және үстемдік етуші этникалық топтың бұл құқықты сақтауға әзірлігін білдіреді.

Ұлттық плюрализм ең айқын, мысалы, Швейцария мемлекеті болып саналады. Оның халқының төрттен үші немістер болса да, француз және итальян тілдері мемлекеттік тіл болып саналады.

3. Ұлттық азшылықты құқықтық қорғау. Мұндай жағдайда мемлекет заңы ұлттық азшылыққа аумақтық автономиялық басқару құқығын береді. Осы ұлттық автономия аумағында аз этникалық топ өз ұлтының дамуы үшін қажетті барлық шараларды іске асырады. Оның айқын мысалы - Ресей Федерациясындағы автономиялы облыстар мен округтар.

4. Тұрғындар алмастыру. Бұл ұлттық азшылықты ерекше мәдени топ ретінде қорғап, сақтау мақсатында, оларды жалпы қоғаммен араластырмай, бөлек аумақта күшпен ұстаудың мысалын АҚШ-ғы үндіс резервацияларынан көруімізге болады. Н. Смелзер пікірінше, бұл резервациялар адамдар зоопаркі болып табылады және АҚШ-тың ең үлкен ұяты.

5. Этникалық апартеид. Бұл дегеніміз - ұлттық азшылықты заң жүзінде құлдықты ұстау. XX ғ. аяқ кезінде этникалық апартеид Оңтүстік Африка Республикасында орын алды.

Этникалық теңсіздіктің ең негізгі себептерінің бірі - психологиялық кемсітушілік. Әдетте үстем этникалық таптың мүшесі ұлттық азшылық мүшесін барлық мәдени-әлеуметтік көрсеткіштер бойынша өзінен кем көреді.

Екінші бір себебі, экономикалық бәсекелестік. Әдетте ұлттық азшылық (мысалы, диаспоралар, маргиналдар, иммигранттар, т.т.) бір-бірін қолдаудың арқасында материалдық жақсы жағдайға ие болды. Ал үстемдік етуші этникалық топтың экономикалық мүмкіндіктері мен қорлары бүкіл қоғам көлемінде шашыраңқы болады. Сол себепті үстемдік етуші этникалық топ мүшесі бойында ұлттық азшылық мүшелері бізді алдап, пайдаланып жүр деген сияқты пікірлер қалыптасады.

1972 жылы Роберт Блаунер нәсілдік қанау теориясын жариялады. Р. Блаунер өз теориясында отарлық қатынастардың бес компонентін көрсетті:

1) Колония тұрғындарына үстемдік етуші метрополия мәдениетін күшпен таңу.

2) Күшпен таңу мүмкін болмаған жағдайда, колония тұрғындары мәдениетін бақылау және өздеріне байқатпай өзгерту. Мұндай жағдайда колония тұрғындары өз мәдени құндылықтарының өзгеруін объективті заңдылық деп санайды.

3) Саяси үстемдік. Колония тұрғындарын ең төменгі басқару органдарына дейінгі саяси өмірге араласу құқықтарынан айыру.

4) Экономикалық қанау арқылы колония экономикасын, экологиясын өмір сүруге жарамсыз, қауіпті жағдайға келтіру.

5) Үстемдік етуші метрополия билігін ақтайтын идеология жүргізу. Осы мақсатта сол елдің сатылған зиялы қауым өкілдерін, өнер қайраткерлерін пайдаланады.

Қазіргі этносаясаттанушылар этникалық азшылық проблемаларын шешуде бірнеше байламдарды бөліп көрсетеді. Бұлар ішкі саяси тұрақтылық пен ұлтаралық келісімге келуге, этностардың тұтыныстары мен мүдделерін қанағаттандыруға және құқықтық реттеуге бағытталған саяси, тіл, мәдени, білім, діни, т.б. байламдар.

Бұл жағдайда серпін алатын позициялар рухани байлық пен тағдыр біртұтастығы және ұлт мүддесін идеялық мұра мен оның қайнар көздеріне, этникалық тамырын, тілі мен мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрлерін құрметтеуге бағыттау.

Сонымен қатар, тәуелсіз мемлекет құрылысы мен өркендеуі үшін ең қажеттісі елдің ұлттық сана-сезімінің оянуы мен гүлденуге ұмтылысы, тек мемлекет құраушы ұлтқа ғана тән емес, Қазақстанды мекендейтін барлық этникалық топтарға ортақ елдік сана-сезімнің қалыптасуы, елді мекендейтін барлық ұлттардың бейбітшілік пен өзара келісімде өмір сүруге ұмтылысы. Республиканың табысты, әрі серпінді дамуының негізінде ұлтаралық төзімділік, ұлттардың бір-біріне қатысты өзара түсіністігі мен өзара құрметі, қазақстандық біртұтастық пен патриотизм жатыр.

Республикадағы ұлтаралық татулық сақталуының нақты кепілдіктері:

Қазақстан халқы Ассамблеясының баға жетпес тәжірибесі, өте зор интеллектуалдық күш-қуаты, ұлтаралық қатынастарда

үйлесімді дамудың жинақталған тәжірибесі мен тетіктері, мемлекет құраушы қазақ ұлтының өз болашағына сенімді нық позициясы, т.т.

Республиканың саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуы барысында шешіліп отырған нақты міндеттер уақыттан қалыспай жұмыс атқаруды талап етеді. Сол себепті де, Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін күшейту дәл өз мезгілінде қолға алынған саяси-құқықтық шара болды.

Ұлтаралық төзімділік.

М. Уолцердің пікірінше, қоғамдағы ұлтаралық төзімділік саяси құрылым сипатына тәуелді болып табылады.

М. Уолцер осы негізде, ұлтаралық төзімділік тәсілі бойынша, саяси құрылымның 5 моделін бөліп көрсетті:

1. көпұлтты империя;
2. халықаралық қауымдастық немесе конфедерация;
3. консоциативтік құрылым;
4. ұлттық мемлекет;
5. иммигранттық қоғам.

Бұл саяси құрылымдар бір-бірінен субъективті-объективтілік қатынастар сипатымен және қоғам мүшелерінің азаматтығының маңыздылығы деңгейімен ерекшеленеді. Барлық бес моделде де ұлттық төзімділіктің белгілі бір деңгейі басымдылыққа ие болады.

Империялық, халықаралық және иммигранттық қоғамдарда ұлттық төзімділік үкіметтік деңгейге тәуелді, яғни ұлттық төзімділік субъектісі үкімет болып табылады. Бұл мемлекеттерде ұлттардың бейбітшілік пен татулықта өмір сүруі билік құрылымдарының позициясына тәуелді.

Ұлттық қоғамда ұлттық төзімділік субъектісі үстемдік етуші ұлт болып табылады. Үстемдік етуші ұлт мемлекет құрамдаушы және өз жанына басқа ұлттарды біріктіруші күш болып табылады, яғни елдегі ұлтаралық татулық мемлекет құрамдаушы ұлт мүдделеріне тәуелді.

Консоциативті саяси құрылымды қоғамдарда ұлттық төзімділікті, қамтамасыз етуші рөлін шағын діни-этникалық топтар атқарады. Елдегі ұлттық төзімділік пен татулықтың шын мәнінде сақталуы, осы елде көп болып, шашырап кеткен шағын діни-этникалық топтардың қалай өзара келісімге келулеріне тәуелді.

Қазақстан бүкіл әлемге жүзден астам ұлттар мен ұлыстардың, әр алуан діни конфессиялардың түсіністікте, сыйластықта, өмір сүріп келе жатқан қоғам ретінде белгілі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауында «Біз

өзіміздің жатсынбас тұрпатымызбен, этностараралық, конфессияларалық татулығымызбен және өзара үндесуімізбен күллі әлемге танымалмыз» - деген айрықша жолдар бар.

Қазақстан өзінің көпұлтты мемлекеттілігін мақтаныш тұтып, Республиканың басты байлығы санайды. Әлем елдерінің ішінде, тек біздің елімізде ғана, Елбасының тікелей бастамасымен құрылған Қазақстан Халқы Ассамблеясының болуы да - осының айғағы. Елбасы Жолдауындағы басты бағыттардың бірі – «қоғамдық келісім мен тұрақтылықты одан әрі нығайту үшін Қазақстан халықтары Ассамблеясының рөлін көтеру» болып көрсетілген. Қазақстан Президентінің Ассамблеяның алдына қойған міндеттердің бірі - «қоғамдағы этносаралық және конфессияаралық келісім мен ықыластылықты одан әрі нығайтуға қажетті қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету». Біздің ұлтаралық келісіміміздің басты қағидасы - бір ұлттың есебінен басқа ұлт мәселесін шешпеу, яғни ұлттардың тең құқылығы. Бұл қағиданың қазақ ұлтының мүддесіне де қатысы бар.

Мемлекеттік билік институттарының негізгі міндеттерінің бірі - әлеуметтік тартыстың ұлтаралық егеске айналып кетуін жібермеу.

Әлеуметтанулық сауал нәтижелері бойынша, әртүрлі ұлт өкілдері арасындағы қарым-қатынастардағы айқындалған тартыс негізі, ең алдымен, әлеуметтік теңсіздік болып отыр, соның ішінде:

- аумақтардың әлеуметтік-экономикалық саласындағы проблемалар (жұмыссыздық, кедейшілік және т.б.);
- тұрғындардың байлар мен кедейлерге жіктелісі, еңбекпен қамтудың әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер;
- көші-қон ағымдары (ауыл-қала), қала тұрғындары арасында тартыс пен мазасыздықтың өсуі;
- шекаралас мемлекеттер Ресей, Өзбекстан мен Қырғызстанда экстремизм мен лаңкестіктің әртүрлі формаларда бой көтеруі және оның ҚР аумағына ену қаупі қазақстандықтар қорқынышын ұлғайтуда.

Қазіргі кезде идеология, тәлім-тәрбие саласында Қазақстан Республикасының жалпыұлттық мүдделерін, соның ішінде, жалпы қазақстандық патриотизмді қалыптастыру міндеттері алдымызда тұр.

Жалпықазақстандық патриотизм дегеніміз - өзіңді республика халқының ажырамас бөлігі, ортақ Отан ретінде Қазақстан Республикасына сүйіспеншілік сезімі мен берілгендік, азамат ретінде халық пен елдің мүддесін, қажет болса, қару алып

қорғайтын борышты сезіну болып табылады. Жалпықазақстандық патриотизм, сонымен бірге басқа халықтарға деген сыйластық, бүкіл адамзатты, жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтеу тұрғысында көрінеді. Бірімен-бірі сыйласып, түсінісіп, Қазақстанды ортақ Отаным деп білетін әр алуан ұлттар басқа ұлттарға немқұрайлы теріс ниетте қарай алмайды. Қазақстандық патриотизм - сөз жоқ, интернационалистік көзқарас.

Жалпықазақстандық патриотизмнің қалыптасуы және нығаюы еліміздегі ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің даму деңгейін сипаттайды.

Қазақстан Республикасының демократиялық дамуының маңызды жетістіктерінің бірі діни төзімділік пен ұлттық келісім негізінде саяси тұрақтылықты сақтау болып отыр. Елбасының 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында «Халықаралық қоғамдастықта біздің елімізде тұрып жатқан және Қазақстанның біртұтас халқы болып табылатын барлық ұлттар өкілдерінің ұстамдылығын, конфессияаралық және мәдениетаралық татулығын қамтамасыз етуге бағытталған сара саясатымыз барынша танылып отыр» - деп баса көрсетілген.

Біз діни төзімділік пен ұлтаралық келісім мәселелерін бір-бірінен ажыратпай бірге қарастырамыз. Себебі, бұл мәселеде жаһандану үрдісі біршама өзгерістер әкелгенімен, әлі күнге дейін адамның діни сенімі, оның ұлттық шыққан тегімен қатал байланысты болып отыр.

Әлем елдерінің арасында тұңғыш рет, біздің елімізде әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының екі съезі өткізілді. Бұл еліміздің сыртқы саясаттағы аса зор табысы болуымен қатар, ішкі келісім мен татулықты бекітуде де орасан зор рөл атқарып отырғандағы сөзсіз.

2006 жылы өткен II съезд қабылдаған Декларацияда, діни келісім мен төзімділікті насихаттауға қатысты, төмендегідей шешімдер бар:

- жастар арасында діни келісім мен төзімділік ұстанымдарының таралуына және олардың жалпыадамзаттық құндылықтарды қабылдауларына қолғабыс жасау;

- жастар мәдени және діни айырмашылықтарды жаулық сезімсіз қабылдау үшін, өркениеттер мен діндер арасындағы келісім тәжірибесін білім берудің барлық деңгейлеріндегі оқу жоспарларына енгізу.

Осы міндеттерді іске асыру мақсатында басшылыққа алынатын діни келісім ұстанымдары да бекітілді.

- Діни келісім төзімділік, адалдық, құрмет ұстанымдарына негізделуі тиіс.
- Діни келісім барлық әріптестердің тең құқылығын білдіреді.
- Діни келісімге әркімнің өз дініне итермелеу көрінісі жат болып табылады.
- Діни келісім ұлттардың бейбіт өмір сүруі мен тиімді ынтымақтастығына жол салады.
- Діни келісім өмірдің қасиеттілігі мен адам ар-намысына қол сұғылмастыққа негізделеді.
- Діни келісім діннің қоғамдағы конструктивті рөлін нығайтуға бағытталған.
- Діни келісім болашақ ұрпақтарға қалдыратын өмірлік құндылық болып табылады.

Дінді қоғамдық сана жүйесінен бөліп қарауға болмайды. Өйткені, діннің қоғам дамуына ықпал етуші күш екенін мойындаумен бірге, ол ықпал қоғамның даму деңгейіне тікелей байланысты екенін ескеру қажет. Ғылымы мен білімі дамымаған қоғамның діні де мешеу болатыны сондықтан.

Неміс әлеуметтанушысы Макс Вебердің пікірінше, «дін - күрт әлеуметтік өзгерістер негізін қалауға қабілетті». Ол өз ойын, «Протестанттық этика және капитализм рухы» атты еңбегінде Батыс Еуропадағы өнеркәсіптік төңкеріс негізін қалаған кальвинизм діни доктринасы мысалында дәлелдеді. Сондықтан, діни мәселелерде саяси популизмге ұрынбай, салмақты саясат ұстанған абзал.

Ешқандай ғылым діни доктриналарды не дәлелдеп, не жоққа шығара алмайды. Ғылымда сакралды, яғни қасиетті деген ұғым бар. Дін – қасиетті ұғымдармен қамтылған құбылыстарды таратуға арналған әлеуметтік институт болып табылады. Ғылым діни доктриналарды не «жақсы», не «жаман» демей, оның әлеуметтік түбірін ашуға тырысады.

Француз әлеуметтанушысы Эмиль Дюркгейм діннің қоғамда атқаратын үш қызметін көрсетті.

1. Әлеуметтік ынтымақтастықты қамтамасыз ету.
2. Әлеуметтік бақылауды қамтамасыз ету.
3. Адам өміріне мән-мағына мен сенім беру.

Біздің қоғамдағы дәстүрлі діндер, осы фундаменталды қызметтерін атқара алып отыр ма? Жеткіліксіз, себебі, 300

миллионның үстінде азаматы бар АҚШ-та 453 діни бірлестік ресми қызмет атқаратын болса, 15 миллионның үстінде ғана азаматы бар Қазақстанда 3500-ден астам діни бірлестіктің ресми тіркеуден өтуі - әлеуметтік ынтымақтастықтың бұзылуы мен әлеумет бақылаудың әлсіздігін көрсететін факт.

1960 жылдары Латын Америкасы елдерінде «бостандық теологиясын» насихаттайтын қозғалыстар пайда болды. Оның негізі қарапайым: «әлеуметтік қанау христиан моралына қайшы, сондықтан кез келген христианин әлеуметтік қанаудан бас тартуы тиіс». Біздің еліміздегі өтпелі нарықтық экономика кезінде, дінді осы мақсатта пайдаланып, байлардың моралдық ұстанымдарына әсер ете аламыз ба? Діни жетекшілердің ойланатын мәселесі.

Қазақстанның геосаяси жағдайы өте күрделі. Біздің еліміз әлемдік үш діни-мәдени өркениеттің қиылысында тұр. Бұлар - мұсылман, христиан және буддистік-конфуциандық діни-мәдени өркениеттер. Қазақстанның өзі де көпконфессиялы мемлекет болғандықтан, бұл діни-мәдени өркениеттердің игі әсерлерін де, және теріс ықпалдарын да жоққа шығаруға болмайды. Сондықтан, ұлтаралық татулық пен діни келісім аймағындағы саясатымыз игі әсерлерді марапаттап, теріс ықпалдарды қатал жойып отыруға бағытталуы тиіс. Осы істерде шешуші рөл, еліміздегі дәстүрлі діни ұйымдармен қатар, мемлекеттік органдарға да жүктелетіндігі сөзсіз. Елбасы Жолдауында «Қоғамдағы экстремизм мен радикализмнің кез келген көріністеріне және біздің азаматтарымыздың конституциялық құқықтарына қысым жасауды көздейтін әрекеттерге қатаң әрі дәйекті қарсы тұру» міндеттелген. Қазіргі таңда экстремизм мен радикализмнің саяси-идеологиялық мазмұннан гөрі, көбіне діни немесе ұлттық сипат алып бара жатқаны шындық. Сол себепті, біздің баршамызға, ең алдымен мемлекеттік қызметкерлерге діни және ұлтаралық қарым-қатынастарда білімдарлық пен қырағылық қажет.

Лаңкестік мен экстремизмнің пайда болуының себептері әртүрлі болуы мүмкін. Бұл қоғамның ширек топтарының кедейшілік пен қайыршылыққа ұшырауы. Сол сияқты, лаңкестік пен экстремизм, қоғамның саяси жүйесіндегі қайшылықтарды шешудің басқа әдістері пайдасыз болған кезде, билікке қарсылық ретінде пайда болады. Лаңкестік пен экстремизмнің рухани себептері, адамдардың әлеуметтік психологиясында жатыр, бұл тарихи қалыптасқан ұлттық немесе діни кемсіту болуы мүмкін. Лаңкестік пен экстремизмнің экономикалық түбірі біреулерді қанау

арқылы баюға жағдай жасайтын нарықтық экономиканың өз табиғатында жатыр.

Қоғамда жүріп жатқан рухани-адамгершілік жаңару үрдісі белгілі бір деңгейде діни өсиеттерге негізделген. Егемендік алған соң, дін Қазақстан қоғамының әлеуметтік-рухани өмірінде белсенді рөл атқара бастады. Сонымен қатар, кез келген діни мәселені қоғамның шындығынан үзіп қарастыруға болмайды. Діни ұйымдардың ішкі бекітілімдерін құрметтей отырып және олардың өз діни сенімдеріне сәйкес іс-әрекеттер атқаруына мүмкіндіктер бере отырып, олардың ҚР заңдарына сәйкес ұйымдастырылуы мен қызмет атқару құқықтарын тани отырып, мемлекет қоғамдық тыныштықты сақтау мақсатында елімізде өтіп жатқан діни үрдістерге тұрақты түрде мониторинг жасап отыруға міндетті.

«Қазақстан Республикасындағы діни сенім еркіндігі мен діни бірлестіктер туралы» заңның 16 бабына сәйкес, «қаржы және қоғамдық жылу, сол сияқты діни салт-дәстүрлерді атқарудан түскен қаржыға салық салынбайды». 2006 жылдың тамыз айында БҚО ішкі саясат департаменті облыс тұрғындары арасында “Батыс Қазақстан облысындағы діни экстремизммен күрес мәселелері және тұрғындар толеранттығы деңгейін бағалау” тақырыбында әлеуметтанулық сауал өткізді. Осы әлеуметтанулық сауалда қойылған сұрақтардың бірі – «Сіздің пікіріңізше, ресми тіркелген діни ұйымдар мен қауымдардағы ақша айналымын толық қаржылық бақылау қажет пе?» - деген сұрақ болатын. Облыс тұрғындарының жартысынан көбі (54,8%) мақұлдап жауап берді, яғни діни құрылымдарды толық қаржылық бақылау міндетті түрде болуы тиіс деп санайды. Сұралғандардың 18,5%-ы ғана толық қаржылық бақылауды дін саласына басы артық араласу ретінде бағалайды.

Первая русско-туземная школа на юге Семиреченской области была открыта 3 октября 1884 г. недалеко от г. Токмак, где в основном проживали дунгане, перешедшие в пределы России в 1877 г. из Кашгара. Но эта школа не дала результатов, за 11 лет существования всего лишь 2 человека научились русскому языку. В 1911 г. в Пржевальске открывается женская русско-туземная школа с 23 ученицами, затем такая же школа открывается в Токмаке. Перед 1917 г. на территории в данном регионе существовало 16 русско-туземных школ, во всех этих школах обучалось 750 учащихся, 670 - дети коренного населения, в том числе 614 мальчиков и 56 девочек. Занятие учащихся в русско-туземных школах проходили одновременно в двух классах: русском и туземном. Каждый ученик проводил 2 часа в одном классе, 2 часа в другом. Обучение с ними вели 2 учителя, в русском классе - русский, назначенный администрацией, и в туземном классе - учитель коренной национальности. Работали они совершенно обособленно друг от друга, каждый по своему особому методу. Согласно утвержденному в 1895 г. расписанию занятий, дети не учились в воскресные дни, а по пятницам занятия только для желающих. Занятия начинались 1 августа и заканчивались 1 июня, а в степных областях с 1 сентября по 1 мая. Праздники, как мусульманские, так и христианские, считались свободными от учебы. По содержанию обучения русско-туземные школы были отнесены к низшему типу русских школ. Переводный метод обучения при помощи транскриптированного русского алфавита был введен во всех русско-туземных школах края. Занятия носили чисто механический характер и ограничивались изучением отдельных русских слов и фраз, переводами их на родной язык и заучиванием грамматических правил. Такая же ситуация складывалась и на занятиях арифметикой, ученики, не понимая русской речи и не зная соответствующих терминов на родном языке, могли только механически вычислять, причем нередко доходили только до деления целых чисел, практика же их в решении задач была совсем ничтожна. Занятия по такой системе велись во всех русско-туземных школах края в течение 8-10 лет. В обучении использовали в основном наглядный или натуральный метод обучения, так как такое обучение давало возможность коренному населению усвоить разговорный русский язык. Впервые он был применен в 1894 г. под председательством директора народных училищ С.М.Граменицкого, была создана особая

комиссия для выработки программы и учебного плана занятий, соответствующих приемам наглядного метода обучения. В период своей деятельности С.М.Граменицкий, неоднократно обследовавший русско-туземные школы Туркестана, пришел к выводу о неэффективности обучения детей местных национальностей русскому языку по переводному методу, использовавшемуся при обучении классическим и новым иностранным языкам в школах Центральной России. Горячим защитником этого метода был ориенталист, педагог и миссионер Н.И. Ильминский, создавший свою систему просвещения инородцев, к которым в Российской империи относили преимущественно монгольские, тюркские и финские народности. Успех его эксперимента был связан со специальной подготовкой преподавателей из среды местных жителей и переводом на коренные языки учебной и христианской литературы, что, в свою очередь, вело к христианизации народов Поволжья.

Русско-туземные школы, автором идеи которых был известный востоковед-лингвист В.В. Радлов, в конце XIX в. заняли ведущее место в системе начального образования в Туркестанском крае. Эти светские учебные заведения кроме образовательной имели важную социальную задачу: через изучение русского языка и других предметов приобщить детей к гражданской жизни Российского государства, образовать из них в реальной жизни, а не только по закону, полноправных членов общества.

В недавно вошедшем в Российскую империю Туркестане, где устои ислама были очень сильны, эти учебные заведения распространялись весьма медленно. Так, С.М. Граменицкий, вспоминая первые годы своей работы в Туркестане, писал, что ошибкой администрации было открытие русско-туземных школ в сельских местностях (из первых 18 только 6 были городскими), поскольку население кишлаков не имело ни малейшей потребности в знании русского языка. Все же за 1880-1893 г. число детей в этих школах выросло в три раза, хотя было и ничтожным относительно общего населения края (в 1893 г. - 0,02 %) [2].

Со временем административные органы Туркестанского края решили открывать учебные заведения в городах, где местное население было более заинтересовано в обучении своих детей русскому языку. Такая тактика оказалась удачной: число школ стало стремительно расти. Однако двухчасового обучения в русском классе было явно недостаточно для овладения основным

языком империи. Встал вопрос об изменении всей методики его преподавания. Она должна носить более интенсивный и прагматичный характер и ориентировать в первую очередь на овладение разговорной речью. Кроме того, С.М. Граменицкий сомневался в возможности перевода местных языков с арабского на русифицированный алфавит, что являлось одним из главных принципов методики Н.И. Ильминского, считавшего, что тип алфавита тесно связан с конфессиональной ориентацией и «знаменует преимущественно религиозную связь народов» [3].

Но поскольку арабская письменность, против которой так восставал миссионер Н.И. Ильминский, была непременным атрибутом мусульманского образования, то местное население никак не могло, утверждал С.М. Граменицкий, согласиться с подобной реформой письменности, считая ее прямым покушением на исламское вероисповедание. С.М. Граменицкий ставил своей целью не проведение политики царского правительства через просвещение, а только просвещение через образование. Время показало правоту С.М. Граменицкого. Так, введение в 1906 г. русской графики вместо арабской вызвало среди мусульманского населения мощную волну протеста: телеграммы с мест и материалы по пересмотру правил 1906 г. составили пять увесистых томов [4]. Спустя полтора года правительство приняло новые правила, в которых был законодательно закреплен свободный выбор графики - русской, арабской или двойной графики.

Однако споры вокруг выбора типа школы для нерусского населения не затихали. Особенно резко против С.М. Граменицкого выступал его коллега Н.П. Остроумов, считавший школы казанского просветителя более приемлемыми для российских условий с педагогической и гражданской точек зрения. Знаниям и любви к общему отечеству, по его мнению, быстрее научит школа с родным языком, потому что она «мила и понятна местному населению» [5].

Тем не менее, система С.М. Граменицкого все же одержала верх. Практически все русско-туземные учебные заведения Туркестанского края перешли на наглядно-звуковой метод обучения русскому языку. Были открыты и училища повышенного типа - двуклассные (6 вместо 4 лет обучения). В 1907 г. специальная комиссия утвердила учебные планы и программы русско-туземных школ с четырехлетним обучением, а также комплект учебников. Все это называлось «энциклопедией»

Граменицкого. Одновременно впервые появились планы и программы обучения родным языкам как особым предметам [6]. Все это не могло не вызвать роста популярности этих школ, что подтверждалось целым рядом ходатайств об открытии новых учебных заведений, которые «дают знания и открывают будущее». Так, казахи содержали за свой счет не только училища, но и интернаты при них.

Но критика педагогических постулатов Граменицкого не утихала ни в Туркестане, ни в Казани, ни в центре России. Инспектор народных училищ Ферганской области Ф.И. Егоров считал, что система Граменицкого непригодна для сельских школ, где русский язык практически не распространен, и в них предпочтение надо отдать системе Ильминского. При этом надо подчеркнуть, что Ф.И. Егоров с уважением относился к деятельности С.М. Граменицкого, как это утверждается в вышедших в 1991 г. «Очерках истории школы и педагогической мысли народов СССР». Он вполне допускал правоту принципов С.М. Граменицкого для городских школ Туркестана, т.е. главным образом для экономически более развитой Сыр-Дарьинской области. Правильность его мнения подтверждала и школьная статистика - успехи русско-туземных школ были наиболее заметными именно в этой области. В 1900 г. в ней работали 23 такие школы, в Ферганской области - 10, в Самаркандской области - 8 [7].

Туземные классы страдали отсутствием единой программы обучения. Так как все учебники были составлены на арабском и персидском языках, то детям приходилось заниматься грамматикой 3-х языков (русского, арабского, персидского), безусловно, это отражалось на качестве обучения и усвоения. Страдала и сама организация занятий, отведенных определенных часов не было, муллы занимались столько, сколько хотели. Главной задачей их деятельности было ознакомление детей с основами мусульманского вероучения.

Кроме того, практически во всех русско-туземных школах были введены классы ручного труда. Так, например, при Токмакской школе обучали сапожному, переплетному и столярно-токарному мастерству: в классах находилось необходимое оборудование - верстаки, станки, машины, инструменты и материалы. Обучение ручному труду не способствовало подготовке ремесленников или мастеровых, но оно давало некоторые навыки ручного труда.

Открывая русские школы в Туркестане, царская администрация, прежде всего, заботилась об образовании детей русских поселенцев края. Эти школы были двух типов: начальные, для детей «русских простолюдинов», где обучение ограничивалось элементарными знаниями, в этой школе допускалось совместное обучение «инородцев» (дети казахов, киргизов, узбеков и представителями других местных национальностей) и русских детей; и училища для детей купцов, чиновников и других состоятельных лиц, которые в дальнейшем могли получить гимназическое образование. Училища второго типа открывались в уездных городах или пунктах с оседлым населением. Распространение таких училищ, в основном в Казахстане, шло с севера на юг, так как интеграция в восточном регионе Казахстана в составе России началась с севера.

В начале XX в. в Туркестанском крае появляются начальные училища, которые делились на высшие и низшие: первые появились позднее по положению от 25 июня 1912 года. В структурном отношении низшие училища делились на приходские, церковно-приходские, частные, сельскохозяйственные и городские училища. К числу приходских относилась большая часть училищ, учрежденных на основании положения 1828 г. В городах большей частью существовали отдельные мужские и женские училища, в селениях же почти во всех приходских школах разрешалось совместное обучение. Обучение в учебных заведениях зависело и от социального положения. Так, в приходские училища допускались все дети, независимо от социального положения и вероисповедания. Мальчики принимались не моложе 8 лет, девочки не старше 11-12 лет, от поступающих не требовали платы за обучение. Приходские училища руководствовались изданными в 1897 г. Министерством народного просвещения программами, согласно которым предметами обучения являлись закон божий, русский язык, чистописание, четыре действия арифметики, пение. Также, в зависимости от количества ремесленников, в приходских школах учреждался второй класс, где преподавались некоторые предметы из программ младших классов уездных училищ, или организовывались ремесленные классы для мальчиков. В женских училищах и в училищах по совместному обучению, где имелись опытные учительницы, девочек обучали шитью, вязанию и вышиванию. Одним из привилегий сельских училищ края было в том, что они имели посевные земли и приусадебные участки, на

которых разводились фруктовые сады. Наряду с приходскими училищами широкое распространение получили и церковно-приходские школы, которые были подведомственными Туркестанскому епархиальному училищному совету. Они получили в Семиреченской и Сыр-Дарьинской областях довольно большое распространение. Однако, сложное положение родителей вынуждали учащихся оставлять школы, вследствие чего в приходских и церковно-приходских училищах была большая текучесть учащихся.

Итак, русские начальные школы в Казахстане получили широкое распространение. Не было почти ни одного русского поселения, в котором не имелось бы школы. При этом обучение охватывало почти большинство русских детей школьного возраста и незначительное число «инородцев». Несмотря на ряд недостатков этих школ, начальные училища играли положительную роль в распространении элементарных знаний среди основной массы населения. Таким образом, деятельность русско-туземных школ позволяло готовить в неначительном количестве переводчиков или писарей для местной царской администрации; некоторые выпускники могли поступить в городские училища, так как после его окончания могли бы свободно получить какую-нибудь должность и приличное жалование. Но в городском училище вакансия для детей коренного населения была очень ограниченной.

Список использованной литературы:

1. *Обзор Семипалатинской области за 1896 год. СПб., 1897.*
2. *Журнал Министерства Народного Просвещения, № 2, 1908, стр. 183*
3. *Васильев А. Исторический очерк русского образования в Тургайской области. Оренбург, 1896. стр. 171914 г. в Павлодаре по ходатайству местного купечества, казачьих офицеров и Павлодарской городской управы открылась Павлодарская мужская гимназия. В первый год существования гимназия имела два*
4. *Образования среди киргизов. Журн. МНП, 1905 г., декабрь, стр. 141*
5. *Граменицкий С. Очерк развития народного образования в Туркестанском крае. – Ташкент, 1896.*
6. *Граменицкий С.М. Положение инородческого образования в Сыр-Дарьинской области. Ташкент, 1916, с.113*
7. *там же тр. 47-50*

***

Автор осы мақалада Түркістан өлкесіндегі білім жүйесінің қалыптасу және даму бағытын қарастырады. Өлкедегі мектеп білімінің ерекшелігі, автормен көрсетілген мектептердің өлкесіндегі негізгі түрлері ашылады.

***

In this article the author considers the formation and development of the education system in Turkestanskrom province. The features of schooling in the province, the author rasskryvayutsya main types of schools in the region.

ӘОЖ 94(574)

Исенов Ө.
т.ғ.к., Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының аға оқытушысы

ТАБЫН БӨКЕНБАЙ БАТЫР ЖӘНЕ ОДАН ТАРАҒАН ТАРХАНДАР ӘУЛЕТІ

«Өткенсіз ертең жоқ», - дейді дана халқымыз. Осы қағиданы ескерген Қазақстан Республикасының Үкіметі «Мәдени мұра» бағдарламасын қабылдады. Бұл бағдарлама халқымыздың тарихи деректік, рухани байлығына тікелей қатысы бар құнды жәдігерліміздің халық игілігіне айналуына мүмкіндік әкелді. Оның аясында қазақ тарихының тамырының тереңде жатқандығы дәлелденді.

Қазақ тарихындағы мемлекеттік идеология мен мемлекеттілік, оны басқару жүйелері дала демократиясына негізделгені белгілі. Хандық жүйедегі дала демократиясы билеуші жанындағы билер, батырлар, тархандар сынды әлеуметтік институттардың ел билеу ісіне жол ашты. Қазақ мемлекеттігі сынға түскен жаугершілік заманның жағдайында белгілі тұлғалар Табын Бөкенбай, Шақшақ Бөкенбай, Қанжығалы Бөгенбай батырлар, Тама Есет, Шақшақ Жәнібек тархандар ішкі тұтастықты, бірлікті, сақтауға күш-қайраттарын жұмсап, ел бірлігін жүзеге асырды. Үш жүздің ынтымағы қалыптасты.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы тұлғаларды білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының нағыз азаматы болып қала бермек. Тарихтың қай кезеңінде болсын олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген» [1] дегені ұлт қайраткерлерінің еліне қорған бола білген азаматтық

жауапкершілігінің үлгісін атадан балаға жалғастырған ұрпақтар сабақтастығының озық өнегесін сақтауды сезіндіргені. Қай заманда да ұлы тарих көшінде халқын басқарған, артына дүйім жұрт ерткен тұлғалар шешуші рөл атқарды. Олардың қатарында біз мақаламызға арқау еткелі отырған халық батыры Табын Бөкенбай Қарабатырмен одан тараған тархандар ұрпақтарының ұлт азаттығы жолындағы күрескерлік тарихы.

Шежірені сөйлетсек: Бөкенбай Қарабатырұлы (кейбір деректерде Қараұлы – деп жазылған) – Кіші жүздің табын руынан оның ішінде тарақты бөлімінің Жиенбет атасынан тараған қазақ батыры.

Шежірешілердің айтуынша, Бөкенбайдың әкесінің шын есімі - Алдасүгір. Қарабатыр лақап аты [2]. Жазбаша деректерде Бөкенбай Қараұлы деп беріледі [3 с.515;516].

Шежіреде Бөкенбай Қарабатырұлы деп [4,108б.] жазылған. Қазақ шежірелеріндегі Табын Бөкенбайдың әкесінің есімі Қарабатыр дегені дұрыс. Ата-бабадан жалғасып келе жатқан рулық шежіре нұсқасында ата-бабалар есімінің дұрыс айтылып жетуі күмән туғызбайды. Ал, орыс жазба деректеріне түскен есімінің мұрағатқа қате түсуі де және мұрағаттық жазбаның жыртылуы немесе әбден ескіріп тозуына байланысты Қараұлы болып жетуі де мүмкін.

Жазбаша деректерден 1748 жылы Кіші жүз руларының құрамы туралы орыс жазбасына түскен деректерді М.Тевкелевтен кездестіреміз [5,с.406]. М.Тынышбаевтың шежіресі бойынша табын руы: жаман – керей, бозым, бегім, қайыр – қожа болып өз ішінен төрт руға бөлінеді [6,с.28-29].

Табындардың таңбалық белгілері әртүрлі болған. Жалпы рулық таңбасы О – тостаған, сонымен бірге шөмішті руының таңбасы да –♀,♀тостаған, ал тарақты табын руының таңбасы – ♊ тарақ.

Н.И.Гродековтың жинаған мәліметі бойынша, сырдариялық табындардың ұраны – Серке, Тостаған, ал табылған дала материалдарына қарағанда батыс табындарының ұраны – Алаш болған [7.с.97].

Бөкенбай Қарабатырұлы – Алаш ұранды, тарақты табын оның ішінде Жиенбет аталығынан тарайды. Жиенбет аталығынан тарайтындығы туралы дерек мұрағат жазбасына да түскен [8,13п.].

Бөкенбай батыр Қарабатырұлының туған жылына келсек, шежіреде 1681 жылы туылған [9,29 б.], – деп көрсетеді. Ал енді,

белгілі зерттеуші профессор Ә.Мұқтар Бөкенбай Қараұлының туған жылына қатысты зерттеулер бойынша Тама Есеттің 1667 жылы туғандығы анықталғандығын ескеріп, Бөкенбай Қараұлының Есет Көкіұлына ағалығын және қайын ағалығын есепке алсақ, батырдың 1667 жылға дейін дүниеге келгендігін анғаруға болады, - дейді [10]. Логикалық қисынға келетін Ә.Мұқтардың пікірімен келісуге болады.

Орыс жазба деректері Бөкенбай батырдың туған жылын шамамен XVIII ғасырдың үшінші ширегі деп [3 с. 515], топшылап көрсетеді. Олай болса, Табын Бөкенбай батырдың туған жылы туралы пікір алуандығы нақтылауды қажет етеді.

Айтыстан ақиқат туады демекші, зерттеушілердің Бөкенбай батырдың тарихына қызығушылық танытып, назар аударғандықтарын ескерсек [11], батырдың ғұмырнамасының тарихына қатысты пікірлер бір жүйеге келтіріліп, өмірі мен қоғамдық қызметіне арналған тарихи монографиялық зерттеу еңбек жарық көреді деген ойдамыз.

Бөкенбай Қарабатырұлынан тараған ұрпақтарынан батырлық дәстүрді атадан балаға жалғаған батырлық даңқымен қатар, тархандық атақты ұрпақтарына мұраға жалғаған атақты батыр Тіленші тархан балалары – Жоламан Тіленшіұлы мен Бостыбай Тіленшіұлдарының есімдері мұрағат құжаттарына да түскен [8].

Сырым батыр Датұлының замандасы әрі азаттық үшін күрестегі жорықтас жолдасы Тіленші батыр Бөкенбайұлының да туған жылы белгісіз.

Белгілі зерттеуші профессор Н.Бекмаханованың:«Патша үкіметінің шенеуніктері Нұралы ханды биліктен алып тастауға қорықты, тәуекел ете алмады, сондықтан XVIII ғасырдың 80 жылдарына дейін хандықты қолдады. Сырым батыр бастаған қозғалыстан кейін ғана хандықты жоюға шешім қабылдады. Кіші жүзде 1783 жылы губернатор О.Игельстром ұсынған дистаночнойлық реформасы Қазақстандағы патша үкіметінің заңдарын қазақ қоғамына енгізу шараларының ең алғашқы бастамасы болды» [12, с.185] деген пікірі патша үкіметінің дәстүрлі хандық билікті жоюдағы әрекеттерін жүзеге асыра алмауларына басты кедергі халық рухы дәстүрлі батырлар институты болғандығын көрсетеді.

Мұнан біз Сырым, Тіленші, т.б. қазақ батырларының патша үкіметінің отаршылдық саясатын жүзеге асыруда тегеурінді күш

болып, отаршылдардың қазақ даласына ішкерілеп енулеріне мықты кедергі күш болғандығын көреміз.

Батырлар институтының қазақ қоғамындағы әлеуметтік саяси құрылым жүйесіндегі бұқара халықтың өкілін білдіретін күш екендіктерін таныған патша үкіметі батырлар институтының өкілдерінің күшін дәстүрлі мемлекеттік билік хандық институтты жоюға пайдаланудың түрлі жолдарын өздерінше іздестіре бастаған.

Орал әскери кеңесінің есебі бойынша, 1785 жылдың басында Барақ батыр 2000 сарбазымен, Тіленші батыр 1500 адамымен Сырым батыр жасағына қосылып, патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы қарулы күресте күш біріктіреді [13, с.28].

Мұрағаттанушы Р.Сариева еңбегінде: «1786 жылы О.А.Игельстром Кіші жүзге қараған Кіші орда көлемінде билер шешімін жойып, ресейлік жазалау органын құрады. Бұл зұлымдық саясаттың бетін бүркеу үшін Байұлы, Әлімұлы мен Жетірудың әрқайсысынан бір-бір өкіл енгізді. Бірақ, бұл саясат үлкен қарсылыққа ұшырады. Соған қарамастан, 1789 жылы О.А.Игельстром Кіші орданы 6 бөлікке бөлді. Ондағы ойын губернатор II Екатеринаға 27 қараша 1785 жылы: «Кіші орданы бұлай бөлшектеу, әрине, Сіздің императорлық мәртебеңізге өте пайдалы», – деп мәлімдегендігі айтылады [14, 206 б.]. Бұл деректер патша әкімшіліктерінің «бөліп ал да, билей бер» саясатына қол жеткізуге жоспарлы кіріскендерін дәлелдейді. Бұл – бір. Екіншіден, дәстүрлі қазақ мемлекеттігін жоюдың түрлі жолдарын қарастырып әкімшілік реформалар енгізді.

Ізденістер нәтижесінде патша үкіметі хандықты жоюдың өздеріне сөз келмейтін құйтырқы саяси амалдарына көшкен. Мәселен, 1786 жылдың 3 маусымында патшайым II Екатеринаға хат жолдап, Нұралы ханды биліктен алыстату үшін, Ресейге шақыртып алып, сонда оны мәңгіге жібермей ұстап қалу жоспарларын іске асыруларына рұқсат сұрайды. Патшайым келісімін алған олар, Нұралы ханға Орынборға нөкерлерімен келуіне арнайы шақырту жібереді. Орынборға келген Нұралы хан Әбілқайырұлын нөкерлерімен Уфаға аттандырады. Нұралы ханның Уфада қалдырылуының себебін, патша үкіметінің шенеуніктері хан өмірінің қауіпсіздігі үшін жасалып жатқандығын тілге тиек еткен. Мұнан кейін О.А.Игельстром халықтың еркін білдіретін Сырым батырмен ғана байланыс жасап, сұлтандарды биліктен ығыстыру арқылы сұлтандар мен ру басылары би-батырларды бір-біріне наразы етіп айдап салу саясатын ұстанады.

Патша үкіметі отаршылдық мақсаттарын жүзеге асыру үшін, Кіші жүзде 1787 жылдың 19 қарашасында бас старшындық қызметке жеті адамды бекітеді. Олар – Әлімұлы руынан: Сарытай би, Қаракөбек би Құшайбиұлы (Қосбайұлы), Мұратбек Айбашұлы. Байұлы руынан: Сырым Датұлы, Қаратау би Ғұмырыұзақұлы. Жеті рудан: батырлар – Тіленші Бөкенбайұлы, Жанболат Қарабанұлы [15, с.100].

Бас старшындыққа тағайындалғандардың әрқайсысына жылына 100 рубль күміс ақша мен жалақы және үш шертпек нандық астық беруге және Кіші жүздің старшындары мен сұлтандарын бас старшындарға бағынуы туралы жоғарыдан үкімет бұйрығын түсірді [15, с. 100].

Патша үкіметі 1787 жылдың 19 қарашасында Сырым Датұлы мен Бөкенбай Тіленшіұлына бас старшындық атағымен бірге ұрпақтарына мұраға кететін тархан атағын беріп, Ресей патшайымының қолы қойылып патша сарайының мөрі соғылған тархандық грамотаны қоса тапсырады [16, с.230].

Патша үкіметі біріншіден, қара халықтың өкілінен шыққан бас старшындар арқылы дәстүрлі қазақ қоғамының билігіне патша әкімшілігінің тікелей араласуын көздеді. Екіншіден, билікті бас старшындар қолына беру арқылы «ақсүйек» хан-сұлтандар билігін шектеу болатын.

Бас старшындар міндеті біріншіден, Ордада тәртіп пен тыныштықтың сақталуына жауапты болды. Екіншіден, бас старшындар генерал-губернатордың, шекаралық экспедицияның және расправаның жіберген барлық жарлық-нұсқауларын орындап отыру. Үшіншіден, қарапайым старшындардың қызметтеріне бақылау жасау мен расправалардың жұмысын қадағалап, бақылау [16, с.230]. Бас старшындар міндетінен байқайтынымыз: біріншіден, рубасы билері мен белгілі батырларына бас старшын атағын беру арқылы қазақ қоғамының дәстүрлі билік өкілдерін патша үкіметіне қызмет етуге тартуды, жергілікті жердегі патша үкіметінің сенімді шенеуніктеріне айналдыруды көздеген. Екіншіден, Кіші жүздегі тыныштықты бас старшындардың бақылауы арқылы жүзеге асыру болатын. Үшіншіден, патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы наразылық білдіретін белгілі батыр-билерге бас старшын атағын беру арқылы оларды өз жақтарына тарту үшін мансап, атақ-дәреже беріп, олардың қарсылығын болдырмаудың алдын алумен отарлық сананы сіңіру болатын.

Осы кезде патша үкіметінің бас старшындық лауазымнан басқа Сырым Датұлы мен Тіленші Бөкенбайұлына ұрпағына кететін тархандық атағын берулерінің саясатына келсек: қазақ қоғамындағы сұлтандар институтының дағдарысын қолдан жасау мақсатында, өздері XVIII ғ. 40 жылдарынан бастап дәстүрлі қазақ қоғамына енгізген тархандар институтын одан әрі дамыта түсті. Бұл – бір. Екінші, тархандардың әлеуметтік статусын көтеру арқылы ақ сүйек өкілдері сұлтандардың дәрежесін қара сүйек өкілдері тархандармен теңестіру еді. Үшінші, қазақ қоғамындағы дәстүрлі хандық биліктің мұрагерлерінің өкілдері сұлтандарға тархандардың дәрежесін теңестіруді қолдан жасап, сұлтандар дәуренінің тағдыры патша үкіметінің қолында екендігін сездіру болатын. Белгілі би-батырларға бас старшындық мансап және тархандық грамота беріп, жалақы тағайындап патша үкіметіне қызметке тарта бастады. Патша үкіметінің қазақ қоғамының дәстүрлі әлеуметтік институттар жүйесіне енгізген старшындық және тархандық институттар дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік институттарының құрылым жүйесіне Ресей патша үкіметі тарапынан енгізілген әлеуметтік институттарының бірінші үзбе жүйесі болды.

Қазақ қоғамында старшындар институты өкілдерінің қолдарында рулық ішкі билік басшылығы болды. Олар ауылдың көшпелі ұжымына басшылық жасады. Себебі, ауыл адамдарына старшындар жақын болды. Патша үкіметі тархан старшындар қолдауына хан-сұлтандардың да сүйенуіне мәжбүр болатын саяси билік құрылымын жоспарлы түрде қолдан жасады.

Мәселен, О.А.Игельстром өзінің II Екатеринаға берген хабарламасында: Ордада бодандық міндеттерін адал атқаратын күшті адамдарды өз жақтарына тарту үшін, қаражат беру қажеттігін, сондай-ақ, бұл қойылған бас старшындар өздері күткен қызметтерін көрсетіп болғанша, жалования берілетінін, ал бас старшындардың қызметі қажет болмай қалған күнде олардың қызметінен бас тартып, қаржыландыруды тоқтататын жоспарын күні бұрын жеткізді [15, с.98-99].

Губернатор Игельстромның бұл жоспарында тархандар туралы ештеңе айтылмайды. Осыған қарағанда, патша үкіметі Тіленші Бөкенбайұлы мен Сырым Датұлына тархандық атақты бас сатаршындық атақпен қоса берулерінің өзіндік саяси себебі барын аңғарамыз. Сырым тархан мен Тіленші тарханның тұлғалық қабілеті мен халық арасындағы беделдерімен патша үкіметінің ұзақ

уақытқа дейін санасуларына тура келетіндіктерін білгендіктен тархан атағын қоса бергендігі күмән туғызбайды.

Патша үкіметі тархандық грамотаны елдің ең танымал тұлғаларына беру арқылы ел ішіндегі олардың беделдерін пайдалануды көздеген.

Тархандар тек өздеріне қарасты ауылдарға ғана жауапты болмады. Мысалы, 1788 жылы Сегізбай тархан Көлбекұлы, Сыпыра Қарабатырұлы, Көккөз, Тұрымбет билер бастаған ақсақалдар ордадағы барлық мәселеде кеңес беріп отыратын ақсақалдар билігі кеңесінің алқасын құраған [15, с.117].

Көзге түскен тұлғаларды патша үкіметі өздеріне тарта білумен қатар, бұқара халықты да алдарқатуды назарларында ұстады. Мәселен, 1789 жылы наурыз айында Кіші жүздегі жетірулықтарға арнайы патшайым II Екатерина атынан Петербордан алғыс грамотасын жіберген. Грамотада: «...Жетірулықтар, бодандық адал қызметтеріңіз және тыныштықты сақтап отырғандарыңыз біздің көңіл бөліп алғысымызды білдіруімізге лайықты», – делінген [5,с.132]. Мұнда патша үкіметі біріншіден, алғыс грамоталары арқылы халықты алдарқатып, отаршылдық саясаттарына қарсылықтарын білдіріп, бас көтермеулер бодырмаудың алдын алудағы жұмсақ саясат айласы болатын. Екіншіден, Нұралы ханның елге қайтпауының себебін, халыққа елде түпкілікті тыныштық орнағанша ұстап отырғандай сыңай танытудағы астарлы отаршылдық саясаттарын сездірмеудің қулығын да байқауға болады. Үшіншіден, Табын Тіленші тарханның патша үкіметінің саясатына наразылығы туған жағдайда жетірудың жұртына деген «ақ патшаның» алғыс сеніміне лайықты болуға тыныштық сақтауға шақырған үндеуі деп білуге болады. Өйткені патша үкіметі Тіленші тархан Бөкенбайұлының басшылығымен 1500 адамнан тұратын халық жасағының патша үкіметі отаршылдық саясатына қарсы көтерілгенін ұмытпаған болатын.

Үкімет орындарының тіркеп отырған мәліметтік жазба деректерінде, Тіленші тарханның медреседе оқып жатқан екінші ұлын қыс мезгілінде үйінен оқытуға келіскен молда екеуін Орынбордан келе жатқан беттерінде Орал атаманы полковник Д.Донсков себепсіз, үш ай ұстап барып жіберген. Ауыр науқастанған Тіленшінің ұлы үйіне жетіп қайтыс болған. Мұнымен қоймай, атаман Д.Донсков жіберген әскерлер диқаншы қазақтардың ауылын тонап, ерлері мен әйелдері аралас 18 адамды өлтіріп, екі адамды өздерімен бірге алып кеткен. Мүліктері мен малдарын

тартып әкеткен. Екі қазақ тұтқыны Уральской защитеде қаза болады [15, с.150-151]. Осындай келеңсіз оқиғалардың арты кісі өліміне апарып соқтырған. Ашынған Тіленші тархан Шерғазы сұлтанға патшайым атына ашық хат жаздырып, 1794 жылдың 4 қаңтарында шағым түсіреді. Онда орыс-казактар мен башқұрт старшындары тарапынан жасалған жүгенсіздік пен озбыр барымталарын баяндай отырып, ұрлық пен шекара барымтасын тоқтатуда патша әкімшілігі өзіне бағынышты халыққа тәртіп берулерін сұрап, 184 адам қол қойған талаптарын тапсырады [15, с.168].

Қазақ тархандары мен би-батырлары елде тыныштық сақтауда бейбіт тұрмысты қалайтындарын баяндап жеткізіп, үкіметтен әділдік күтті. Талаптары орындалмаған соң, қарулы көтеріліске шықты. Ресей патша отаршыларына қарсы соғысқан, Сырым тархан Датұлының жорықтас жолдасы Тіленші Бөкенбайұлы 1800 жылғы ұлт-азаттығы үшін күрестегі қарулы қанды қақтығыста қаза болады [17, 5б.].

Жалпы XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ қоғамындағы батырлар институтын тархандар институтына ауыстыру арқылы батырлар институтының рухтық құндылықтарын жойып, қазақ батырларының санасына отарлық сананы енгізуді мақсат тұтқан патша үкіметінің үміті ақталмады. Батырлық рух сақталып, ұрпақтан ұрпаққа ұласып сабақтасып отырды.

Батырлар ұрпақтарының ұлт-азаттығы үшін күрестерінің сабақтастығы тарихымыздағы Бөкенбай батырдың ұлы Тіленші тарханға оның ұлы Жоламан тарханның ұлт-азаттығы үшін күрес тарихымен жалғасты.

Жоламан тархан туралы патша үкіметінің офицері әскери статистик И.Ф.Бларанберг Жоламан тарханның туының астына 3 мыңдай адам жиналып, өлкені үрейде ұстағандығын мәлімдей отырып, одан әрі: «Ценой крови купили казаки обладание плодоносными берегами Илека; старинные владетели его не раз под предводительством своих батырей собрались огромными толпами и дрались на смерть, желая лутше расстаться с жизнью, нежели с кочевьем предков» деп жазды [18, с.96 .]. Шындығында, бүгіндегі тарихи зерттеулермен құжаттық деректер Жоламан тарханның өзінің жасақтарымен Орта жүз жеріндегі ұлт-азаттық қозғалысқа қатысып, Хиуа мен Бұхар хандықтарына барып, Ресей патшалығына қарсы күш біріктіруге одақтас болуға шақыруы патша үкіметінің басқыншылық саясатына қарсы көршілес

мұсылман халықтарының басын қосуға талпынғандығын дәлелдейді.

1841 жылдың қыркүйек айының басында Бұхармен келіскен хан Кенесарының Ташкентке бет алған әскері құрамында Табын рулары да болды. Жоламан тархан бастаған табындар ауылдарының Хиуа бағытына көш түзеулеріне түрткі болған себебін Ә. Мұқтар**:** «Патша әскерлері Кенесарының соңына түсті. Жағдай оңалмаса сұлтан Кенесары Бұхарға кетуге мәжбүр болатынын және патша үкіметі 1000 қазақты Кавказға жібермекші деген әңгімелердің тарауы түрткі болғанын көрсетеді» [19, 177-178 бб.]. Біздің пікірімізше, патша үкіметі мұндай әңгімелерді әдейі таратып, Жоламан тарханның ауылымен Хиуаға қарай көшуін қалады. Мұндағы көздеген мақсаты Жоламан тархан мен Кенесары хандардың патша үкіметіне қарсы ұлт-азаттығы көтерілісінің шынайы мақсатын бұрмалау үшін, көтеріліс басшыларын қазақтарды Хиуаға бағындыру мақсатында патша үкіметімен соғысқан етіп көрсету болғандығы күмәнсіз. Ойымызды қазақ даласына жіберілген патша үкіметінің әскери жорықтарында болған Орынбор, Орал казактары мен башқұрт, мишарлардың Орынбор арнайы әскери корпусының құрамында болған кезіндегі жазылған қолжазба деректері ойымызды қуаттай түседі. Онда: «...XIX ғасырдың 30-40 жылдары қазақ даласында қазақтарды Қоқан хандығына бағындырғысы келген Кенесары Қасымов жасақтарымен нағыз соғыс болып жатты», – деген кереғар пікірлер бүгінге дейін айтылуда [20 с.218]. Патша үкіметінің сол кездегі арнайы таратқан теріс пікірлерін бауырласа башқұрт тарихшылары талдап, талғамай-ақ дерек көзі ретінде бүгінгі күнге дейін пайдалануда.

Жоламан тарханның 500 жылқысы, 2000 ұсақ жандықтары, 50 түйесі, көптеген ірі қара малы болған. Ауқатты адам санатына қосқан. Тархан батырдың 10 ұлы болған. 2 бауыры – Есенаман мен Әжібайда 9 ұл, ал Едіге бауырынан қалған 6 ұл болған. Бұлардың барлығы Жоламан тархан Тіленшіұлымен бірге көшіп қонып жүрген [17,5 б.]. Бұл деректерге қарағанда, Жоламан тархан ауқатты, бай қуатты бола тұра байлыққа алаңдамаған. Жеке меншік, дәулет, байлыққа деген жалтақтық психологиясы болмаған, тәуелсіздік пен халқының азаттығын дәулет пен жеке басының мүддесінен жоғары қойған отаншыл елжандылық қасиетімен танылған тұлға. Жоламан тарханды «Малым – жанымның садағасы,

Жаным – арымның садағасы» деген принципті ұстанған адам болған деуімізге толықтай негіз бар.

Жоламан тархан бастаған көтерілісшілерге қарсы 500 орынборлық казактардан құралған жазалаушы отряд жорыққа жіберілді. 1825 жылы наурызда мықты қаруланған жазалаушы отрядтар Бұлдырты, Шиелі және Талды өзені бойындағы жүздеген қазақ ауылдарын талқандады. Қазақтар қайтпас қайсарлықпен қорғанды. Қанды қақтығыстан қазақтардан 195 адам өлді, 125 тұтқынға алынды, оның ішінде әйелдер мен балалар да бар. Олар Орал түрмесіне әкетілді, онда өте ауыр жағдайда ұсталған тұтқындардың көбісі түрмеде аурудан қайтыс болды. Ал, Жоламан тарханның сағын сындырмақшы болған патша үкіметі оның көтеріліске қатысқан алты бірдей туыс бауырын Орал түрмесіне қалдырмай ит жеккенге айдатып жіберді [21. с.158-159].

Ғалым Ж.Қасымбаев еңбегінде 1846-1847 жылдары Кенесары оңтүстік аудандарға шегінгенде патша әскерлерінің қуғынынан шегінген, Табын Байқадам бидің соңынан ерген Шөмішті табындардың бір бөлігінің Қоқан елінен пана тапқандығы айтылады [22, 34 б.].

Жоламан тархан Тіленшіұлы царизмге қарсы барлық батырлар мен қоқан, хиуа халықтарының басын қосу қамында жүрген кезінде Ташкент құшбегі өлтірген [23, 131 б.].

Бұл деректерге қарағанда, ұлт-азаттық көтеріліс көсемі Жоламан Тіленшіұлы Қасым төренің кебін киіп, Ташкент құшбегінің қолынан қаза табуы шындыққа жанасады. Ташкент құшбегінің Жоламан Тіленшіұлын өлтіруінің себебіне келсек: бұхарлықтар мен Жоламан тархан одақтасып қоқандықтарға қарсы күш болады,– деп қорқуларынан туындаған болуы мүмкін. Бұл – бір. Екіншіден, Жоламан Тіленшіұлының жұмбақ жағдайдағы қазасына патша үкіметінің де қатысы болды деген ойға жетелейді. Өйткені, 1848 жылғы 23 қазанда әскери старшын Арыстан Жантөрин шекаралық комиссияға Жоламан тарханның қайтыс болғандығы туралы мәлімет береді. [17,5б.]. Осыған қарғанда, ұлт-азаттығы көтерілісінің ұйымдастырушысы, әрі басшысы Жоламан тарханның ізіне көп жылдар бойы шам алып түскен патша үкіметінің батырдың қазасына қатысы болмаса, үкімет басшыларына берген арнайы рапорттары міндетті түрде жазбаға түсіп тіркелген болар еді.

Ал, 1848 жылғы 23 қазандағы Жоламан Тіленшіұлының қайтыс болуының себебі баяндалмай жай ғана хабарлама түрінде

берілуінің өзі батырдың қазасына патша үкіметінің пұлға жалдаған жансыздарының тапсырмаларын нақты орындағандығы туралы ресми хабарлауы болып көрінетін ой туғызады.

Кезінде М.Вяткин ұлт-азаттық қозғалыс туралы «Жоламан тархан қозғалысы кең аймақты қамти алмады, тек Жеті руды ғана қамтыды» деген пікір білдірген болатын [24 с. 229].

Энциклопедист – ғалым Тележан Шонанұлы: «1836-1838 жылдары Исатай Тайманұлы мен Жоламан тархан Тіленшіұлдары бастаған үлкен көтеріліс болды. Бұл көтерілістер – жер үшін болған көтеріліс, «жер тағдыры – ел тағдыры» [25, 263 б.], – деген еді. Олай болса, жер үшін, ел үшін болған бұл көтеріліс қазақ мемлекеттігін сақтап қалу үшін қан төгілген ұлт азатық көтеріліс дегенге келіп саяды.

Төрелер тарихына ден қойып зерттеген ғалым Ж.Қасымбаев Кенесарының туының астында топтасқан серіктерінің арасында азаттық соғыстың мүддесіне аяғына дейін берілген, қанды шайқастарда ерлігімен көзге түскен үш жүздің батырларынан: Ағыбай, Аңғал, Байсейіт, Туғанас, Тобылды, Таймас, Жеке, Табын Бұқарбай, Бұғыбай, Жауке, Сұраншы, Иман, Төлебай, Наурызбай т.б. қатар Жоламан Тіленшіұлының да есімін атайды [22, 61 б.]. Осыған қарағанда, Жоламан тарханның көтерілісінің географиялық аймағы М.Вяткин айтқандай, тек Жеті руды ғана қамтыды деген пікірдің жаңсақтығын дәлелдей түседі.

1848 жылы көтеріліс ошақтарын басқан патша үкіметі Орта жүзде салық мөлшерін өсіруге қорықты. 1848 жылы берілген үкімет бұйрығында:«...Орта жүз қазақтарының мал басына төлейтін жасақ салығының мөлшері 1849 жылдан 1855 жылға дейін көтерілмесін» деген арнайы үкімет бұйрығын түсірді [26 с.119].

Мұнан біріншіден, ұлт-азаттығы көтерілісінің қайта жануынан қорыққан патша үкіметінің әрекетін көреміз. Екіншіден, патша үкіметінің қазақ даласындағы патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы көтерілістің қайта жануынан қорыққан патша үкіметі салық саясатын қайта қарап жеңілдіктер жасауға мәжбүр болды.

Қорыта келе айтпағымыз, Жоламан тархан бастаған ұлт-азаттық көтерілісі (1823-1848 жж.) сәтсіздікпен аяқталғанымен, Ресей патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы XVIII ғасырдың 50 жылдарындағы Тама Есет тарханның башқұрт бауырлармен бірге бастаған (1755-1756 жж.) [27] отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттығы күресінің және Сырым тархан Датұлы мен

әкесі Тіленші тархан Бөкенбайұлы бастаған (1783-1797 жж.) ұлт-азаттық қозғалыстарының жалғасы болды.

Тәуелсіздікке қол жеткізу жолындағы Бөкенбай батырдың ұрпақтары әкелі-балалы тархандардың ұлт азаттығы жолындағы қандары текке төгілмеді. Ғасырлар бойы жалғасқан ұлт-азаттық үшін күрес нәтижесі – Қазақстан Республикасының тәуелсіз ел болуына қол жеткізді.

XVIII-XIX ғғ. батырлық дәстүрді атадан балаға жалғаған батыр тархандардың қоғамдық саяси қызметтері бүгінгі ұрпақ үшін, жерін халқын сүюде елжандылық пен ұлтжандылық сананы қалыптастыруда өнеге боларлық тағылымы бар тарих екендігі дәлелденді [28].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Жасай бер, тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. – 1998. 16 желтоқсан.

2. Жақсат Қарылғашов. Бөкенбай баһадур: ескерусіз ерлігімен отты рухы. //Ана тілі, – 27 қыркүйек, 2007. (7 б.); Қалдыбай Бектібайұлы Құттымұрат. Тарақты табын шежіресі. – Ақтөбе, 2009. – 150 б.(30 б.)

3. История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая полавина XIX века / Сост. И.В.Ерофеева, Б.Т.Жанаев – Алматы: Дайк-Пресс, 2007.– Т. 5.– 620 с.

4. Маданов Х. Кіші жүз шежіресі, – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1993, – 168 б.

5.Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата: АН Каз ССР, 1961. – 744 с.

6.Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. – Ташкент, 1925.

7. Восторгов В.В, Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX – начало XX в). – Изд-во Наука Казахской ССР Алма-Ата 1968. – 256 с.

8. ҚР ОММ. 4 – қор, 1–тізбе, 4901– іс.

9. Қалдыбай Бектібайұлы Құттымұрат. Тарақты табын шежіресі. – Ақтөбе, 2009. –150 б.

10. Мұқтар Ә.Қ. Бөкенбай батыр туралы не білеміз //Ана тілі, – 14 наурыз, 2008

11. Қарылғашов. Ж. Бөкенбай баһадур:ескерусіз ерлігімен отты рухы. // Ана тілі, – 27 қыркүйек, 2007. Мұқтар Ә.Қ. Бөкенбай батыр туралы не білеміз // Ана тілі, – 14 наурыз, 2008; Сонықі, Бөкенбай батыр. //Алтын Орда, – 1-7 мамыр, 2008.

12. Бекмаханова Н. Легенда о Невидимке (Участие казахов в Крестьянской войне под руководством Пугачева в 1773-1775 годах). – Алма-Ата: Казахстан, 1968. – 190 с.

13. Нусупбеков А.Н. Вопросы истории Казахстана (Избранные труды). – Алма-Ата: Наука, 1989. – 344 с.

14. Сариева Р.Х. Мұрағат және тарих: (мақалалар, баяндамалар). – Алматы: Арыс, 2004. – 292 б.

15. Материалы по истории Казахской ССР. Т.IV. (1785-1828 гг.) – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1940. – 543 с.

16. Вяткин М. Батыр Сырым. – Алматы: Санат, 2002. – 344 с.

17. Мұқтар Ә. Жоламан батыр: «Мен қарақшы емеспін, Ресеймен соғысып жүрмін» // Егемен Қазақстан – 2008. 19 наурыз.

18. Бларамберг И.Ф. Военно-статическое обозрение земли киргиз-кайсаков Внутренней (Букеевский) и Зауральской (Малой) Орды Оренбургского ведомства // Военно-статическое обозрение Российский империи. Т. 16. ч – 1, –СПб., 1848. – 322 с.

19.Тарих тұңғиығындағы тұлғалар (XVIII-XIX ғғ.). Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: "Арыс" баспасы, 2008. – 240 б.

20. Историко-культурный энциклопедический атлас Республики Башкортостан. – М.: ИПЦ«Дизайн. Информация. Картография», 2007. – 696 с.:ил.,карт.

21.Рязанов А.Ф. Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1797-1838 гг.) Очерки по истории. В 2-х частях. – Кзыл-Орда, – 1926, – 298 с.

22. Қасымбаев Ж.Кенесары хан. – Алматы:Қазақстан, – 1993, – 112 б.

23. Әбдікәкімұлы Ә. Қазақстан тарихы (ерте дәуірден бүгінге дейін) оқу құралы . – Алматы республикалық баспа кабинеті. – 1997. – 403 б.

24. Вяткин М.Очерки по истории Казахской ССР. том первый с древнейших времен по 1870 г. – ОГИЗ Госполитиздат –1941. – 368 с.

25. Шонанұлы Т. Жер тағдыры-ел тағдыры. 2 басылуы (көмекші оқу құралы). –Алматы Санат 1995. – 224 б.

26. Отепова Г.Е.Законодательные акты Российской империи осистеме налого облажения в казахстане в XVIII-XIX веках // Отан тарихы 2008, №2 (42) –112-125 б.

27. Исенов Ө.И. Тама Есет батыр (Опат болған жылы мен жұмбақ өлімі хақында) // Қазақ тарихы республикалық ғылыми-әдістемелік журнал – № 5-6.2008. – 27-29 бб.

28. Исенов Ө.И. Қазақ қоғамындағы тархандар институты тарихы (XVIII-XIX ғғ.) : Тарих ғылым. канд. ... диссер. – Қостанай. 2009, – 161 б.

***

Автор, ссылаясь на исторические источники, рассматривает жизнь Табын Таукенбай-батыра и его потомков – поколения тарханов.

***

Rebering to historical resourses the author considers the life of Tabyn Bukenbay-batyr and his descendents – generations of tarkhans.

УДК 329.15:323.1(574)-09

Кыдыралина Ж.У.
д.и.н., заведующая отделом истории индустриально-инновационного развития и этносоциальных процессов Института истории государства (г. Астана)

БОЛЬШЕВИЗМ И КАЗАХСКИЙ «НАЦИОНАЛИЗМ»: ИМПЕРСКАЯ ИДЕОЛОГИЯ И НАЦИОНАЛЬНЫЕ ИНТЕРЕСЫ

Существенное место в национальной политике большевистского руководства занимала идейная борьба с «национал-уклонизмом». Особенно беспощадную борьбу советский режим вел с местным, казахским «национализмом». Борьба большевиков с национализмом была связана с выдвинутой на июньском 1923 года Пленуме ЦК РКП(б) концепцией усиления классовой борьбы по мере приближения к социализму. Попытки противостояния «генеральной линии» партии получили экзотические названия по фамилиям партийных, советских, культурных деятелей, вставших на пути сталинской группы: «ходжановщина», «садвакасовщина», «рыскуловщина», «мендешевщина».

С конца 1925 г. в Казахстане начала разворачиваться борьба за преодоление «ходжановщины». «Не думайте, что Ходжанов находится в Москве, - заявлял Голощекин, - дух его витает здесь, он уезжает и почти каждые три недели приезжает сюда. И так как он опытный группировщик, то он быстро умеет выдвигать группировочные лозунги, умеет быстро объединиться, с кем еще вчера ссорился, создать блок. Это происходило, кажется, в августе. Поэтому группировку можно назвать «августовским блоком». Объединяются в основном т. Ходжанов, т. Садвокасов и т. Мунбаев (председатель КазЦИКа)» [1].

Ходжанову, как и другим представителям национальной интеллигенции, не раз приходилось защищаться от нараставших с каждым годом необоснованных обвинений, открытой травли и угроз.

Выступая на пленуме Казахского краевого комитета партии в ноябре 1926 года, Голощекин определил два поколения

алашордынцев и дал свою характеристику. Так, он выделил старых руководителей и новое поколение алашордынцев, отметил принципиальные различия между ними. Если взять старое поколение алашордынцев, то у них было что-то в прошлом, они были в прошлом, в казахских условиях, буржуазными революционерами. А у молодого поколения этого нет, они переполнены гневом, они закалились в борьбе с советской властью. Голощекин признавал наличие двух поколений национальной интеллигенции в освободительном движении и преемственности поколений: «буржуазных националистов» и «национал-уклонистов» [2].

В резолюции объединенного пленума Казахского краевого комитета и Краевой контрольной комиссии ВКП (б) в апреле 1928 года «О задачах культурного строительства в Казахстане в связи с решениями XV съезда ВКП (б)» подчеркивалось: «…мы должны преодолеть и побороть сильное влияние националистической буржуазной интеллигенции на культурном фронте. <…> Мы уже встречаем возрастающее сопротивление со стороны активизирующихся байских элементов, использующих всевозможные формы экономической и политической борьбы и в то же время крепко цепляющихся за бытовые традиции, религиозные предрассудки и т.п. <…> Буржуазно-националистическая интеллигенция всячески старается оформить идеологически эти чаяния полуфеодалов, бая и аксакала. <…> в самой парторганизации садвакасовские элементы ведут перекличку и заигрывают с буржуазно-националистическими слоями» [3, с. 356].

Со стороны партийных органов продолжалась беспрецедентная травля и преследование казахской интеллигенции, обвинения в национализме. 16 октября 1928 г. на собрании Кзыл-Ординского партактива первый секретарь крайкома заявил: «...Вообще, когда я говорю о группировках, я имею в виду национализм... Когда я упоминаю садвакасовщину, я имею в виду и ходжановщину, и рыскуловщину, и мендешевщину, и всех тех, кто был с ними. Одним миром они помазаны. Объективные условия для группировщиков у нас еще полностью не изжиты, старые вожди живы, их носит еще земля, правда не казахстанская...» [4].

Голощекин крайне отрицательно охарактеризовал первый период существования Казахской республики, с 1920 до 1925 гг., отмечая в нем превалирование национальных моментов и называя

этот период временем господства группировок националистов. В своей статье в журнале «За партию» в начале 1930 г. он писал: «…В это же время идет вовлечение в партию казахов вообще без заострения вопроса о социальном происхождении вовлекаемых; газета, книга, учебник издаются на казахском языке вообще, не обращая внимание на их содержание. Это времена «Ак жол» и старой памяти «Енбекши казак» до V конференции. Это время характерно не партийным строительством, а господством идеологии ходжановщины, рыскуловщины и садвакасовщины, отражавших тогда алашордынскую идеологию внутри партии. Это время, когда руководство было в руках всех этих группировок националистов… Я утверждаю, что в то время трудно было найти коммуниста-казаха, который не принадлежал бы какой-либо группировке» [5].

В республике обозначились разные подходы к темпам и способам проведения конфискации баев. Голощекин различал «левое» и «правое» течения в партийной организации республики. Представители левого течения требовали немедленной конфискации имущества баев. III пленум Казкрайкома в ноябре 1926 г. осудил «левацкие ошибки» О. Джандосова, который требовал немедленных политических и экономических мер, в т.ч. и принудительных, против остатков патриархальщины и байства [6].

«Левый уклон» представляли также С. Мендешев, О. Исаев, И. Курамысов, С. Сейфуллин, У. Кулумбетов, Е. Ерназаров и др.

«Ярко выраженным, идейно оформленным», по выражению Голощекина, было «правое» течение, куда он относил Т. Рыскулова, С. Садвокасова (руководитель этой группы), С. Ходжанова, Ж. Мунбаева, И. Мустамбаева, Ж. Султанбекова и др.). Сторонники этой группы открыто и принципиально критиковали голощекинские методы при проведении реконструкции народного хозяйства Казахстана, предлагая не форсировать, а более осторожно, постепенно переходить к социализму в национальных окраинах.

дұрыс түсінуі ләзім. Себебі ру, тайпа, жүз категориялары бүгінгінің генеологиялық талас-тартыстары үшін емес, саяси мәні құпия сақталатын, тарихи кеңістіктерді кеңейткен сайын басы біріге түсетін ұлттық бірліктің құндылығы болып қалуы керек. Осы мәселеде де аға ұрпақтың көптеген ұлыстарды орап өтіп, тапқырлылық танытқаны данышпандығы емес пе?. Ру-тайпаға бөлшектеп ажыратқаны емес, ханнан да бұрын өзін-өзі басқаруды халықтың өз қолына арнайы табыстағаны емес пе? Өзін туған елде енді ұрпақтарын өрбітіп отырған әрбір рудың ертеңгі күніне деген сенімін ұялатып, тайлы-тұяғымен жер бетінде өмір сүру құқын сақтаудың да тізгінін өзіне ұстатып, бұл фәнидегі баға жетпес құндылықтың қойын-қонышындағы бар ырзығын да қалауынша үйіп-төгіп берді емес пе? Сондықтан да болар бұдан он бес ғасыр бұрынғы қазақтың да, биыл ғана шыр еткен шақалақтың да іңгәлағаны дәл осы мекеннен шығып, әлемге жар сап жатқаны?.

Аға ұрпақтың қай ісінің де талғамы биік, артық-кемі жоқ қорғасындай салмақты болатыны да, кеше айтқан сөзінен жаңылып, бір күндері қайта түзетіп жатпайтыны да – толғанып сөйлеп, талғап өмір сүруінің нәтижесі секілді.

Әсіресе ел намысын қорғаудағы ерекше қабілеттері өзінің тал бойынан өндіріліп, өз ақылы өзіне жетіп жататын бабалардың бұл үлгілері сүйектерімен бірге кеткен жоқ, әр қоғамдық қатынастардың тұсында қайта жаңғырығып, кәдеге жарап отырды. Мысалы, XVI ғасырда жүзге дейін ғұмыр кешкен Шалкиіз жыраудың юморға толы «Ер Шобан» жырындағы Шобан батырдың Кабардыдағы Биғазы деген ауқаттының екі жүзден астам жылқысын елге айдап бара жатқан жерінен Биғазының құнықерлері қуып жеткенде, қазақтардың оңайлықпен малды қайтармайтынын білсе де, қуып келіп тұрып кері бұрылып жүре беруге өзі де намыстанып, Шобан батырдан қасындағы тұрған адамдардың ішінде кімдер бар екендігін жай сұрай салады. Сонда Шобан батыр да іркілместен жан-жағын күдірейте сөйлеп, ауылдың жай барымташы сойқандарын батырларша бейнелеп, далыйта таныстырады. Олардың кім екендерін жыға танымайтын кабардынның есін шығарып, «толайым хас батырлардың ортасына өз аяғыңмен келіп тұрғаның қалай» дегендей басымшылық көрсетеді.

Ат ұрлау түгілі елдің ой-қырын күзетуден босамай жүрген: Жұмай, Мәмбет, Сұлтан, Қоян, Жылым, Қолай, Жақсымбет, Жақан сынды батырлардың есімдері өздері сол жерде болмаса да бардай

етіліп, бірінен соң бірі аталып жатады, ал барымташы қу жігіттер еш сыр білдірмей, есімдері аталып жатқан батырлардың қалыбына түсе қалып, маңғаздылық танытады, «...мұншама көп батырға қылар амалымыз болмас» - дегендей, Биғазы шарасыздан Кабардысына кері аттанып кетеді. Қазақтың: «Ер болсаң бопсаға шыда» дегені осындайдан айтылса керек. Күнде алма-кезек барымталанып жататын келеңсіздеу дәстүрдің ушыққалы тұрған жағдайынан Шобан батырдың ойнақы әдісі шығынсыз құтқарып қалады. Қазақтардың осындай бір қысылған сәттерде оқыстан қисынын тауып, иландыра білетін қабілетін А.Янушкевич, А.И.Левшин, Я.П.Гавердовский, Е.И.Ерофеева секілді зерттеушілер өз еңбектерінде [6] ескеріп отырған.

Ал 1740 жылдары жиырма шақты адамымен шолғынға шыққан небәрі жылқы жасынан жаңа асқан жас Абылайды Қалдан Серен қапыда тұтқындайды. Қалдан Серенді тарихта осал жау етіп көрсетпейді, бірақ оның өзі тақілеттес ел басшыларына жай жауынгердей қарамайтыны және қазақ хандарының саясаттағы біліктілігіне қарай санасып та сыйласып та отырғандығы көп жағдайда ашық айтыла да бермейді. Сол кездің өзінде де жалпы халықаралық тәртіп бойынша ел басқарушылардың тұтқынға түскендегі жазасы басқаша болған. Өлімнен қорқуды білмейтін, арыстандай айбатты жас Абылайдың ішкі салмағын байқағысы келіп, Қалдан Серен құйтырқы сұрақтар береді. Өзін бірінші айтар ма екен деп жер бетіндегі ең тегеурінді ел басшысының кім екенін сұрағанында, Абылай: «... дүниедегі ең құдіретті әмірші – түрік қондыгері, одан соң орыстың ақ патшасы, солардан кейін екеуміз...» – деп жауап береді. Сонда Қалдан Серен басын шайқап рахаттана күліп алады да, шіміркеніп қорқуды немесе жалтақты білмейтін жас қазаққа таңдана қарайды.

Абылай өзінің батылдығынан ұтпаса ешқашан ұтылмаған саясаткер болатын, жас болса да Қалдан Сереннің басшы болуға лайықты ерекшелігін ол да жасырып қалмай: « Кіші халыққа бас болып отырсың, үлкен халыққа лайық басшысың...» - дегенінде, Қалдан Серен де: «...Осыдан жүз жыл бұрын туғаныңда жарты әлемді билейтін патша болатын екенсің...»[7] - деп Абылайға шын бағасын береді және сол жолы қазақ пен қалмақ арасы бітімге келеді де, екі ел арасында тоғыз жылдай тыныштық орнайды.

Әдебиеттегі тарихи тұлғалардың бейнесі осылайша ақтарыла суреттелуінен және олардың өмірлерінің ірілі-ұсақты штрихтерінің қанықтығынан болмыс-бітімдері зорайып, биіктей түседі. Соңғы

жылдары тарихшы ғалымдар мен әдебиетшілерден талап етіліп отырған мәселенің бірі де - осы. Ұлттық тарих иісі қазаққа жұғымды болсын десек, ел тарихын әдебиетінен бөлмей немесе әдебиетінің кіндігін ел тарихынан үзбей, бір қолымызбен ту ұстап, бір колымызбенен жыр уыстап, ел тағдырын өкше басқан ұрпақтың өз тағдырындай бойға дарыта білуіміз керек.

Әлбетте, тарих бір мезгіл өзінің хронологиясының шеңберінен шығып, әдебиет те көркемшіл қиялының бесігінде тербеле бермей, М.О.Әуезов айтқанындай: «Тарихты әдебиетпен образдап, әдебиеттің қабырғасын баба тарихпен қатайту керек»[8] дер едік. Себебі әдебиеттегі тарихтың образдалуы – тарихи оқиғаларды жай тізбектеумен шектелмей, обьективті тарихи уақыт пен кеңістіктің ауқымындағы белгілі бір дәуірдің төл уақыты мен кеңістігінде болған жайлардың ірілі-ұсақты мәселелеріне аса зер салып, мән-мағынасын ашу арқылы жүзеге асырылады.

Образдау – рухани-материалдық ортаның күнде көріп жүрген жайларын жаңа ғана алғаш рет көргендей етіп бейнелеу немесе қызметі мен конвенциясы жоғалып, тіпті санадан да орын алудан қалып бара жатқан құбылыстардың да заманауи үдерісін тауып, барлық өркениеттің игілігіне жарайтындай тынысын ашу деген сөз.

Сол себептен де сан алуан жекелеген ілімдердің басын жымдастыратын әдебиет секілді ірі жанрдың өзегінен тыс қалатын қазақ тіршілігінің ешбір қалтарысы жоқ және жоғарыда сөз болған мәселе де қазақ елшілігінің ауыл ішіндегі жай ерекшелігі ғана емес, бұл - өзге ұлыстарда көп кездесе бермеген, тыныштықты жаны қалайтын қазаққа септігі көбірек тиген елдестірудің қазақы амал-шарғысы деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Цицерон М.Т. Три трактата об ораторском искусстве. - М., 1972.

2,3,4 - мәтіндер Батырлар жырының I,VI томдарынан. Алматы. 1960,1990.

5.Тілеужанов М.М. Батыс Қазақстан фольклорлық мұраларынан. III том. Орал, 1958.

6. Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар. А., 1979.; Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сырдарьинской области. Ташкент. 1889. т.I. Юридический быт.; Ерофеева И. Хан Абулхайыр: полководец, правитель и политик. А: «Санат», 1999.

7. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. А: «Қазақстан», 1995.

8. Ауэзов М.О. Мысли разных лет. – Алматы, 1959.

***

В статье рассматриваются исторические личности, нашедшие самые актуальные решения в сфере дипломатических отношений.

***

The article deal examples of historical people's life who had found the most relevant decisions in diplomatic relations.

ӘОЖ 82.09:821.512;122

Мүтиев З.
ф.ғ.к., М.Өтемісов атындағы БҚМУ доценті

ҚАЗАҚ ӨЛЕҢІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ СЫННЫҢ КҮШ-ҚҰРАЛЫ (ТӨЛЕГЕН ТОҚБЕРГЕНОВ СЫНШЫЛЫҒЫ МЫСАЛЫНДА)

Өлең туындыларын зерттей жүріп, әрі ғалымдық әрі сыншылық қарым-қабілетінің биік деңгейіндегі дәрежесін танытқан әдебиеттанушылардың бірі – Төлеген Тоқбергенов. Оның қаламынан туған «Тоғыз тарау» (1974), «Үш тоғыс» (1977), «Қос ағыс» (1981), «Ай мүйіз» (1990) кітаптарында автор көркем әдебиетте өзіндік үлесі бар, дара қолтаңбаларымен көрінген ақын-жазушылардың шығармашылық ізденістерінің қарым-қуатын анықтап көрсетуге ден қояды.

Т. Тоқбергеновтың лирика кегінің тереңінен маржан терген ақындар шығармашылығын сараптаған мақалаларының бір қатары «Ай мүйіз» кітабына енген автор: «Қазақ өзі әлімсақтан-ақ өлеңді өнер санаған. Қуаныш, шаттық тұсында өлеңмен қуанған, өзгеше шерлі кезінде өлеңмен жұбанған. Өлеңнің ұйқасын, үйлесім-ырғағын жанымен түйсінген» [1, 118] дейді.

«Сөз теңізден маржан терген» атты шолу зерттеуінде Т. Тоқбергенов өлең-сөздің құдіреті мен өнер есебінде рөлін жоғары қоя толғанады. Ақындық пен ақындық өнерді бағалау, баптау жайындағы ой-толғаныстарында ғасырлар қойнауында жатқан Асан, Сыпыра, Қазтуған, Бұхар, Махамбет салған жыраулар мектебінің ізгі дәстүрлерін үйрену көзінің үлгісі ретінде ұсынады. Ақындық өнердің бұлақ-бастауы ауыз әдебиеті мен жыраулар поэзиясында жатқанын, бүгінгі заман ақындарының солардан өнеге алу жайының мардымсыз екеніне баса назар аударады. Әрідегі халықтық әдебиеттің ұлы Абайдан бастап Сұлтанмахмұт, Сәкен, Ілияс, Иса сәл төмендесек Әбділдә, Қисым, Асқар, т.б. үйрену көзі, арнасы болғандығын кейінгі толқынға үлгі ете әңгімелейді. Қазіргі қазақ поэзиясының ірі өкілдері Қадыр, Мұқағали, Төлеген, Сағи, Тұманбай, т.б. ақындардың өз сара жолдары барын халық мойындаған ақындар сапына енетінін баяндайды. Ақындар мен олардың өнердегі қолтаңбаларын айқындауға күш салып жемісті жолдарына жіті үңілген Әбіш Кекілбаев, Жарасқан Әбдірашев мақалаларын жоғары бағалайды.

Қазақтың бүгінгі поэзиясының көрнекті өкілдері Қ. Бекхожин мен Х. Ерғалиев туралы сыншы ғалым Т. Тоқбергенов өз танымын ортаға салып, шынайы көзқарасын білдіріп отырады. «Кейінгі поэзияға соқсақ, Қалижан, Хамит қос тұлға болып бір-біріне кезек бермей, қатар шауып қапталдасып келеді» [1, 119] ,- дейді ғалым.

Аталған ақындардың қалам қуатымен ақындық өнердегі өзіндік өзгешелік беталыстарын ғалым былайша пайымдайды: «Қалижан ішкі сезімге, ішкі иірімге көбірек қайырылса, Хамит Ерғалиев ойдың өзін оттай ыстық өлеңге айналдырып, азаматтық биікке шапшиды. Арқалы адын жырға бастайды» [1, 119] десе, қос ақынның үйрену дәстүрін анықтауда: «Қалижанда Шығыстың ұлы ақындарына еліктеу басым да Хамитте қазақтың өз жырларынша асқақ ойды төгіп көсіле жырлау басым»,- деп қорытады өз пікірін ғалым-сыншы Т. Тоқбергенов. Қос ақынды эпикалық құлашы кең тынысты өнерпазға жатқызған ғалым пікірінше кейінгі жас толқындар ішінде бұлардың өнегесін ұстанып пайдаланушылар мол.

Т. Тоқбергенов зерттеуіне іліккен ақындардың арасында «Өлең-өнердің бет шарпыған аптабын да тұяғымен от шашқан тарпаңын да жақсы білген ақынның бірі – Қуандық Шаңғытбаев». Қуандықты ғалым ең алдымен – лирик ақын санайды. Лириканың шығысша баламасын ғазал деп ұғындырған Т. Тоқбергенов Қуандықты сол ғазалдың табиғатына толығымен сыйған ақын деп біледі. Аз жазса сазды жазатын Қ. Шаңғытбаевтың тек ғазалша ақын ғана емес, азаматтың әуенді де өзінше көтере білетін, үні даусы анық өнерпазға балайды. Қ. Шаңғытбаевтың дарынды ақын екенін (1945 жылы-ақ) ұлы Мұқаңның - М. Әуезовтың: «... тілі орамды жас ақын келешегінен анық жақсы үміт еткізеді» деп бағалауын көрегендік деп бағалайды. Қуандықтың мықты аудармашы, публицист, драматург сияқты әмбебап қасиетін былай қойғанда ұлт өлеңінің көкжиегін кеңейтуде де біраз еңбек сіңіргенін отандық поэзияда үлкен орын барлығын оның туындыларын талдау нәтижесінде көз жеткізе келе: «Қ. Шаңғытбаев сирек таланттардың бірі десек, асырып айтқандық емес»,-дейді ғалым өз тұжырымының негізіне сүйене. Т. Тоқбергенов пайымында Қуандық - өлең өнеріне аса сақ қарайтын, өлеңді өнер деп бағалайтын мәдениеті жоғары ақын. Ол – «өлеңмен оңайдай ойнамай, ойланып сөйлейді». «Атым шықсын деп өзеуремейтін, даңғаза дақпыртқа ілеспейтін» де сол Қуандық. Қай тақырыпты жазса да ақынның халқының ой-мұратының

үдесінен шыға білген ғалым Т. Тоқбергенов жоғары бағалайды. Зерттеуші байламының ақынға қатысты қорытынды сөзін түйіндесек: біріншіден, «ол нені жазса да біліп жазады, бейнелі бедерлі жазады», екіншіден, «өзі көріп аралаған ел-жұрттың шежіре сырын әдет-ғұрып, дәстүр-дағдысын ақтара жырлайды», үшіншіден, «ұлттық мінез, табиғи бітім пішінін тауып, танып жырлайды», төртіншіден, «ұйқас, ырғақ, дыбыс екпінін жарыстыра боуын қанықтыра мейіріңді қандыра жырлайды».

Т. Тоқбергеновтың «Жыр дүлей» аталған мақаласы бүгінгі поэзияның жарық жұлдыздарының бірі - Фариза Оңғарсынова лирикасын тергеп-тексеруге арналған. Фаризаның дүлей сезімінің ақынына балап, сөз арнаған ғалым оны поэзиямыздағы сирек құбылыс деп те қалады. Ақынның айтпақ ойын оқуға ұмтылған зерттеуші Фаризаны батыл суреткер санатына кіргізеді. Көптің батырып айта алмай жүрген, айтуға білдіруге тайсақтап жүрген сезім мен сырға қатысты нәзік иірімдерге еркін бойлауын ғалым ақын жаңашылдығына жатқызады. Адам-пенде сол пенденің басында болуға тиісті мінез-құлықтарды ешбір боямасыз жеткізудің амал-тәсілдерін еркін игерген ақынды «Сезім құбылыстарын, мінез-қырларын суреттеуде Фариза тапқыр да өткір өз сезімін ақындық күдік-күмәнін ашып салуға келгенде кімді де болса селт еткізбей сұқтандырмай қоймайды» [1, 142],-деп айырып ашып көрсетеді. Ақынның шын да шынайы өнерпаздық тұлғасын танытудың жолы оңай болмаса керек. Алайда, шын сыншы зерделі ғалым Фаризаның ақындық болмыс-бітімін тереңнен толғай жеткізеді. Ғалым зерттеушінің түпкі мәніне үңілсек, Фаризада бүр жаңашылдықтың негізгілері мынадай екен:

1) Фариза өлеңдерінде екпін, ырғақ ұйқастар өзгеше орам тауып ішкі иірімге иіре тартатын шеберлікке құрылған.

2) Лирикалық кейіпкердің аузымен сыр шерту толғаныс толқу күйлерін тарату жөнінен Фариза өзге ақындардан (қазақ) оқшауырақ биікке шығып алған.

3) Фариза өлеңдерінде кейде проза мен поэзия бірігіп, біржола кірігіп жанрға бой бермес жаңа бір орамдар айқынданып жатады.

4) Фариза монологтарында өзіне ғана тән ақындық шешім ұлы мұрат көздеген ұлағатты ой телқоңырдай табысып жымдасып кеткен.

5) Төл әдебиетімізде қазақтың қанына сіңген шешендік өнердің жыраулық өнердің өзінен бұрынғы қарымта

қаламдастардың жеткенін алып, жетпегенін жаңарта жаңғыртып өрістетіп өсіріп алып кеткен.

6) Фаризаның және бір артықшылығы - өзіне өзі сыншыл, ол өз көңілінің қыры мен сырын айта отырып, өзінің көңілдегісін қоса біледі.

7) Фариза ақынмын деп астамшылдықпен емес, асқақ сезіммен жырлайды. Көкірек отына, көңіл-күйіне, шабыт-шарқына ой-безбенімен қарайды. Өзіне-өзі қатал талғампаз жан. Фариза ақындығын тексеруде Т. Тоқбергенов тапқан, анықтаған жаңашылдық нышандарының басты-басты ерекшеліктері осындай.

Т. Тоқбергеновтың қаламына іліккен үлкен ақындарымыздың бірі – ақиық талант тарланбоз Мұқағали Мақатаев. Мұқағали шығармашылығы қазақ әдебиеттануында жемісті зерттелу үстінде десек те, Т. Тоқбергенов тексерісінде ол басқа қырынан танылғандай көрінеді. «Көкірегі - көктем жыр» аталған жазбасында ғалым Мұқағали ақындығының бар қырын өзі білетін, өз зерттолғамының аясында қарастырады. «Көмейінде күміс күмбір бар-тын, көкірегіне күй тұнған ақын еді» [1, 144],- деп басталатын әдеби толғанысында Т. Тоқбергенов ақын шығармашылығын тануды әдемі бір толғау сырға айналдырып әкетеді. Мұқағали өлеңдеріндегі мұңлы күйлі сезімдер мен сырлы суреттерді ғалым өз қалауының таразысына салып тақырып пен мазмұнның ара-жігін өз ой безбенінің талқысына сала өрістетеді. Көктемді ақын жырының әдеби символы ретінде алған зерттеуші көктем бейнесі арқылы Мұқағали шығармашылығын бай да берекелі тұстарына сәтті барлау жүргізеді. «Мұқағалида «көктем де келер » деген үміт айрықша сезіледі: ал «көктем келді» десе, онысы таусылмайтын қуаныш» [1,147] дейді ғалым ақын туындыларының мазмұн байлығына үңіле. Мұқағали ақынның көктем жырын талдай отырып, зерттеуші «көктемнің келуі ақын үшін үлкен қуаныш»,- дейді. Ақынның көктем туралы өлеңдері аса көп болмаса да «өзін-өзі қайталап оқырманды мезі қылмағандықтан да көктем жырлары көкейден еш кетпейді» - дей келе көктем жырларын Мұқағали шығармашылығындағы алар орнын анықтауға бел байлап кіріседі. Мұқағалидың көктем келешектен, көктем болашақтан үміт үзбей жүріп жазған жырларының тақырыптық ауқымы әр қалай десек те, зерттеуші пайымынша ақын «өзек жарып айтар ойы - адам тағдыры адамның тірлігі, мінезі мен құлқы сезімі мен түйсігі». Ақынның лирикалық «мені» қалың бұқара мен қоғам оны мекендеген адам екен. Ақын солардың артына сөз ала ой толғайды екен.

Мұқағалидың: «Адам оқитын жырға адамды қатыстырмау - ессіздік» деген дәйек сөзін келтірген Т. Тоқбергенов: «Бұл – оның азаматтық кредосы ақындық стихиясы»,- дейді. Ақын жырлаған тақырып ауқымынан аса күрделілігі жайында айта келе зерттеуші әлемдегі ең толғақты мәселе планетаның ядролық жарылыстан сақтау аландатса, Мұқағали бұл мәселеде де өз үнін қоса білген ақын есебінде де таныстыра біледі. Оның «Тоғай төңірегінде» атты өлеңінде «Туған жердің тағдырын ойлаған ірі азаматтық әуен» ақынның халықшыл бейнесі бой көтереді. Т. Тоқбергенов Мұқағали ақындығын айқындауға арналған зерттеу мақаласы - еркін әрі табиғи қалпындағы әдеби толғанысқа эсселік талғам сипатқа тән белгілерді иемденуі мен ерекшеленеді.

«Қазіргі оқушы әдебиетіміз туралы ойланбай тұра алмайды. Сонда білімді зерделі түйсік түсінігі мол оқушы боп ойланғысы келеді. Мұндай оқушының жазушыдан артықтығы сол – ол көркем әдебиетті жан-жақты білгісі келеді. Көп оқып көптеген жазушының творчествосын білгісі келеді» [2, 159] деп жазған болатын Т. Тоқбергенов өзінің әдебиет туралы «Тоғыз тарау толғау сөз» атты күрделі мақаласында. Оқырманға обал болмасын деген қағидатты батыл ұстанған сыншы ғалым Т. Тоқбергенов әдебиет жайындағы толғаныстарында басқа да жанрлардың қатарында өлең сөздің де өзекті мәселелерін көтере білді. Қазақ лирикасының белді-белді деген ақындардың шығармашылық бітім-болмыстарына жіті үңіліп бүгінгі әдеби үдерістің даму деңгейін, жетілу дәрежесін анықтауға белсене араласты. Сынның міндеті мен мақсатын көркем әдебиеттің жанданып гүлденуіне орайластырып екшеп алған Т. Тоқбергенов «Өнердің өзек жарды объектісі – адам қамтылса да – сол адам туралы адамның болмыс тумысы, бітім-пішім, тіршілік тынысы сөз болмақ. Адам тағдырына тартыс-талайына соқпаса көркемдік шешім ақталмайды, өнер құпиясы ақтарылмайды» [2, 161] ,- деп ұғындырады. Осы айтылған мұрат-бағытын ғалым өз зерттеулерінде бағдарламалық идеялық желі етіп ұстайды. Ақын кейіпкерлерінің ішкі әлеміне үңілу арқылы ақындықтың шынайы бағасын беруде Т. Тоқбергенов ғалымдығының, сыншылығының бір ерекшелігі әзір суреткермен бірлесе адам әлемінің ішкі жан-дүниесін, сезім-сипатын бөлісуге әзір зерттеуші қай ақынның шығармашылық айдынына көз салсын, өленді өнер есебінде бағалауды насихат етті.

Түйіп айтқанда, ғалым-сыншы Т. Тоқбергеновтың өлең-сөз хақындағы зерттеулері бұл күнде де өзінің әдеби құндылығын

жоймай, жас өскін таланттарға әдіснамалық тұрғыдан көмегін, өнегесін тигізері хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Т. Тоқбергенов. Аймүйіз. Алматы: Жазушы, 1990 ж. 336 б.

2.Т. Тоқбергенов. Тоғыз тарау. Алматы: Жазушы, 1974, 224 б.

***

О развитии казахской лирики и его истории известный ученый, критик-исследователь Т. Токбергенов оставил много ценных работ. Его вклад в исследование народной поэзии и эстетические взгляды освещены в этой.

ӘОЖ 130.122:373

Жапбарова Г.А.

п.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ,

Шымкент қ.

ТІЛДЕСІМ МӘДЕНИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗІ

Философия әр заманның өзіне лайық өмір-салтына қарай түрлі бағыттарда өрістегенмен, оның ең басты мәселесі – адам, адам болмысының өмірлік мәнді мәселелері болып келгені аян. Көне дәуірден бүгінгі күнге дейін жалғасып жатқан философиялық ой-пікірлердің орталық тұлғасы – адамның ең басты қасиеті оның әлеуметтік мәнімен өлшенбек. Қазіргі философия адам туралы арнайы ғалымдардан іргесін бөліп алып, «субъект», «тұлға», «жеке адам» ұғымдарына баса назар аударуда.

Философияның басты тақырыбы адам мәселесі болса, сол адамның адамдық қалпы, жеткен дәрежесі оның әлеуметтік сипатына келіп тіреледі.

Жүсіп Баласағұн тұлға мәдениетіне қатысты ой-тұжырымдарын жалпыадамзаттық құндылық деңгейінде төрт ұғымдардың ерекше сипатпен берілуінде деп есептеді (Әділет, Дәулет, Ақыл , Қанағат). Сондай-ақ, Ж.Баласағұн еңбегінің оқу үдерісінде тілдесім әдебінің, ойды көркем әрі тұжырымды жеткізе білу шеберліктің қалыптасуы туралы пікірлерінің маңызы үлкен [1]. Ал Махмуд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінде адамдарды білімге, әдептілікке шақырған, ақиқат, әдеп, ұйымшылдық мәселелерін қарастырып: «Әдеп басы – тіл, тәрбие басы – тіл» деген пікіріндегі философиялық-әдептік тұжырымдары; парасат, білімділік туралы ойлары қазіргі кезеңде жаңаша мәнге ие болып отыр [2].

А.Игүнекидің философиясы адам өмірінің мәні оның білімділігінде, жомарттығында, кішіпейілділігінде деген негізге құрылған. Ол осы арқылы әдепті сөйлеуге үндейді. Оның адамзаттық көзқарасы оқу-білім мен ғылымды адамдық қасиеттің тірегі дей келіп: «Дүниенің, әлемнің сырын, құпиясын ашатын кілті – көкірегі ояу, көзі ашық, оқыған, білімді адамдардың қолында», – дей келе, бар дүниені тек білім арқылы ғана тануға болады деп тұжырымдайды [3]. Сондай-ақ жеке тұлғаның жан-жақты қалыптасуындағы тілдің рөлін әл-Фараби, Қадырғали Жалайри, Ш.Уәлиханов, Абай, Шәкәрім, т.б. ғұлама ғалымдар философиялық тұрғыдан негіздеп берді. Олардың түйіндеуінше, адамның тұлға болып қалыптасуына білімнің рөлін айрықша атап көрсетілді. Сондықтан біз тілдесім мәдениетінің қалыптасуының философиялық негізін тіл мәдениеті мен әдеби тіл нормасы туралы білім берудің көлемінде қарастырайық.

Білім берудің мәнін ғалымдар үш қырынан қарастырады. Соның бірі әлеуметтік жағынан қарастыру дегеніміз – білім алушының табиғат, қоғам, ойлау, іс-әрекет туралы білім мазмұнын игеру; екіншісі, педагогикалық қырынан қарастырылуы дегеніміз – білім алушының интеллектуалдық және тәжірибелік білік пен дағдыларды меңгеруі; ал үшіншісі, психологиялық – білім алушының өзін қоршаған әлемге деген, басқа адамдарға деген, адамзаттың шығармашылық қызметі нәтижесінде пайда болған тәжірибелерге деген эмоционалдық-еріктік қарым-қатынасты меңгеруі.

Оқушы тұлғасының қалыптасуы мен дамуы қарқынды жүретін ерекше маңызды буын – оқытудың негізгі сатысы екені белгілі. Сондықтан баланы интеллектуалдық, икемділік, қатысымдық жағынан айналадағы дүниемен (табиғатпен, басқа адамдармен, өзімен-өзі, т.б.) белсенді қарым-қатынасқа түсуге дайындау, оқу арқылы оның әрі қарай дамуына жол ашу, ақыл-ойының дамуына қол жеткізу – дамыта оқытудың философиялық қағидасы. Дамыта оқытудың негіздері таным теориясы мен диалектика ілімінде жатыр.

Ойлау – таным теориясының негізгі философиялық категориясы. Дүниені танудың екі жолы бар. Оның бірі затты дерексіздендіру арқылы немесе абстрактылы ұғым арқылы ойлау болса, екіншісі ұқсату, елестету, сезім арқылы ойлау. Дамыта оқыту бұл екеуін бірлікте қарай отырып, оқушылардың теориялық білімі мен ойлау қабілеттерін арттыру арқылы дүниені танудың ғылыми-теориялық және логикалық әдістерімен қаруландыруды көздейді.

Философияда адамның ойлауы объективті шындықты тану әдісі ретінде қарастырылады. Бұнда философтар «объектінің қай жағынан берілгеніне қарай, білімнің негізгі мазмұны қалай және қандай тәсілмен берілгенінен қарай» оның эмпирикалық және теориялық түрін белгілейді.

Дүниені танудың теориялық және эмпирикалық білім көздері бір-бірінен ұстанымдық тұрғыдағы ерекшеліктерімен ажыратылады. Дамыта оқытуда теориялық білім абстрактылықтан нақтылыққа өту әдісі арқылы жинақталады. Ол – диалектикалық логиканың негізгі зерттеу әдісі.

Дүниетанымның жарқын танылар тұсы – ұлттық дүниетаным. «Адамның дүниемен байланысы, оны тануы белгілі ұлттық жағдайда қалыптасатындықтан, дүниетанымның ұлттық белгілері болады. Ол белгілері мен көріністері осы халықтың діліне тәуелді. Бұл – халықтың бейнелеу дүниесі, символдары (рәміздері) мен салт-жоралары, сезіну, ұғыну ерекшеліктері» [4,181].

Ұлттық дүниетанымның нәр алатын ортасы, әрі көрінер жері – ұлттық мәдениет. «Мәдениет - халықтың мыңдаған жылдар бойындағы шығармашылығы, онда қауым мен жеке адамның рухани ізденісі, халықтық даналығы мен адамгершілік нышандары жинақталады» [4,206].

Әр мәдениетке дүние, қоршаған ортаға деген сан қилы көзқарас, түсінік қалыптасады. Себебі, әр мәдениет заманынан, діліне, моральдық нормаларына қарай адамға, өмір-өлімге, адамның іс-әрекетіне, сұлулыққа, т.б. әр халықтың басында бар негізгі құндылықтарға байланысты өзінің көзқарас жүйесін қалыптастырады. Міне, осы көзқарастың көрінетін, таралатын, сақталатын құралы - тіл. Тілдің бұл құдіретін XX ғасырда әлемдік философия мен мәдениеттану да мойындайды [5].

Бұл жөнінде белгілі қазақстандық мәдениеттану саласының ғалымдары былай дейді: «Тіл – тек коммуникативтік құрал емес, сонымен бірге, адам болмысының, оның мәдениетінін көрінісі, өйткені мәдениет таңба, белгіден тысқары, яғни тілден тысқары өмір сүре алмайды. Адамды түгелдей дерлік таңбалық әлем қоршаған, өйткені, адам болмысының өзі - таңбалық, тілдік болмыс. Адам - бір мезгілде таңбаны тудырушы да, оны талдаушы да.... Тіл – тек денотативті (белгілі, сигналды) коммуникация құралы ғана емес, сонымен бірге коннативті (белгілі әлеуметтік-мәдени, идеологиялық мәні бар) құрал. Тілде әр халықтың тарихы, оның өмірі, тіршілігі, шаруашылығы мен мәдениеті жатыр.

Дүние, болмыс жөніндегі халықтың философиялық пайымдаулары, ғасырлар бойы жиған өмірлік тәжірибелері, уақыттар мен ғасырлар ағымында қалыптасқан таным-түсінігінің негізі халықтың тілінде көрініс тауып, сол арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Демек, дүниені тану ой үдесінде, адамзаттың ойлау үдесінде жатқан құбылыс болғанымен оның өмірде ұғым, пікір, ой елегінің жиынтығы ретінде көрініс беруі, сөйтіп сол ұлттың күнделікті тіршілігі мен тұрмысындағы іс-әрекеттерден көрініс табуы пікір алысып, өзара қарым-қатынас жасайтын ұлттың тілімен тікелей байланысты. Тіл –

дүниетанымммен, дүниетану – тілмен тығыз байланыстағы ұғымдар. Кез келген ұлт өзінің басқаларға ұқсамайтын өмір сүру дағдысын, дүние-әлемге, адам және оның сол дүниедегі тіршілігіне деген көзқарасын қалыптастырады. Философтар мұны «бұл – дүниеге көзқарас, яғни адамның дүниені рухани игеруі» деп түсіндіреді [6,18]. Осы дүниеге көзқарастың бейнеленуінің, оны рухани игерудің әмбебап құралы – тіл.

Тілді дүниетанымның шеңберінде қарастырып, дүниетанымның халық салт-санасы үлесіндегі дүниелерді, тілді тани отырып, зерттеу, анықтау мәселесі тіл білімінде қазіргі таңда маңызды бағыттардың бірі болып отыр.

Ұлт тілінің табиғаты «ұлт пен тілдің біртұтастығы» шеңберінде кешенді түрде қарастырылып, тіл таныла түседі. Тілдің бұл қызметі белгілі ғалымдардың еңбектерінде тілдің қарым-қатынас құралы ретіндегі жеке экспрессивті-эмоционалдық мағына берудегі ең негізгі қызметтеріне қоса кумулятивтік қызметі де аталады. Тілдің бұл қызметі ұлттың тарихында қалыптасқан салт-ұғымдары, рухани мұраларды тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріп отыратын қызметі болып табылады. Яғни, тілдің рухани қазынаны сақтап, мұра ретінде ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші қызметінің мәні де тіл білімінде ерекше атап көрсетіледі. «Тіл адамның ойлау және бағалау қызметі үдерісінде барлық жасағандарын бейнелеудің және сақтаудың әмбебап құралы болып табылатыны белгілі» [7,27].

Әр ұлттың ойлау дәрежесі мен ұлттық ерекшеліктері сол ұлттың тілінде өзіндік тарихи, мәдени, қоғамдық, әлеуметтік, т.б. даму, қалыптасу деңгейінде беріле алады. Әсіресе, ұлттық ойлаудың, ұлттық дүниетанымның өзіне ғана тән ерекшелігін нақтырақ айтатын болсақ, мысалы әр ұлттың ойындары, мақал-мәтелдері және т.б. осы сияқты қалыптасқан ұғымдар ұлт тілінің қалыптасқан жүйесі ретінде көрініс табады.

Ұлттық дүниетанымды берудің шығарма түріндегі нақты тілдік көздеріне әр түрлі кезеңдерде жазылған көркем шығармалар, олардың тілі жатады.

Қазақ дүниетанымын көрсететін тілдік шығарма көздерінің бірі фольклор болып табылады. Онда қазақ дәстүрі мен салты, қазақ тарихындағы халықтың өмір сүру ерекшеліктері, бүкіл этнографиясы жатыр. Ал тілдік жағынан алғанда ұлттық сипатқа сай ескі, көне мағынадағы сөздер мен сөз байлығының көпшілігі осы фольклорлық шығармалар қатарына жататын ауыз әдебиеті үлгілерінде екендігі даусыз.

Академик Ә.Қайдаров еңбегінде: «Мақал-мәтелдер – этнолингвистиканың ең құнарлы бұлақтарына жатады. Әрбір мақал мен мәтелдің бойына этнос болмысына, оның рухани заттық мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-

сеніміне, т.б. қатысты бар ақпарат жинақталғанын ескерсек, олардың этнос болмысын танып-білуге қосар үлесі зор», – дейді [9].

Тұжырымдағанда, сөйлеу тілдесім арқылы адам тұлға ретінде қалыптасады. Сондықтан тілдік қатынас, тілдесім мәселесімен философия ғана емес, басқа ғылымдардың: когнитивтік лингвистика, психолингвистика, прагматика, сөйлеу мәдениеті, т.б. ілімдердің зерттеу нысанына айналады. Бұл ғылымдар негізінде тілдесім әрекеті белгілі бір ережеге, нормаға, ұстанымдарға негізделетіндігін көрсетеді.

Бұл мәселені сөйлеу актісі теориясының негізін жасаушылар Г. Граис пен Дж. Лич өз еңбектерінде тілдесімді ұйымдастырудың мынадай ұстанымдарды негізге алынатындығын ескертеді [10, 173-177].

Біріншісі – бірізділік ұстанымы. Бұл ұстаным айтушы мен тыңдаушының тілдесім әрекетіндегі мағыналық сәйкестікке негізделеді, яғни мазмұнды болуын талап етеді.

Екінші ұстаным – белгілі тілдік құрылым бойынша тілдесім. Бұл ұстаным тілдесім әрекетіндегі тілдік құралдарды белгілі әдеби тілдік нормаға сәйкес қолдана білуді талап етеді.

Дж. Лич тілдесім мәдениетінің маңызды ұстанымы деп “әдептілік ұстанымын” ұсынады. Оған тілдесім мәдениетінің талабы тұрғысынан мынадай әдеп нормаларын жатқызамыз: өзін тежей білу; еркін тілдесу; құнттау; қарапайымдылық; келісімдік; мейірімділік әдебі.

Тұжырымдағанда, тілдесім “этикеті” ұғымы қазіргі кезде жалпы қоғамның мәдени деңгейінің көрсеткішіне айналып отыр. Яғни, «тілдік этикет – адамдардың өзара сөйлеуінің мәдени тұрғыдағы қалыптасқан ережелері, қарым-қатынастың сөйлесімдік формулаларының жүйесі » [9]. Сондықтан сөз әдебі – тілдесімнің, тілдік құралдарды жұмсаудың қоғам қабылдаған, жұртшылық ұйғарған, ұлттық сипатқа ие ережелері мен тәртібі. «Тіл қатудың жағдайы қарым-қатынас жағдаятына қарай жұмсалатын арнайы сөздер мен тұрақты сөз орамдарының жүйесі арқылы жүзеге асады» [10].

Сөйлеу этикасының да қалыптасқан жүйесі, өзіндік нормалары болады. Оған: а) моральдық ұстанымдарға, мәдени-ұлттық дәстүрге негізделген тілдесім нормалар; ә) тілдесім этикетінің нормалары жатады.

Жалпы әдеп нормалары туралы айтқанда оның бір-бірінен әрі айрықша, әрі өзара ұқсас арнадан бастау алатыны ескерілуі қажет. Оның бірі – ұлттық этикалық ұстанымдар да, екіншісі – жалпыадамзаттық этикалық құндылықтар. Қазіргі таңдағы этикалық нормаларды құрайтын бұл компоненттерді айыра білу – адамның өз ортасында дұрыс әрекет етіп, көздеген мақсатына жетуінің басты шарты. Себебі, «этикалық нормалар – қарым-

қатынастың әр түрлі жағдаятына (ситуациясына) тән тілдесу ережелерінің жиынтығы» [11, 211]. Сөйлеу этикасы – дүниетанымдық компоненттерден, этикеттік компоненттерден және эстетикалық элементтерден тұратын күрделі құрылым болғандықтан, олардың арасындағы байланыстарды да білу қажет. Әдеп адамдар арасындағы қарым-қатынастың жоғары мәдени деңгейде ұйымдастырылуының басты шарты болғандықтан, ол жеке субъектілердің адами құндылықтарды түсінуіне, оны өз бойынан өткізуіне, сөз жүзінде ғана емес, іс-әрекетінде де дәлелдей білуіне байланысты болады. Сондықтан тілдесімді оқыту мақсаты – оқушыда сөз әдебі туралы ұғым қалыптастыру ғана емес, алдымен, сол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан сөз әдебі нормаларын, қалыптасқан қағидаларды ұстануына қажетті алғышарттар жасау, сыпайы да әдепті сөйлеуге төселдіру. Әсіресе, бұл орайда қазақ тілі пәнінің білімдік әрі тәрбиелік міндетінің өзара ұштасуына басымдылық беріледі. Сөйлеушілердің ортақ тіл табысуының, өзара құрмет, ілтипат сезімдерінің көрініс табуының айғағы саналатын әдептік сөз орамдарын қажет жерінде орнымен қолдану оқушының қатысымдық құзыреттілігінің қалыптасуының көрсеткіші деп есептеледі. Сол себепті тілдесім мәдениеті сапаларының ішінде этикалық нормаларды игерту қарапайымнан күрделіге қарай сатылап жүргізуі қажет. Күнделікті тұрмыста, ресми жағдаяттардың қарапайым түрлерінде қолданылатын сөз орамдарын бірте-бірте дамытып, кеңейтіп оқушының тілдесім дағдысына сіңірудің қажеттігі даусыз. Мәселен, алғыс сезімін білдіруге, өтініш білдіруге қатысты тілдесім әдебін үйретуден бастау алған оқыту оқушыларды тілдесім этикасының дүниетанымдық компонеттерімен, халықтық танымдағы тіл субъектісінің тіліне, сөзіне қатысты мақал-мәтел түріндегі пайымдауларымен таныстыруға болады. Мәселен, ұлтымыздың ұлағатты тәрбие өзегіне алынған «өнер алды – қызыл тіл»; «тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады», т.б. пайымдауларды сөйлеу этикасына тірек-таяныш еткені мәлім. Олай болса, мұндай сабақтастық тілдесім әдебі жөнінде оқушының дүниелік білімін кеңейтіп, ой-өрісін өсіреді.

«Сөз этикасының этикеттік бөлігі байланыс орнату, байланысты жалғастыру, байланысты аяқтау тәрізді қарым-қатынас тәртібінің ережелерін білу, сол ережелерді коммуниканттың мәртебесіне сай, қарым-қатынастың ресми (бейресми) жағдаятында іс жүзінде қолдануға тірек-таяныш болады» [12,19]. Ғалымдар «этикет – қайырымды адамның кез келген жағдайда өзін-өзі ұстай білуі. Оның негізі сыпайыгершілік, салт-жоралар мен әр түрлі рәсімдерді егжей-тегжейлеріне шейін білу», – деп анықтама береді [12,131]. Әрине, біз бұл жерде оқушыға бүкіл салт-жораны түбегейлі білдіру қажет дегеннен аулақпыз, бірақ тақырып пен

тілдік жағдаяттардың ерекшелігіне орай ол өз мүмкіндігінше тілдесім мәдениеті әрекетін дұрыс жүргізе білуге дағдысын қалыптастырады.

Қорыта айтқанда, әлемдік және ұлттық философиядағы адамды дамытуға негізделген өмір қағидалары мен әдептілік, ізгілік нормалары қашанда жас ұрпақтың бойында тілдесім мәдениетін қалыптастырудың барысында оның дара тұлғалық қабілеттерін адамгершілік негізінде жетілдіруге болатынын бекіте түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Баласағұн Жүсіп. Құтты білік. Алматы, 1998, 496 б.

2. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі I т. – Алматы, 1997, 590 б.

3. Иүгінеки А. Ақиқат сыйы. – Алматы, 1985, 152 б.

4. Философия және мәдениеттану құрас.: Ж.Алтаев, Т.Ғабитов, А.Қасабеков, т.б. – Алматы: Жеті жарғы, 1998, 272 б.

5. Ғабитов Т., Мүтәліпов А., Құлсариева А. Мәдениеттану, -Алматы: Паритет, 2002, - 408 б.

6. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Қысқаша философия тарихы. –Алматы, 1999, -272 б.

7. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1994. -190 б.

8. Жаннейісов Е.Н. Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произв. М.Әуезова) – Алматы, 1989, 285 б.

9. Қайдаров Ә. Этнолингвистика // Білім және еңбек. 1985, №10, 18-22 б.

10. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. – А:. метктеп, 1966.

11. Қайдаров Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: - Алматы, Ана тілі, 1998.

12. Грайс Г., Дж Лич. Лингвистические гештальты // Новые зарубежной лингвистике, - М.: 1981, -359 с.

***

В статье рассматриваются вопросы основ философского познания в обучении культуре речи.

УДК 821.521.122:821.111

Габдешева А.Е.
магистр, ЗКГУ им. М.Утемисова

МИРОВАЯ ЛИТЕРАТУРА НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ: К ВОПРОСУ О КАЗАХСКИХ ПЕРЕВОДАХ КИПЛИНГА

Воспитание личности в ваше время тесно связано с постижением как национальной, так и мировой культуры и общечеловеческой ориентацией в сложном современном мире. Изменившаяся картина мира и укрепившиеся международные связи сделали необходимым для гражданина республики ощущать себя и свою родину частью современного мирового сообщества и обладать соответствующими языковыми и культурными знаниями, чтобы должным образом представлять свою страну, язык и культуру.

С этой глобальной задачей воспитания личности связана проблема изучения мировой литературы и перевод наиболее значительных произведений непосредственно на казахский язык. Надо сказать, что это осуществляется и в значительной мере дает представление о лучших произведениях классики мира. Так, переведены произведения Уильяма Шекспира: трагедию «Антоний и Клеопарта» перевел Габит Мусрепов, «Ромео и Джульетта», «Король Лир» - Әбіш Кекилбаев, «Макбет» - Евней Букетов, «Отелло» и «Укрощение строптивой» - Мұхтар Ауэзов, «Гамлет», «Ричард III» и сонеты Шекспира – Хамит Ергалиев. Переведены почти все стихи великого шотландского поэта Роберта Бернса – их перевел Куандык Шангытбаев. Переведены романы Вальтера Скотта, Уилки Коллинза, Фенимора Купера, и все эти переводы выполнены на высоком художественном уровне. Они дают возможность носителям казахского языка непосредственно ознакомиться с лучшими произведениями других литератур на родном казахском языке. Это особенно важно для молодежи, школьников, студентов, которые как раз и находятся в стадии формирования личности и получения образования и профессии.

В ряду проблем встает и проблема переводов выдающегося английского поэтов и писателя, лауреата Нобелевской премии Редьярда Киплинга. Жизнь и творчество Киплинга достаточно изучены у него на родине, в русской критике, есть работы о нем на казахском языке, есть и вполне удачные переводы. Но в целом

формирование казахской киплингианы лишь начато и нуждается в дальнейшем продолжении и развитии.

Мы обратились к детским книгам и стихам Киплинга, которые составляют наиболее бесспорную в идейном и художественном отношении часть его литературного наследия. Как известно, вокруг имени и творчества Киплинга долгие годы шли споры: его называли «бардом империализма», защитником британской империи, в то же время многие критики привлекали внимание к материальной основе его творчества. Киплинг в своих стихах и рассказах утверждал принцип личного мужества, активной деятельности и служения долгу, осуждал эгоизм, бездействие, изнеженность и бесценность личности. Личность, по его мнению, должна быть активной, надо готовить себя к испытаниям и терпеливо выполнять свой долг служения родине и людям. Эти идеи были положительно восприняты множеством критиков и читателей. Особенно высоко они оценили книги Киплинга для детей.

Обратившись к его книгам для детей, мы выделили для анализа детские стихи Киплинга. Их немного, но все они вошли в фонд мировой классики. Стихи использованы им в роли вставок – интерлюдий в его книге «Просто сказки», изданной в 1902 году. Эта книга писалась для трех детей самого Киплинга, особенно для его любимицы – старшей дочери Жозефины. Помимо развлечения детей, книга, по замыслу автора, преследовала и педагогические цели – воспитание в детях тех качеств, которые ценил Киплинг, формирование их личности. Не случайно, Жозефина и сама в роли героини нескольких сказок – как туземная девочка Эффи, а ее отец Тегумай отличается чертами самого Киплинга. Это союз отца и дочери, который помогает ребенку постичь красоту и богатство мира и научиться тому, как жить в нем.

Исследуя таким образом стихи и их казахский перевод, мы выделяем в них тематические группы и тематическую лексику. Формирование личности ребенка направлено главным образом на гармонию человеческой жизни в единении с природой. По Киплингу, это необходимо, чтобы дети могли узнать, как прекрасен мир, сколько в нем простора для разных дел, но сколько и опасностей, и испытаний.

В стихах, включенных в книгу, нами выделены группы стихов с морской тематикой / «Көк толқындар жалтылдап….» и другие /;

стихи о животных, в том числе и домашних и правильном обращении ребенка с ними / «Мысық жіппен ойнайды….» и другие/; стихи обучающего характера, в которых говорится о познании ребенком мира / «Алтын бірдей түлегім….», и другие. Киплинг придает особое значение познавательному энтуиазму ребенка, который полон общечеловеческого и общемирового интереса ко всему: «ему служат слуги-вопросы: «Қалай , Не, Неге , Қашан, Қайда, Кім», с помощью этих бесчисленных вопросов и познается мир, а взрослые должны помочь в этом ребенку. Киплинг осуждает леность и инертность: у тех, кто ленится и ничего не хочет знать, вырастает безобразный горб лентяев: «Түйе болып шыға келер Түрлері бар Кәдімге»/. Романтику дальних странствий освещают морские стихи; «Айналайын Бразилиям, Бразилиям! Бразилиям! Өзіңді бір көрсем-ау! Көріп қана сенсем-ау!»

Кроме того, следует исследовать эти стихи, принимая во внимание эволюцию детских стихов в английской литературе – иначе невозможно должным образом оценить новаторство детской поэзии Киплинга. Английская традиция детского стиха идет ещё от фольклорных источников – от сборника классической детской поэзии «Матушка Гусыня», где также немало стихов обучающего характера и стихов о животных, как в стихотворном цикле Киплинга. Обучающие стихи в английском детском фольклоре также нацелены на запоминание новых слов и понятий – Киплинг в своих стихах учит ребенка запоминать морскую терминологию и приметы моря.

В стихах из сборника «Матушка Гусыня» детей учат, как миролюбиво и ласково обращаться с животными и играть с ними, оберегать их – в стихах Киплинга есть сходные по тематике стихи, где автор учит ребенка различать повадки разных животных и играть с ними бережно и вместе с тем весело. Анималистическая тема особенно популярна в английской детской литературе и Киплинг отдал ей дань в полной мере, продолжив эту традицию. Он обращает внимание маленького читателя не только на привычных домашних животных – кошку, собаку, но и рассказывает ему о животных экзотических, обитающих в далекой Африке или Индии – слонах, носорогах, крокодилах, верблюдах, леопардах и тиграх. Стихи Киплинга приобщают ребенка к миру путешествий и приключений, к настроениям, характерным для английской литературы XIX века – периода

оживления в ней романтических традиций и формировании неоромантических тенденций.

Стихи обучающего направления были характерны и для последующей английской традиции – детской литературы XVIII и XIX веков. И в период просветительства, и в эпоху викторианства назидание в детской литературе приветствовалось. Но в новой поэзии Киплинга оно облачено в шутливую, слегка ироническую форму и особую доверительную интонацию. Киплинг умеет говорить с детьми, он рассказывает им чудесные сказки и стихи, пробуждая их воображение и развлекая их, так что маленький читатаель и слушатель обучается незаметно для себя.

Всё это призывает казахского переводчика проникнуть в суть особой литератруный манеры Киплинга и полностью перенять его неповтроимую интонацию. В казахском языке следует продуманно подбирать соответствующие слова и выражения, которые бы позволяли воссоздать удивительный киплинговский мир.

Детские стихи Киплинга заслуживают перевода и комментария в казахском литературоведении и истории детской и мировой литературы как части фонда детской классики, способствующей формированию личности ребенка и воспитанию молодого поколения.

Список использованной литературы:

1. Kipling R. Just so Stories – M.: Raduga, 1979.

2.Киплинг Р. Түйеге өркеш қалай бітken? – Аударған Ш. Елебекова «Жазушы» Алматы, 1969.

3. Урнов Д. Что за сказки? Kipling R. Just so Stories. М.: Радуга, 1979

4. Дроздов А.В. Образ Моря и поэзии Редьярда Киплинга и Николая Гумилева // Проблемы иностранной филологии и методики. Уральск, 2006

5. Киплинг Р. Сказки. - М.: Гос. изд. детской лит., 1956. Перевод с английского К.Чуковского. Стихи в перев. С.Маршака.

***

Мақалада ағылшын ақыны Редьярд Киплингтің «Әлем әдебиеті» шығармаларының қазақша аудармасындағы мәселелері қарастырылған.

***

The article "World Literature in Kazakh language: on the problem of translation Redyard Kipling's works Kazakh language" deals with the problem of translation of Kipling's heritage into Kazakh language.

ӘОЖ 821. 512. 122

Тулеуова Ә. М.
Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университеті, Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясы магистранты,Орал қ.

АСҚАР СҮЛЕЙМЕНОВ ПРОЗАСЫНЫҢ ТІЛІ
(«Бесатар» повесі бойынша)

Әуезхан Қодар: «А. Сүлейменов - қазақ әдебиетінің ерекше мүмкіндігі... » [1; 182],- деген болатын. Осындай баға берілген жазушы шығармаларын оқи отырып, оның сөз қолданысындағы кей өзгешеліктерді және ана тілінің ерекше мүмкіндіктерін еркін пайдалана білген суреткерлік шеберлігін байқамау мүмкін емес. Оның қаламынан туындаған туындылары - оқырманды терең ойға салар шығармалар. Тек әдебиетшілер ғана емес, тіл мамандары, маман философтар мен психологтар оның шығармаларынан өзекті мәселелер төңірегінде қозғалған ой мен пікір таба алады. З. Серікқалиұлы айтқандай, жазушы шығармалары - «... сан-сала ұрпақ тәрбиесінде нағыз тіл ұстарту құралын да табуға, жасандыруға болатын, желдіртпе қызықшылдық ауылынан алыс, тілдік қоры, құбылысы, бояу-реңкі мейілінше бай...» [2; 4] мұра. Оның шығармаларының көркемдік ерекшелігіне, сөз өріміне, көркемдік танымдар генетикасына Ғ. Мүсірепов, Р. Сыздықова, С. Жұмабек тоқталып өткен. Ғ. Мүсірепов А. Сүлейменовтың қозғалыстың сырт көріністерін, оқиға тізбектерін алмай, ішін ашу арқылы сыртқы көріністерін бере білгендігін, адам мінездері арқылы қозғалысты тарихи тереңдікте көрсете алған шеберлігін айтады. Р. Сыздықова жазушы айтпақ идеясын, бермек образдарын, көрсетпек суреттерін шығарма тілі арқылы қалай, қандай жолмен бере білгендігін айтып, нақты мысалдар келтіреді. Сөздің контекстегі рөлін, орнын танытатын, жазушының оқырманға әсер етер стильдік нақышын туғызатын тілдік құралдарды қарастыратын ғылым - лингвисикалық стилистика тұрғысынан да тоқталып, Асқар Сүлейменовтың сәскесі сары, бесіні қоңыр, құтпаны қара, сәрісі құлан иек болып келуі «мағынасы жағынан қиюласпайтын сөздерді тіркестіріп, жаңа сөз - образ жасаудың Абай өрбіткен үлгісі...» [3; 208] екендігін, жазушының оны ұтымды пайдалана білгендігін атап өтеді.

Жазушы шығармаларын тілдік тұрғыдан қарастыру барысында қос сөздер, біріккен сөздер, сөз тудырушы және түрлендіруші тұлғалардың қолданылуы, кірме сөздерді, жиі қолданылатын сөз құрамдарын, тұрақты тіркестерді мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді, сөздерді үнемдеу құбылысын, мағынасы жағынан қайшы сөздерден құралған құрылымдарды және т. б. тілдік құралдарды қолдану амалдары ерекше назар аудартады. Сондықтан оларға жеке-жеке тоқталып өткен жөн.

Сөздердің лексикалық мағынасы. Тілімізде күнделікті өмірде айтылып жүрген сөздердің көркем туындыда жаңа мағынада немесе сөздің о бастағы мағынасын ауыс мағынада қолданып отыру – жазушылардың ең басты көркемдік тәсілдерінің бірі. Бұл тәсілді қолдану А. Сүлейменовтың шығармасында да кездеседі. Жазушының «Бесатар» туындысында шығарманың бөлімдері кейіпкерлердің атымен аталады. Оқиғалар кейіпкерлер атынан баяндалады. Сондықтан автор әр кейіпкердің мінез-құлқын ашуда олардың тіліне сөйлеу мен ойлау мәнеріне көңіл бөлген. Бұл шығармада қоғамның, екі түрлі дүниетанымның, әр түрлі ой-сананың тартысы баяндалады. А. Сүлейменов өзі дайын құрылымды анықтауыштарды емес, тосын теңеулерді, бейнелерді пайдаланады. Мысалы: тілшелеп тыншитын ұлы шілде, сары сәске, қоңыр бесін, момын иірім, уыз көк, тұтқын сөз, сәлемқұмар жұрт, күшікей үміт, жылан бел күміс бұлақ, таскешті заман, ұйғырдың қамырындай заң-закон, саба түбі сарқынды жас, тараққұмар шаш, насат айқай, көктұқыл бет, шақар үрей, пышақүсті мәселе, төлтұмсық күлкі, ызаның қолы, кектің қолы, құлакесті сыбдыр, бала бейіл, түлкі сауал, қойындас ұғым. Бұл анықтауыштарды мерзімдік ерекшелікті (оқиға орын алған шілде, бесін, сәске, заман) көрсету үшін, табиғат құбылыстарын суреттеуде (иірім, жаңа шыққан шөп, бұлақ), адам пейілі мен мінездерін, олардың сөйлер сөзі мен ойлаған ой-пиғылының бағытын, ақ-қарасын, қыр-сырын астарлап жеткізуде, ашып көрсетуде де қолдана білді (шақар үрей, түлкі сауал, бала пейіл, қыл бұрау түскен намыс, күшікей үміт, тізешіл ұлық, қыраулы сөз, т.б.). Р. Сыздықова мұндай сөз айшықтарының өлең тіліне жақын екендігін және жазушының өз прозалық шығармасында поэтикалық үнге сай тілдік құрылымдарды стильдік мақсатта жақсы жүзеге асыра білгендігін айтады. Бұлардың ішінен автор туғызған тіркестерді де табуға болады.

Кірме сөздер. Шығармадағы басқа тілден енген сөздерге тоқталатын болсақ, шығарма тақырыбына сәйкес, олардың ішінде әскери атаулар, шен, қару-жарақ атаулары, көлік атауларына байланысты сөздер жиі қолданылады және заман, дүние атауларына тән кей сөздер кездеседі. Мысалы: эскадрон, каратель, маузер, офицер, погон, френч, папирос, портсигар, ипподром, махорка, указ, шенеунік, фаэтон, батька, бунт, ояз, пристав, болыс, картуз, бәтеңке, әміркен, сүртік, шевиот, лента, кавалер, переселуправление, табуретка, винтовка, уәләйт, солдат, банкир, полиция, мосли, бунтшы, большевик, толскей самауыр, шинель, кәмпан, әтрәт, фәни, сапиян, пәуеске, лұғат, мәмпәси, приговор, сүртік, галстук, зал, фойе, харіп, стол, кобура, пәміл шай, наган, чарка, династия, трактир, көшір, галифе, әписер, әтрәт, рудник, адьютант, сом, мұжық, шот, большевизм, губернатор, компания, материал, кәрәтіл, казачонок, баранчук, самогон, чарка, училище, хайуан, начальник, офицер-следователь, его превосодительство, кәмпан, бабайка, т.б. Бұл мысалдардан шығармада сөздердің екі түрлі тәсілмен берілгендігін көреміз: бірқатар сөздер дыбысталу түрін сақтап берілсе, бірқатары қазақ тілінің орфоэпиялық заңдылықтарына бағынып, өзгеріске түсіп қолданылған. Кірме сөздерді екі түрлі тәсілмен беру кейіпкер тілінің ерекшелігіне сай орайластырылған, яғни өзге ұлт өкілінің тілінде (Крейгель, Иноземцев, т.б.) бұл көбінесе өзгеріске ұшырамай қолданылса, ал Сәруар, Төрехан, Мұқағали сияқты ұлт өкілінің сөз қолданысында қазақ тілінің заңдылықтарына қарай бейімделіп, өзгертіліп берілген. Осындай кейіпкер тілінде бөгде тілдік элементтердің, кірме сөздердің көрінуі кейіпкердің мінез-құлқын, білім, мәдениет дәрежесін аңғартады, белгілі бір кездегі зат, құбылыс, іс-әрекетті танытатын тілдік қолданыстар болып табылады. Жоғарыда келтірілген кірме сөздердің кездесуі бірінші жағынан замана талабына сай әдеби тіліміздің орыс тілі элементтерімен толыға түсіп, тілдік қор құрамының даму жолына әсер еткен кезеңдер белгісінің көрінісі болса, екінші жағынан дыбыстық жағынан құбылып, көріктеу құралы ретінде де стильдік, функционалдық қызмет атқаратындығымен ерекшеленеді.

Күрделі сөздер (қос сөздер, біріккен сөздер). Қос сөздер тілімізде күрделі сөздердің құрамына ене отырып, қайталама қос сөздер және қосарлама қос сөздер болып екі топта қарастырылады. «Бесатарда» осы екі топтағы сөздер молынан қолданылған. Олардың ішінде мағыналары жақын сыңарлардан құралғандары,

бір сыңары мағыналы сөзден, ал екіншісі мағынасыз сөзден құралғандары, қарама-қарсы мағыналы сыңарлардан тұратындары, еліктеуіш сөздер, етістіктерден жасалғандары да бар. Мысалы: айқай-боқтық, қадау-қадау, бір-бір, тым-тырақай, шатқал-шатқал, қойнау-қойнау, тарс-тарс, кәрілі–жас, дөңбек-дөңбек, тақ-тақ, алты-жеті, мал-жан, басып-басып, борт, борт-борт, бұралаң-бұлтаң, ат шаптырым-ат шаптырым, қойын-қойнау, бұрыш-бұрышымен, көрініс-сурет, кескін-мінез, көйлек-дамбал, бет-аузы, сарт-сұрт, суынар-суынбаста, анда-санда және т.б. Шығармада қос сөздерді қатар қолдану жағдайлары кездеседі. Сан есімнен болған қос сөздер және іс-қимылдың орындалу барысын, кеңістікті, дыбысты сиппаттайтын қос сөздер жиі қолданылады. Бұлар жазушымен оқиғаны суреттеуде, кейіпкер мінезін аша түсуде, оның сөйлеу тілін, ойлаған ойын әсірелеуде тиімді қолданылған.

Қос сөздер енетін күрделі сөздер құрамына біріккен сөздер де кіреді. Біріккен сөздер де жазушының бұл шығармасында стильдік мақсатта қолданылу жағынан өзіндік орын алады. Мысалы, халқымыздың амандасу, хал-жағдай сұрасуға деген көзқарасын, құрметін, ықыласын білетін өзге ұлт өкілі Иноземцев тарапынан бұл қасиетті «сәлемқұмар» (жұрт) деген біріккен сөзбен береді. Сол сияқты заман ауыртпалығын беруде таскешті (заман), көмекші мағынасында атұстар, кейіпкер мінезін беру үшін атжандылық, балажандылық, оққұмарлық, сол кезеңде «бұйым қатарына іліге бастаған арқалығы жоқ» затты құйрықбасар сөзімен берсе, сырттағы дыбыс деген мағынада үйсырты үн, бұғу, жасқану мағынасында бұқпанторғайлық, орынды сөзін әсірелеу мақсатында сыйтабақтай, пүліш түсін беретін қоянсұр сөзін, кейіпкер қызметін, күнкөрісін беру үшін қолбала (тілмаштық), сол кезеңдегі қоғамдық жағдайға орай дуанбасы, керуенбасы, бесіккертпе (дос-құрдас), отағасы, киім бөлшегінің атауы төсқалта, жезжаға, күрделі деген мағынада пышақүсті (мәселе), мезгіл, өлшем атауларын білдіретін таңертең, алагеуім, қолұсыным сөзімен, аққұман, шынтақбасар, қазықбау, жүкаяқ сияқты зат атаулары, жайбасар, көрсоқыр, ашқарақ, терісқақпай (жауап), қызылкөз (жел), ұзынбел, төлтұмсық (күлкі), алакөңіл (топ), атанбалтыр, мұрынбоқ, ұзынтұра, алыпқашпа (пікір), қанқұмар, қарақұрым, қанқызыл, көксау тәрізді анықтауыштар, тақымбостық, сыңарезулік тәрізді біріккен сөздер, балықауыздану (мақтану, лепіру), торғайбастану (сиреу, жалғыздан қалу), саржалқандану тәрізді үстеулер қолданылады.

Кейбір грамматикалық тұлғалардың қолданылуы. Сөз түрлендіруші жұрнақтардан гөрі сөз тудырушы жұрнақтардың мағыналық қорымызды байытуда атқаратын қызметі зор. Шығармада сөз тудыру мен түрлендірудің әр түрлі тәсілдері қолданылады. Мысалы: -шыл, -шіл жұрнақтары. Кінәмшіл: Сәрі аста шеңбер атып үйренген **кінәмшіл** құрсақ майлы ас қарпымай қыңқылын тыймастай көрінді. Бұл сөз кінә қойғыш, өкпелегіш мақсатында қолданылып, құрсақ сөзімен тіркестірілген. Қарны аш, «дәрінің иісі құйқаның иісіндей» болып көрінген кейіпкердің (Крейгельдің) күйін беру үшін қолданылған.

Аспаншыл биік. Р. Сыздықова бұл тіркес туралы былай дейді: «... бұл эпитет екі түрлі жүк арқалай келген: бірі – тым биіктікті (аспан сияқты) білдірсе, сол биіктіктің өзін аспанға «құмар» етіп «жан бітірген». Малдасшыл төре: Бұл Крейгелдің қазақтың салтын, тілін білетіндігін көрсетсе, екіншіден сол білгендерін іске асырып, тұтқынының тілін тауып, өз жағына қарай идірмек болған бейнесін беру үшін орынды қолданылған. Осыған ұқсас жасалған шамшыл ел, шекешіл саусақ, тізешіл төре, өксікшіл дауыс, мәмілешіл шал және т.б. тіркестер қолданылады. -лық,-лік. Қамсыздық, мейрампаздық, тұтқындық, елшілдік, тілмаштық, боркеміктік, ноқайлық, жанкештілік, атжандылық, балажандылық, оққұмарлық, тақымбостық, сыңарезулік, бұқпанторғайлық, басбұзарлық, мақалкештік, т.б.

-шы, ші. Шабыншы, бунтшы, жазалаушы. –кеш, -кес, -кер: саудакеш, құныкер, даукес, қартакеш. Осы –кеш жұрнағының шығу төркіні туралы ғалым Ж. Тектіғұл: «Көне дүниеде көлеңкелі нәрсе көп. Сонда –қан,-қын, -кін, -ан, -ын, -н, -ған, -гін, -ен, -ін тұлғалары –қа, -ке, -қы, -кі, -қ, -к, -ғы, -гі тұлғаларымен, олар өз кезегінде –қаш, -кеш, -қыш –ғыш, -қы, -ғы, -ық, -ығ, -ғаш, -геш, -ғыш, -гіш – кі –гі, -к, -іг, -к көрсеткіштерімен төркіндес екенін анықтауға болады», - деп, бұл жұрнақтың көне форма екенін көрсеткен. Бұл жұрнақ жазушы шығармасында белгілі бір кәсіпті, адам мінезін беру үшін қолданылған. Бей-: бейкүнә, беймағлұм, бейжосық, беймүмкін. –ыс, -ыл, -ім, -іс: мырсыл, жүгінім, әупіл, үріс, түнемел, парыл. –мыш аффиксі: Оқымыш. Бұл жұрнақ көне ескерткіштер тілінде кеңінен қолданылған. Орхон-Енисей, кейінгі орта ғасыр жазбаларында есімшенің өткен шағын жасаған: қалмыш (қалған), тегміш (түйіскен), қазіргі тілімізде -ған аффиксінің қызметін атқарады. Түркі тілдерінің ілгергі дәуірінде өткен шақтық есімше жасайтын өнімді форма болған.

Жазушы шығармасында үнемдеу заңының да кеңінен қолданылғандығын байқауға болады. Бұл заңға байланысты фонетикалық, синтаксистік және лексикалық құбылыстар - ерте дәуірден келе жатқан тарихи категория. Олар күні бүгінге дейін өз орнын тауып келеді. Үнемдеу заңынан туындайтын тілдік құралдар сөйлеу тіліне, сөйлеу әрекетінде ерекше сипат беріп, үндесу, ұқсау заңымен лингвистикалық үйлесім табады. Сонымен қатар ықшамдылық жағынан да тиімді болып табылады. Жазушы бұл құбылыстың беретін осындай қасиеттерін кейіпкер тілін беруде, оқиға, іс-әрекетті сипаттауда пайдаланады. Мысалы: шеңбер ғып жазып ап, кесір боп, күдік кеп кірді, көлденең сап, ұйқы қапты боп, мал тартып ап жүріп, таразыға сап, мирас боп келе жатқан, лез қуанып қалды, суырып ап, мұз боп, қазық қып, топ боп, неме керек, бұ жолы, о шалды, ұйқы ашар ғып, отырғызып әкеп, лез, жо, қоям, екем, байқап ет, ой тоқтатақам, бет қаратқам жоқ, әкеп, жіберем, со бір, білем, сенем, бұ құдай, қоям, өкінем, саржалқандану, т. б. Бұл мысалдардан көріп отырғанымыздай, үнемдеу заңы шығармада кеңінен көрініс тапқан. Сөйлеуші дыбыстау мүшелеріне күш түсірілмеуін көздеуі салдарынан дыбыстарды ғана емес, буындарды да түсіріп айтатындығын және жіктік жалғаудың да қысқартылып қолданылғанын (-мын, -мін, -м түрінде) көреміз. Бұндай тәсіл стильдік мақсатта да, кейіпкер бейнесін берудегі танымдық сипат мақсатында да ұтымды қолданылған.

Сонымен қатар жазушы шығармасындағы фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдерге де тоқталып өткен жөн. Себебі, олар тіліміздің ауқымды бөлігін құрайды. Шығармада тұрақты тіркестер адамға тән әсерлердің көрінуінде, эмоционалды-экспрессивті реңкті танытуда шебер қолданылған. Мысалы: бұғананы қырқу, қорқыныштың көзі ала, тісі тісіне тимеу, пышақ үсті қатер сәт, сауысқандай сақ, шаң қауып қалу, мұрнын жүз соммен сүрту, ит тойған жеріне ер туған жеріне, ұйқы қақты болу, іш бұру, екі иығына екі кісі мінгендей, қол үзу, ат құйрығын кесісу, таразыға салу, ат ойнату, күпті болу, жаман айтпай жақсы жоқ, етінен ет кескендей, қолды болу, саба түбі сарқынды жас, пышақ кесті тыйылу, жетім қозы тас бауыр, заманың тазы болса түлкі боп шал, тұтқын сөз – тұзсыз дәм, ат табылса қамыт дайын, бүкірді мола түзер, балық басынан шіриді, биеден ала да тумақ құла да тумақ, ададан бала мысқал кем тумақ, жел қайықтай лыпылдау, тайға таңба басқандай, ұзын арқан кең тұсаулау, сүйем жарым, тұяқ серпе алмау, екі елі ауызға бес елі қақпақ, ат үсті қарекет,

құланиектеніп оралу, сақадай сай, ақ жаулық, мысыққа ойын, тышқанға өлім, көкейін тесу, сүт пісірім, ащы ішектей созылу, аттың төбеліндей, су жүрек, ер шекіспей, бекіспес, бесіндік ғұмыр, ат-шапан айып тарту, құлаш жарым, асықпаған арбамен қоян алар, ат құйрығын кесісу, иненің шаншуындай, пікір шашақтау, бота тірсек бозбала, қанат жаю, көңілі босау, ат кісініскенше, адам сөйлескенше, тай шаптырым, құлаққесті сыбдыр, ақ қағаздай бала бейіл, таяқ тастам жер, ой түзеу, аяз қару, т. б. Мақал-мәтелдер әр ұлт өкілінің өз дүниетанымы, ішкі жан-дүниесіне сай, орынды келтірілген. Бұл фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді жазушы аса байыптылықпен, талғампаздықпен, жоғары шеберлікпен қолдана білген. Жазушы қолданысындағы фразеологизмдерді стильдік қызметіне қарай мынадай топтарда қарастыруға болады: кейіпкердің жас шамасын, жынысын, мінезін таныта түсу, кейіпкер портретін беруде және оның тілін айшықтандыра түсу, психологиялық сезімін, күйін суреттеу, іс-әрекетті әсірелей беру мақсатында жұмсалатын фразеологизмдер, уақытты, қашықтық өлшемін білдіретін фразеологизмдер. Мысалы:

...Көрген сәт екі ұрты айқай-боқтыққа толып қалды – осы жаңа ғана құрдай жорғалаған солдаттарың, мынадай **пышақ үсті қатер** сәтте, **тобын жазбай түріле қашқанына** боқтық түгіл оқ арнауға болғандай-ақ еді [4; 7]. ... Тау суы **сүйек-сүйегіне өтіп** кетті. Ағараңдап келген көлеңке киіз бергенше **тісі тісіне тимей** қойды [4; 8]. ...Қазір сәске, отряд кеше **құтпанның қарасын** жамылып аттанған, содан әлі жоқ [4; 9]. ...Әлгі жұрт көп айтатын қан дабысы ма, әлде бүкіл Түркістан өлкесіндегі **мұрнын жүз соммен сүртеді** дейтін қалталылардың санатында санала бастаған дардай кісінің парлаған көз жасынан шіміркене ме, әкесі «қайран Сычевкалап» маңдайын төпелегенде мұның да жүрегі лүпілдеп кетер еді [4; 11]. ... Осылардың әйтеуір марқасқа болмысын, **екі иығына екі кісі мінгендей** еңгезерлігін жаратпайды...[4; 13]. ...**Түйеден түскендей** дүңк етпе сөзіне мұң сіңді қоңыр дауысы қиғаш кезікті..... Енді бүгін кеп **саба түбі сарқынды жасым қалғанда**, ақ патшаның ауыздығын қарш-қарш шайнаған күдері желке төресі дікектер екен деп **құрақ ұшар жайы** жоқ...[4; 16]. ...Әйтпесе қанша кәпір болғанмен, кәрәтілдің солдаттары **үкі тұлым балаға қол қатар** деймісің... Қайбір жылы кекілі қасын жапқан **ләмпәси құмар бала** еді, енді міне, бұл да қос етек көйлек, белін қынап німшә киетін болған [4; 48]. Ол кеткелі **сүт пісірім** уақыт өтті, Крейгель бірақ әлі оралған жоқ...[4; 50] ...Төреханның

көтеріп көшіріп жіберген қалың **ақ жаулығы** Қыземшектің табанында ерсілі-қарсылы жосыққаннан басқа әзірге береке көрсетіп жарытқан жоқ... [4; 46].

Бұдан басқа да тілдік амалдарды қолдану сипаты, жиілігі, стильдік мақсаты туралы көптеген мысалдар (шылаулар, одағай сөздер, жергілікті ерекшеліктердің кездесуі, сөйлем құрылысы, орын тәртібі) келтіруге болады. «Бесатар» шығармасындағы жазушының тілдік құралдарды қолдану тәсілі мен стильдік мақсатын зерделей келіп, оның қазақ тілінің шексіз мүмкіндіктерін ұтымды қолдана білгендігіне көз жеткіземіз. Асқар Сүлейменов өзіне сай «көркемдік әлем» жасаушы тілдік тұлға ретінде әдеби тілдің кемелденуіне, жетілуіне ат салысып, қомақты үлес қосқан жазушы дей аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қодар Ә. Асқарға тағзым немесе аузымыз қисайып қалар ма еді... Парасат падишасы. Асқар Сүлейменов туралы естелік кітап.- Алматы: Атамұра, 1998. – 336 б.

2. Серікқалиұлы З. Тектілік. «Қазақ әдебиеті», №10, 9.03.2001. – 4 б.

3. Сыздық Р. Асқардың сөз өрімі. Парасат падишасы. Асқар Сүлейменов туралы естелік кітап. - Алматы: Атамұра, 1998. – 336 б.

4. Сүлейменов А. Бесатар. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2009. – 352 б.

***

В статье рассмотрен язык прозы А. Сулейменова (по повести «Бесатар»).

***

Language of A. Suleimenov`s prose is considered in this article (by story «Besatar»)

УДК 82. 005

Каир Н.К.
магистрант ЗКГУ им.М.Утемисова

ДИСКУРСИВНОЕ ПРОСТРАНСТВО ПОЛИТИЧЕСКОЙ РЕЧИ

Испокон веков ораторский стиль речи вызывал интерес ученых. Начиная с античных времен (Аристотель, Цицерон, Перикл, Клеон, Георгий, Платон, Демосфен, Сократ), в эпоху Нового времени (М.В. Ломоносов) и до сегодняшнего дня. В условиях современного общества роль политического выступления приобретает особо важное значение.

Общественно-политическая речь представляет собой сложное многомерное явление. Ее научный анализ неизбежно вызывает сопряжение различных областей гуманитарного знания.

Политическая речь как форма публичной речи, произнесенной оратором, рассматривается в пределах данной статьи как процесс коммуникации и как один из видов социального действия, как само политическое действие. Поскольку политическая речь реализуется как действие, за которым, как правило, стоят достаточно широкие группы общества (партии, движения, организации), то предполагается и высокая степень ее общественного воздействия. Выступление перед большими группами людей имеет свои системные особенности и осуществляется по определенным правилам. Публичное выступление в целом ориентируется на существующие стандарты, такие как речевые, этические, эстетические, социальные и т.д. В данной статье мы попытаемся затронуть речевые стандарты и их влияние на дискурсивное пространство политической речи. Однако следует заметить, что сила речевого воздействия может достигаться как раз в результате нарушения этих норм.

Непосредственным объектом анализа данной статьи является ораторская речь политических деятелей. Это речи, произнесенные перед аудиторией в условиях непосредственного контакта между оратором и слушателями, к примеру, на митингах. К ораторским речам относятся также речи, зафиксированные с помощью современных технологий, дающих огромный простор для выбора способов фиксации речи (электронные носители, телевидение, радио, Интернет). В частности, становится очень популярным

создание политическими деятелями своих интернет блогов. Наряду с рассматриваемым нами дискурсивным пространством, имеется киберпространство, которое предполагает разграничение внемедийных и внутримедийных форм политической коммуникации. Исходя из разграничения внемедийных и внутримедийных средств политической коммуникации, к внемедийной форме можно отнести публичное выступление политического деятеля в ходе избирательной кампании, хотя при этом выступление может быть полностью или частично включено в телевизионную программу. Примером внутримедийной формы политической коммуникации является Talk-Show, которое непосредственно предназначено для телевидения с его многомиллионной аудиторией, и в котором велика роль модератора.

Естественно, в современном мире любое значимое событие становится предметом трансляции/репродукции в средствах массовой информации. Однако политическая речь, передаваемая в средствах массовой информации, а особенно - специально предназначенная для СМИ, обладает своей спецификой и дополнительными параметрами воздействия, которые подлежат специальному рассмотрению. За счет средств массовой коммуникации создается дополнительная аудитория, на которую направлено речевое произведение; использование широкого потенциала технических средств становится значительным мультиплицирующим фактором массового воздействия.

Все вышесказанное подлежит анализу, с одной стороны, в аспекте конституирующих, порождающих механизмов общественно-политической речи (ОПР), с другой стороны, в интерпретативном аспекте.

Именно в рамках ОПР наиболее наглядное выражение находят основные положения теории речевых актов и прагмалингвистики, в частности, относящиеся к проблеме значения.

Проблема значения на уровне отдельных слов, понятий, а также лозунгов-высказываний решается в контексте соответствующих концептуально-политических систем и имеет временную, локальную и рецептивную соотнесенность. Под рецептивной соотнесенностью понимается взаимодействие оратора/докладчика с целевой группой, на которую направлена данная речь.

В процессе интерпретации политической речи существенное значение имеет такой фактор, как «поиск изменяющейся точки зрения на изменяющийся мир». Для восприятия политической речи важно понятие point of reference. Оно охватывает время речи, время события и точку отсчета. Сюда же относится и понятие момент речи. Политическая речь часто конституируется из аргументативных реакций на уже сказанное, и это взаимодействие и последующее сцепление как раз и создают дискурсивное пространство политической речи. Политическая речь в значительной степени формируется из ранее продекламированных или опубликованных элементов дискурса. Оратор апеллирует к уже написанному или произнесенному, примыкает или конфронтирует с определенной политической традицией. В то же время каждая новая речь - это новое видение, новый взгляд и новая перспектива, но одновременно и новый «монтаж мира» причем не только в части конституирования, но и в части интерпретации: это способ отношения к миру, это разность морали и разность традиции, поэтому идентичные слова, примененные в различных системах, дают различный результат.

Политическая речь как речевое действие в значительной степени проявляется через систему используемой аргументации. В то же время аргументация речевого действия зависит от политического действия. В системе общественно-политической коммуникации аргументация и аргументативная стратегия выполняют особую функцию. По своей сути усложненность аргументативной системы прямо пропорциональна сложности механизмов общественного взаимодействия. Признаком современных демократических обществ является преобладание дискурсивных форм взаимодействия над директивными. Однако с другой стороны следует отметить, что директива также является дискурсом (текстом в его речевом взаимодействии).

Развитие и функционирование политического дискурса тесно связаны также с проблемой языковой политики и языкового регулирования. Функции языка как средства интеграции являются одновременно и средством завоевать и укрепить политическое господство. Изменения в политическом дискурсе могут иметь как плановый, так и внеплановый характер. Изменения могут быть предприняты политической группировкой для стабилизации своего господства. В этом случае можно говорить о попытке решить актуальные политические задачи в категории символов. Изменения

в политическом дискурсе могут быть также результатом и реакцией на новые внешние обстоятельства.

В результате изучения дискурса с позиции его спецификации внимание ученых стали привлекать отдельные специализированные дискурсивные формы, связанные с различными видами институциональной коммуникации: область медицины, права, торговли, различных консультативных и бюрократических служб.

Административно-управленческий и юридический дискурсы являются по своей природе схематизированными, нивелированными и нормированными. Дискурс политики более гибок, спонтанен, нативен и эмоционален. Специфическое отражение эти прагматические особенности находят в ораторской речи.

Сказанное выше означает, что существуют внутренние зависимости отдельных составляющих дискурса. Этим объясняется и такое явление, как «отягощенность» тех или иных внешне, казалось бы, нейтральных политических понятий. Тем не менее, они отягощены, потому что в связи с их употреблением могут возникать негативные ассоциации. Эти ассоциации основаны на том, что в дискурсивном пространстве сохраняется взаимодействие с другими сопутствующими составляющими и распространителями.

В настоящее время в политическом дискурсе наблюдается резкая смена парадигмы и одновременно новая дифференциация всего политического дискурса. Доминирующим мотивом последнего времени стал мотив реформ. Мотив реформ затрагивает все сферы жизни общества (здравоохранение, пенсионное обеспечение, структура экономики, университетское образование и т.д).

Таким образом, дискурсивное пространство разворачивается как реальность существующих элементов в их столкновении, в результате системы взаимодействий, взаимозависимостей и взаимовлияния. В процессе создания дискурса особое значение приобретают способы сцепления составляющих элементов, которые подчиняются риторической цели и общей политической интенции.

Эффективное речевое общение имеет особое значение в процессе использования языка для социально значимых целей, как это имеет место в области политики и дипломатии.

В настоящее время происходят новые процессы изменения речевых стратегий, заимствования и «перераспределения» ценностных ориентиров, а также новой дифференциации всего политического стиля. Эта новая динамика требует дальнейшего научного осмысления.

Список использованной литературы:

1. *Бюлер К. Теория языка. М., 1993.*
2. *Реале Д., Антисери Д. Западная философия от истоков до наших дней. СПб., 1997.*
3. *Рикер П. Конфликт интерпретаций. М. , 1995.*
4. *Тарский А. Введение в логику и методологию дедуктивных наук. Биробиджан, 2000.*
5. *Фуко М. Археология знания. Киев, 1996.*
6. *Шкловский В.М. Энергия заблуждений. М., 1981.*
7. *Юдина Т.В. Теория общественно-политической речи. М., 2001.*

***

Мақалада автор саяси қызметкерлердің шешендік сөйлеу мәнеріне талдау жасайды.

ҒЫЛЫМИ ӨМІР

НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде 2010 жылдың 30 қыркүйегінде **«Мектептегі әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық қызмет»** атты облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысының негізгі бағыттары төмендегідей болды:

1. Білім беру жүйесіндегі педагог-психолог және әлеуметтік педагог қызметінің аспектілері.
2. Қазіргі кезеңдегі білім алушыларының нәтижели әлеуметтенудің мәселелері.
3. Қазіргі бастауыш мектептегі педагогикалық технологиялар мен әдістемелер.

***

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде 2010 жылдың 20 қазанында XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын – Жұбан Молдағалиевтың туғанына 90 жыл толу мерейтойына арналған **«Жұбан оқулары»** атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Конференцияның пленарлық мәжілісін М. Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры, академик Т.З. Рысбеков ашты. Конференцияға ақын А. Бақтыгереева, Қ. Жұмағалиев, өлкетанушы ғалым Ж. Ақбай, филология ғылымдарының докторы, профессор А. Мұсаев, профессор Т. Рысқалиев және т.б. әдебиеттанушы ғалымдар қатысты.

Ғылыми-практикалық конференция жұмысының негізгі бағыттары:

1. Жұбан және қазіргі филология ғылымдарының өзекті мәселелері.
2. Жұбан тағылымы және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың дамуы.
3. Жұбан ұлағаты және педагогикалық-психологиялық ғылымдар көкжиегі.
4. Жұбан тәлімі және білім беру жүйесіндегі жеке адам тәрбиесінің алғышарттары.
5. Жұбан қайраткерлігі және тарихи-құқықтық құндылықтардың қоғамдық рөлі.
6. Жұбан көзқарасы және жаратылыстану ғылымдарының жаңа жүйедегі даму белсенділігі.

Конференция алты бағыт бойынша бөлініп, екі секцияға біріктірілген еді.

I секцияда Жұбан және қазіргі филология ғылымдарының өзекті мәселелері жөнінде сөз болса, II секция Жұбан ұлағаты және қазіргі білім беру, педагогикалық-психологиялық ғылымдар көкжиегі деген тақырыппен оздырылды.

***

4 ноября 2010 года в Западно-Казахстанском государственном университете им.М.Утемисова проходила областная научно-практическая конференция **«180 лет Болдинской осени А.С.Пушкина»**.

К конференции подготовлены доклады, представляющие собой историко-краеведческие аспекты изучения творчества А.С.Пушкина, литературоведческий и лингвистический анализ произведений, выявление пушкинских традиций, мотивов и реминисценций в литературных произведениях Х1Х-ХХ веков.

Среди выступивших – ученые ЗКГУ, преподаватели Западно-Казахстанского аграрного университета, преподаватель профессионального лицея №9 п.Жанибек, учителя Переметнинской СОШ Зеленовского района и СОШ №41, две ученицы СОШ №28, студентка четвертого курса ЗКГУ.

***

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіндегі студенттік өзін-өзі басқару ұйымының құрылғанына 5 жыл толуына байланысты 2010 жыл желтоқсан айының 8 күні **«Жоғары оқу орындарында студенттік өзін-өзін басқару ұйымын құрудың тиімділігі, тәжірибесі, проблемалары мен перспективалары»** атты облыстық конференция өткізілді.

Конференция жұмысының негізгі бағыттары мынадай болды:

1. Жастар - Елбасының саясатын жүзеге асыратын негізгі күш.
2. Өзін-өзі басқару жүйесінің патриотизмді дамытудағы рөлі.
3. Болашаққа құзыретті кадрларды даярлаудағы жоғары оқу орнындағы өзін-өзі басқару жүйесінің маңызы.

***

2010 жылдың 11 қарашасында БҚО ішкі саясат басқармасы, облыстық Табиғи ресурстарды пайдалану және реттеу басқармасы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ қолдауымен **«Жас ғалым - 2010» облыстық инновациялық жобалар конкурсы** өткізілген болатын.

Конкурс мақсаты - Дарынды және ынталы жас ғалымдарды инновацияның дамуына өз үлестерін қосуға жұмылдырып, олар ұсынған жаңа жобалардың жүзеге асуына мүмкіндіктер жасау. Оқушылар, студенттер арасында инновациялық ойдың жетілуіне, олардың ғылыми іздену талпынысына тарту болатын.

Облысымызда жарияланған оқушылардың, студенттердің, жас ғалымдардың арасында облыстық «Жас ғалым-2010» инновациялық

жобалар конкурсына 105 жоба тапсырылды, олардың 74-і іріктеу кезеңінен өтіп, өз жобаларын конкурс комиссиясының алдында қорғауға мүмкіндік алған еді. Атап айтсақ: М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дан 6 жас ғалым, 26 студент, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дан 1 жас ғалым, 7 студент, БҚИТУ-дан 10 жас ғалым, 19 студент, Орал газ және салалық технологиялар колледжі мен КазУИТС-дан 3 студент, №43 мектептен 5 оқушы, №34 мектеп-гимназиясынан 1 оқушы қатысты. Конкурс қорытындысы бойынша 36 жобаның авторлары жүлделі I, II, III орындарға ие болды, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Қалған қатысушылар алғыс хатқа ие болды.

Конкурс Инженерлік және конструкторлық жобалар, Экология және биотехнология жобасы, Әлеуметтік маңызды инновациялық жоба, IT технологиялар және электронды өнімдер секциялары бойынша өтті.

***

«Болашақ жастар үшін» жобасы бойынша М. Өтемісов атындағы БҚМУ-де төртінші аймақтық семинар өтті (Орал, Атырау, Ақтау, Ақтөбе). Семинар бағдарламасында келесі тақырыптар қамтылды: «Юридические аспекты индустриально-инновационного развития», «Повышение конкурентоспособности человеческого капитала в условиях инновационной экономики», «Влияние Таможенного союза на экономику Республики Казахстан», «Управление человеческими ресурсами: создание благоприятной атмосферы в коллективе», сонымен қатар Ресейден келген жаттықтырушылар топ алдында сөйлеу шеберлігі бойынша тренингтер өткізді.

Дәріс оқуға Астана қаласынан Альжанов Аян Жеңісұлы – «Болашақ» Қауымдастығының жоба менеджері, Джаненова Динара Төлегенқызы – ҚР Мемлекеттік қызметі істері бойынша агенттігінің кадрлық қамтамасыз ету департаменті бастығының орынбасары, «Болашақ» Қауымдастығы Кеңесінің мүшесі, Джанибеков Дияс Асқаруұлы – БҚО кәсіпкерлік және өндіріс басқармасы бастығының орынбасары келіп қатысты.

М. Өтемісов атындағы БҚМУ–дан қызметкерлер: Н.Жакиев, М.Мухамбетов, С.Муканов, магистранттар: М.Молдагалиева, А.Таниева, Е.Абдугаллиева, О.Чукалина, студенттер: А.Жаксыгалиева, Г. Набиева, Г. Жахиева, Г.Мұқанова, колледж оқушысы: Н.Даупаев қатысып, сәйкес сертификаттарға ие болды.

***

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде 2010 жылдың 22 қарашасында Қазақстан халқы Ассамблеясының 15 жылдығына арналған **«Жаңандану жағдайындағы Қазақстанның ұлтаралық келісімінің тарихы»** атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияда жаңандану жағдайындағы түркі әлемінің тарихи-мәдени келбеті, XXI ғ. Қазақстан мәдениеті мен

Қазақстандағы конфессияаралық қатынастардың үйлесімді дамуындағы мемлекеттің рөлі бағыттарындағы мемлекеттің өзекті мәселелері қозғалды.

Конференцияның пленарлық мәжілісінде БҚМУ ректоры Т.З.Рысбеков сөз сөйлеп, БҚО Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық басшысы Қ.Т.Төлебаев, «Орыс мәдениеті орталығы» қоғамдық бірлестігінің кеңес төрағасы, өнертану ғ.к. С.М.Погодин, «Достық» жастар қоғамдық бірлестігінің төрайымы О.Голубева баяндамалар оқыды. Сонымен қоса жиынға облыстық және қалалық мекеме басшылары, ұлттық мәдени орталық өкілдері қатысты.

Конференцияда Қазақстанның ішкі және сыртқы ұлтаралық келісімі мен татулығы, қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы этносаралық және конфессияаралық қатынастар жайындағы мәселелері қаралып, бұл қатынастардың үйлесімді дамуындағы мемлекеттің рөлі турасында сөз қозғалды.

***

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ұйымдастыруымен 2010 жылдың 24-26 қараша күндері аралығында студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары (СҒЗЖ) конкурсының университетішілік кезеңі сәйкес факультеттерде өтті.

Конкурстың мақсаты дарынды және ізденімпаз студенттерге қолдау көрсету болатын.

Конкурс келесі ғылым бағыттары бойынша өтті:

1. Физика;
2. Математика;
3. Информатика және ақпараттық жүйе;
4. Биология;
5. Химия;
6. География;
7. Педагогика және психология;
8. Дене шынықтыру және спорт;
9. Алғашқы әскери даярлық;
10. Қазақ тілі және әдебиеті;
11. Орыс тілі және әдебиеті;
12. Шетел тілдері филологиясы;
13. Тарих;
14. Құқықтық пәндер;
15. Туризм;
16. Экономика;
17. Қаржы;
18. Есеп және аудит;
19. Музыкалық білім беру;
20. Театрлік-хореографиялық өнер;
21. Көркем-қолданбалы және бейнелеу өнері.

***

VII Азиада ойындары қарсаңында 2010 жылдың 3 желтоқсан күні өткен **«Дене шынықтыру пәнінің даму бағыттары»** атты халықаралық конференция Ресей, Қазақстан, Орал қалалары мен облыстарының педагог-ғалымдарының назарын аударған маңызды шара болды. Конференция барысында ЖОО-ның оқытушылары мен мектептегі дене шынықтыру мұғалімдері, түрлі дәрежедегі жаттықтырушы-бапкерлер, мектеп әкімшілігі мен университет және колледж студенттері қатысты. Аталмыш шараны университеттің халықаралық байланыстар және ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры Ә.Қ. Мұқтар алғы сөз сөйлеп ашты. Әрі қарай пленарлық мәжілісте түрлі тақырыптардағы 8 баяндама тыңдалды. Конференцияның «Дене тәрбиесі және спорт негізін қалыптастыру мәселелері», «Салауатты өмір салты мәселелері», «Оқушы жастардың әскери-патриоттық тәрбиесі мәселелері» тақырыптарында 3 секция бойынша 70-ке жуық баяндамалар тыңдалды.

Ресейден шақырылған ғалымдар, Белгород қаласынан келген педагогика ғылымдарының докторы, Белгород мемлекеттік университетінің дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының профессоры, Ұлттық зерттеу университеті, Ресей жаратылыстану академиясының мүшесі, корреспондент Собянин Ф.И., педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик Горелов А.А., Саратов қаласынан келген педагогика ғылымдарының докторы Озерова Р.И., Сәтбаев атындағы ұлттық техникалық университеті, жоғары санаттағы ұлттық төреші Чивжель В.А., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен Поспорина С.Г., Бауман атындағы Мәскеу мемелекеттік техникалық университетінің аға оқытушысы Жукова Е.Н. қатысқан болатын.

«Оқушы жастардың әскери-патриоттық тәрбиесі мәселелері» атты секция қатысушыларға жағымды әсер қалдырды.

***

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

ПЕДАГОГИКА

Мымрина Н.В., Кузьмичёва А.Е., Латанова М.С.
КОМПЕТЕНТНОСТНЫЙ ПОДХОД К ОБРАЗОВАНИЮ.....3
Насс О. В.
КОМПЬЮТЕРНАЯ РЕАЛИЗАЦИЯ ДИДАКТИЧЕСКИХ ПРИНЦИПОВ НА ПРИМЕРЕ КОМПЬЮТЕРНЫХ СРЕДСТВ ДЛЯ СРЕДНЕ СПЕЦИАЛЬНЫХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ.....……11
Завадская Л.Н.
ПСИХОФИЗИОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ СТУДЕНТОВ, ОБУЧАЮЩИХСЯ ПО КРЕДИТНОЙ ТЕХНОЛОГИИ.....22
Даулеткалиева К.Н., Толкачева Л.А.
ЭКОНОМИКАЛЫҚ БІЛІМ - ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚҰРАМДЫ БӨЛІГІ.....32
Турчин А.С.
УРОК КАК ОБЪЕКТ ИССЛЕДОВАНИЯ ШКОЛЬНОГО ПСИХОЛОГА…….....39
Ремезова Л.А.
ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ У СТАРШИХ ДОШКОЛЬНИКОВ С КОСОГЛАЗИЕМ И АМБЛИОПИЕЙ ПОЗНАВАТЕЛЬНОГО ИНТЕРЕСА К КОНСТРУКТИВНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ…….....46
Капичникова О.Б., Капичников А.И.
ИННОВАЦИОННАЯ ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ.....……55
Джусубалиева Д.М., Кунанбаева Д.А.
ИНФОРМАЦИОННО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДА КАК УСЛОВИЕ ПЕРСОНИФИКАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ.....62
Касымова А.Х.
БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ.....……..……..71

Кунанбаева Д.А.
ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА В ВЫСШЕЙ ШКОЛЕ.....74
Обыденкина Л.В.
ИНТЕГРАТИВНЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ МЕТОДИЧЕСКОГО ПОРТАЛА КАК ФОРМЫ РАЗВИТИЯ КОМПЕТЕНЦИЙ РАБОТАЮЩИХ ПЕДАГОГОВ НА НЕПРЕРЫВНОЙ ОСНОВЕ.....81
Кажимова Қ.Р.
СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМІН ТЕКСЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ.....88
Ергалиева Г.А. , Акмуханов Е.У.
МЕКТЕПТЕРДЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ.....92
Ергалиева Г.А., Баекесова Г.К.
СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІПТІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ.....100
Айтқалиева Қ.Д., Мұқанбетова Ж.Т.
«МӘДЕНИ-ТЫНЫҒУ ЖҰМЫСЫ» МАМАНДЫҒЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРГЕ ХОРЕОГРАФИЯ САБАҒЫН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....110

ТАРИХ ИСТОРИЯ

Шынтемірова Б.Ғ.
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭТНИКАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚТАР ЖӘНЕ ҰЛТ САЯСАТЫ……..116
Муханбеткалиев Х.С.
ИСТОРИОГРАФИЯ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ И БАУЫРЖАН МОМЫШУЛЫ.....126
Исмаилов А.И.
УЧЕНИЕ АЛЬ-ФАРАБИ АКТУАЛЬНО ВСЕГДА.....136
Тасмагамбетов А.С.
ОСОБЕННОСТИ ПРАВОСЛАВНОГО МИССИОНЕРСТВА В ЗАПАДНОМ КАЗАХСТАНЕ В XIX ВЕКЕ.....139
Адельбаева Н.А.
ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ И СТАНОВЛЕНИЯ ШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В СЕМИРЕЧЕНСКОЙ И СЫР-ДАРЬИНСКОЙ ОБЛАСТЯХ В XIX – нач. XX вв……145

Исенов Ө.
ТАБЫН БӨКЕНБАЙ БАТЫР ЖӘНЕ ОДАН ТАРАҒАН ТАРХАНДАР ӘУЛЕТІ.....154
Кыдыралина Ж.У.
БОЛЬШЕВИЗМ И КАЗАХСКИЙ «НАЦИОНАЛИЗМ»: ИМПЕРСКАЯ ИДЕОЛОГИЯ И НАЦИОНАЛЬНЫЕ ИНТЕРЕСЫ……167
Таскужина А.Б.
ФОРМИРОВАНИЕ КАЗАЧЬИХ ВОЙСК НА ТЕРРИТОРИИ СРЕДНЕГО ЖУЗА В XVIII в……..174
Кульшанова А.А.
ФУНКЦИИ И КОМПЕТЕНЦИИ ВЫСШИХ ОРГАНОВ ВЛАСТИ В КАССР В 20-Е ГОДЫ XX в……..180
Әбуов Ә.Е., Қалиев Ж.Н.
БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ.....185
Галеев Д.Ж.
СТАНОВЛЕНИЕ ВООРУЖЕННЫХ СИЛ КАЗАХСТАНА: ИСТОРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ……192
Өтениязов С.
ХУНДАРДЫҢ ҚАЛА МӘДЕНИЕТІ.....198
Калыш А.Б.
ИСТОРИЧЕСКИЕ И ЭТНОСОЦИОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ БРАЧНОГО ВОЗРАСТА НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА……..210
Есеева Г.Н.
ВОПРОСЫ ГРАМОТНОСТИ РУССКОГО НАСЕЛЕНИЯ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА В ДОРЕВОЛЮЦИОННЫЙ ПЕРИОД……..221
Аманбаев А.С.
ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ДВИЖЕНИЯ И ГОСУДАРСТВА: СОСТОЯНИЕ, ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ……...229
Жаркенова А.М.
ИЗМЕНЕНИЯ В ЧИСЛЕННОСТИ И ДЕМОГРАФИЧЕСКОЙ СТРУКТУРЕ НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА В ПЕРИОД ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ……...239
Ералина А.
РАЗВИТИЕ ЯРМАРОЧНОЙ ТОРГОВЛИ В г.ТУРГАЕ И ТУРГАЙСКОМ УЕЗДЕ В НАЧАЛЕ XX ВЕКА.....244

Базарова Б.
МЕМЛЕКЕТ ИМИДЖІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....250

ФИЛОЛОГИЯ

Мұхамбетқалиева Р.Қ.
ЕЛДЕСТІРГЕН ЕЛШІНІҢ ЖАУЛАРЫН ҚИСЫНМЕН АЛУЫНЫҢ ӘДЕБИЕТТЕГІ КӨРІНІСІ.....255
Мутиев З.
ҚАЗАҚ ӨЛЕҢІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ СЫННЫҢ КҮШ-ҚҰРАЛЫ (ТӨЛЕГЕН ТОҚБЕРГЕНОВ СЫНШЫЛЫҒЫ МЫСАЛЫНДА).....264
Жапбарова Г.А.
ТІЛДЕСІМ МӘДЕНИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗІ.....269
Габдешева А.Е.
МИРОВАЯ ЛИТЕРАТУРА НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ:
К ВОПРОСУ О КАЗАХСКИХ ПЕРЕВОДАХ КИПЛИНГА……..276
Тулеуова Ә. М.
АСҚАР СҮЛЕЙМЕНОВ ПРОЗАСЫНЫҢ ТІЛІ («Бесатар» повесі бойынша).....280
Каир Н.К.
ДИСКУРСИВНОЕ ПРОСТРАНСТВО ПОЛИТИЧЕСКОЙ РЕЧИ……288

ҒЫЛЫМИ ӨМІР - НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ.....293

АВТОРЛАР ҮШІН МӘЛІМЕТ

МАҚАЛАНЫҢ ДАЙЫНДАЛУ ТӘРТІБІ

«БҚМУ хабаршысы» жинағына жариялауға қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде мақалалар қабылдайды, ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстар гуманитарлық, жаратылыстану, экономикалық, өнертану, техникалық ғылымдар, білім мәселелері, сонымен бірге университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қызметі, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының мәселелері мазмұнын құрайды.

Журналға бағытталған мақала (компьютерлік мәтін көлемі 8 бет) USB-жинағышы, CD-R дискімен (мәтіннің қолжазба түрінде, 1,0 интервалымен, 16 шрифтісінен кем емес, және бір данасы А4 формат қағазында) берілуі керек.

Суреттегі берілген барлық әріп және сандық белгілер ең басты және сурет астындағы мәтінде түсіндірілуі қажет. Қолжазбадағы суреттері бар беттері мен мәтін беттері нөмірленген болуы керек. Мәтін мұқият тексерілген және редакцияланған болуы қажет. Сканерленген мәтіндер, грамматикалық және техникалық қателері бар мақалалар жинаққа енгізілмейді.

«БҚМУ хабаршысы» ғылыми журналына дайындық кезінде материалдарды жариялауға автор туралы мәлімет көрсетілуі қажет (аты-жөні (толық), ғылыми атағы, дәрежесі, лауазымы, жұмыс орны, мекен-жайы, тел.), ӘОЖ нөмірі, ішкі және сыртқы рецензиясы (жариялауға ұсынылған ғылыми жұмыстың ғылым кандидаты және докторларының сын-пікірлері болуы керек), түйін (мемлекеттік тілде жарияланатын мақалаға - орыс және ағылшын тілінде, басқа тілде жарияланатын мақалаға - мемлекеттік, орыс және ағылшын тілінде), жариялауға төленген түбіртек міндетті түрде болуы қажет.

Мақаланы жариялауға эксперттік комиссия бекіткен ғылыми-техникалық Кеңестің эксперттік тұжырымдамасы болуы керек.

Материалдар белгіленген тәртіп бойынша сай келмесе, жариялауға қабылданбайды. Қолжазбалар редакция көзқарасын білдірмейді және авторларға кері қайтарылмайды.

К СВЕДЕНИЮ АВТОРОВ

ПРАВИЛА ОФОРМЛЕНИЯ СТАТЬИ

Для публикации в «Вестнике ЗКГУ» принимаются статьи на казахском, русском, английском языках, содержащие результаты научных и научно-методических работ в области гуманитарных, естественных, экономических, искусствоведческих, технических наук, посвященных проблемам образования, а также материалы, отражающие деятельность различных структурных подразделений университета, вопросы социально-экономического развития региона.

Статья (объемом 8 страниц компьютерного текста), направляемая в журнал, представляется на дисках CD-R, USB-накопитель (с обязательной распечаткой текста, шрифтом не менее 16, 1,0 интервалом и графики на бумаге в одном экземпляре на формате А4).

Все буквенные и цифровые обозначения, приведенные на рисунках, необходимо пояснить в основном или подрисуночном тексте. Страницы рукописи должны быть пронумерованы, включая листы с рисунками. Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован. Сканированные тексты с грамматическими и техническими ошибками не будут включены в сборник.

При подготовке материалов к опубликованию в научном сборнике «Вестник ЗКГУ» обязательным условием является представление сведений об авторе (ф.и.о. (полностью), ученая степень, звание, должность, место работы, адрес, тел.), номер УДК, внутренней и внешней рецензии (публикуемые в издании научные работы должны быть рецензируемы кандидатами наук и докторами), резюме (статьи, публикуемой на государственном языке, должно быть на русском и английском языках, статьи, публикуемой на других языках – на государственном, русском и английском языках), наличие квитанции оплаты за публикацию.

Решение о возможности опубликования статьи подтверждается экспертной комиссией научно-технического Совета актом экспертного заключения.

Материалы, не соответствующие данным требованиям, к публикации не принимаются. Рукописи не рецензируются и не возвращаются авторам.

АВТОРЛАРДЫҢ ТҮПНҰСҚАСЫМЕН БАСЫП ШЫҒАРЫЛДЫ

ОТПЕЧАТАНО С ОРИГИНАЛОВ АВТОРОВ

Редакторы-Редактор:
Р.Р. Кужалиева
Корректоры-Корректор:
С.А. Беккужиева

Материалдарды компьютерде беттеген
Верстка и изготовление оригинал-макета
Е.Е. Панова, Д.М. Тулепова, А.Е. Павленко, Ж. А. Сарсенгалиева

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, 2010
090000, Орал, Сарайшық көшесі, 34
т.: 50-76-52

Басуға 15.12.2010 ж. қол қойылды.
Офсет қағазы. Көлемі 18,9 б.т.
Таралымы 550 дана. Тапсырыс № 21

Подписано в печать 15.12. 2010 г.
Бумага офсетная.
Объем 18,9 п.л. Тираж 550 экз.
Заказ № 21

Западно-Казахстанский государственный университет им. М.Утемисова, 2010
090000, Уральск, ул.Сарайшик, 34
т.: 50-76-52